

Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік білім беруді дамытудың 2023 – 2029 жылдарға арналған тұжырымдамасын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 28 наурыздағы № 249 қаулысы.

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік білім беруді дамытудың 2023 – 2029 жылдарға арналған тұжырымдамасы (бұдан әрі – Тұжырымдама) бекітілсін.

2. Тұжырымдаманы іске асыруға жауапты орталық мемлекеттік және жергілікті атқарушы органдар, мүдделі ұйымдар (келісу бойынша):

1) Тұжырымдаманы іске асыру жөнінде қажетті шаралар қабылдасын;

2) Тұжырымдаманы іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспарының уактылы орындалуын қамтамасыз етсін;

3) есепті жылдан кейінгі жылдың 15 сәуірінен кешіктірмей Қазақстан Республикасының Оқу-ағарту министрлігіне Тұжырымдаманың іске асырылу барысы туралы ақпарат ұсынып тұрсын.

3. Алып тасталды - ҚР Үкіметінің 13.06.2024 № 465 қаулысымен.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Оқу-ағарту министрлігіне жүктелсін.

5. "Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2022 – 2026 жылдарға арналған тұжырымдамасын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2022 жылғы 24 қарашадағы № 941 қаулысының күші жойылды деп танылсын.

6. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Ә. Смайылов

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2023 жылғы 28 наурыздағы
№ 249 қаулысымен
бекітілді

Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік білім беруді дамытудың 2023 – 2029 жылдарға арналған тұжырымдамасы

1-бөлім. Паспорт (негізгі параметрлер)

2-бөлім. Ағымдағы жағдайды талдау

1-тарау. Мектепке дейінгі тәрбие беру мен оқыту

2-тарау. Орта білім беру

3-тарау. Техникалық және кәсіптік білім беру

4-тарау. Балалардың қауіпсіздігі, олардың құқықтары мен мүдделерін қорғау

5-тарау. Білім беру ұйымдарында тәрбие жұмысын ұйымдастыру және қосымша білім беру

6-тарау. Педагог мәртебесі

7-тарау. Білім беру сапасын бағалау

3-бөлім. Халықаралық тәжірибеге шолу

4-бөлім. Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2023 – 2029 жылдарға арналған пайымы

5-бөлім. Негізгі қағидаттар мен тәсілдер

1-бағыт. Балабақша – жайлылық пен даму мекені

1-параграф. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға қолжетімділікті кеңейту

2-параграф. Мектепке дейінгі білім беру ұйымдарындағы мазмұнды Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың жаңа моделі шеңберінде жаңғырту

3-параграф. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту саласын көшбасшылық негізінде басқару тиімділігін арттыру

2-бағыт. Әр мектеп – үздік мектеп

1-параграф. Орта білім беру мазмұнын жетілдіру

2-параграф. Ерекше білім беруді қажет ететін балалар үшін орта білімнің қолжетімділігі

3-параграф. Инфрақұрылымды дамыту және мектептерді жаңғырту

3-бағыт. Техникалық және кәсіптік білім беру – жұмысшы кадрларды даярлайтын негізгі буын

1-параграф. Техникалық және кәсіптік білімге сапалы және кедергісіз қолжетімділікті қамтамасыз ету

2-параграф. Техникалық және кәсіптік білімнің мазмұнын жаңғырту және сапасын арттыру

3-параграф. Шарттарды жаңарту және жұмыс берушілерді техникалық және кәсіптік білім беруге тарту

4-параграф. Техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарының қаржылық орнықтылығын арттыру және нысаналы қолдау

5-параграф. Техникалық және кәсіптік білім беруді цифрландыру

4-бағыт. Балалардың құқықтары мен мүдделерін қорғау, баланың қауіпсіз өмір сүру жағдайын қамтамасыз ету

1-параграф. Балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету бойынша кешенді шараларды іске асыру

2-параграф. Жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалардың құқықтарын қорғау

3-параграф. Білім алушыларға әлеуметтік қолдау көрсету

4-параграф. Балалар мен олардың ата-аналарының құқықтық сауаттылығын арттыру

5-бағыт. Қазақстандықтардың жаңа буынын тәрбиелеу

1-параграф. Білім алушылардың жалпыадамзаттық құндылықтары мен эмоционалдық интеллектін дамыту

2-параграф. Қосымша (формальды емес) білім беру арқылы бала қабілеттерін қызығушылықтары бойынша дамыту

6-бағыт. Педагогтердің кәсіптік және мәдени капиталын арттыру

1-параграф. Педагогтерге қолайлы жағдайлар жасау

2-параграф. Педагогтермен қамтамасыз ету және колледждерде педагогикалық білім беруді жаңғырту

3-параграф. Педагогтің үздіксіз кәсіби дамуы

7-бағыт. Білім беру сапасын жүйелі деңгейде қамтамасыз ету

1-параграф. Сапаны ішкі қамтамасыз ету жүйесі

2-параграф. Сапаны сыртқы қамтамасыз ету жүйесі

3-параграф. Сапа мәдениетін және академиялық адалдықты қалыптастыру

6-бөлім. Нысаналы индикаторлар және күтілетін нәтижелер

Қосымша: Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік білім беруді дамытудың 2023 – 2029 жылдарға арналған тұжырымдамасын іске асыру жөніндегі іс-қимыл жоспары

Ескерту. Мазмұнға өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 13.06.2024 № 465 қаулысымен.

1-бөлім. Паспорт (негізгі параметрлер)

Ескерту. Паспортқа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 13.06.2024 № 465 қаулысымен.

Тұжырымдаманың атауы	Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік білім беруді дамытудың 2023 – 2029 жылдарға арналған тұжырымдамасы (бұдан әрі – Тұжырымдама)
Өзірлеу үшін негіздеме	"Білім туралы" Қазақстан Республикасының Заңы; Мемлекет басшысының 2020 жылғы 1 қыркүйектегі "Жаңа жағдайдағы Қазақстан: іс-қимыл кезеңі" атты Қазақстан халқына Жолдауы; Мемлекет басшысының 2021 жылғы 1 қыркүйектегі "Халық бірлігі және жүйелі реформалар – ел өркендеуінің берік негізі" атты Қазақстан халқына Жолдауы; Мемлекет басшысының 2022 жылғы 1 қыркүйектегі "Әділетті мемлекет. Біртұтас ұлт. Берекелі қоғам" атты Қазақстан халқына Жолдауы; "Қазақстан Республикасының 2025 жылға дейінгі Ұлттық даму жоспарын бекіту және Қазақстан Республикасы Президентінің кейбір

	жарлықтарының күші жойылды деп тану туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2018 жылғы 15 ақпандағы № 636 Жарлығы; "Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік жоспарлау жүйесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2017 жылғы 29 қарашадағы № 790 қаулысы; Қазақстан Республикасы Президентінің "Әділетті Қазақстан: бәріміз және әрқайсымыз үшін. Қазір және әрдайым" сайлауалды бағдарламасы
Тұжырымдаманы әзірлеуге жауапты мемлекеттік органдар	Қазақстан Республикасының Оқу-ағарту министрлігі
Тұжырымдаманы іске асыруға жауапты мемлекеттік органдар	Қазақстан Республикасының Оқу-ағарту министрлігі; Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика министрлігі; Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі; Қазақстан Республикасының Ғылым және жоғары білім министрлігі; Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігі; Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі; Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігі; Қазақстан Республикасының Туризм және спорт министрлігі; Қазақстан Республикасының Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігі; Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігі; Қазақстан Республикасы Өнеркәсіп және құрылыс министрлігі; Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігі; Қазақстан Республикасының Төтенше жағдайлар министрлігі; Қазақстан Республикасының Энергетика министрлігі; Қазақстан Республикасының Экология және табиғи ресурстар министрлігі; Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қызмет істері агенттігі; облыстардың, Астана, Алматы және Шымкент қалаларының әкімдіктері
Іске асыру мерзімдері	2023 – 2029 жылдар

2-бөлім. Ағымдағы жағдайды талдау

1-тарау. Мектепке дейінгі тәрбие беру мен оқыту

Ескерту. 1-тарауға өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 13.06.2024 № 465 қаулысымен.

Қазақстанның білім беру саласындағы мемлекеттік саясаты әрбір бала өмірінің сәтті бастамасы ретінде сапалы мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға (бұдан әрі – МТО) тең қолжетімділікті қамтамасыз етуге бағытталған.

МТО-ны қамтамасыз етудің құқықтық негіздері мен мемлекеттік саясаттың негізгі қағидаттары "Білім туралы" Қазақстан Республикасының Заңында айқындалған, оған сәйкес білім беру жүйесінің бірінші деңгейі отбасында немесе 1 жастан бастап бірінші сыныпқа қабылданғанға дейін меншік нысанына қарамастан мектепке дейінгі ұйымда жүзеге асырылады.

Нобель сыйлығының лауреаты, профессор Джеймс Джозеф Хекманның зерттеуі балалар өмірінің алғашқы бес жылында оқу және даму әлеуеті аса жоғары екенін және оларға салынған инвестицияны барынша ақтайтынын көрсетті. Балалардың ерте дамуына салынған инвестициялардың қайтарымы 13 %-ды құрайды. Баланың ерте дамуына жұмсалған ресурстардың оның болашақ мансабының табысты болуына әсері кәсіптік білім беруге жұмсалған ресурстардан 3 есе жоғары.

Сонымен қатар бала өмірінің осы кезеңі адамның дамуы үшін ең тиімді кезең болып табылады және осы кезеңде "жіберіп алынған уақыт" баланың дамуы үшін де, жалпы экономика үшін де кері салдарын тигізеді. Бұл факті ескерілмеген жағдайда ЖІӨ-нің жылына 3-7 %-ға дейін жоғалуына әкеледі. PISA зерттеуінің нәтижелері балаларды МТО-мен ерте жастан қамту баланың мектептегі үлгеріміне оң әсер ететінін көрсетті. PISA-2022 нәтижелеріне сәйкес балабақшаға үш жылдан және одан астам уақыт барған қазақстандық білім алушылардың орташа балы 433 балды құрады, ал балабақшаға бір жылдан аз уақыт барған білім алушылар 391 балл деңгейінде нәтиже көрсеткен.

Әрбір баланың бастауыш мектепте білім алуы үшін тең бастапқы мүмкіндіктер жасаудың маңызды шарты МТО қолжетімділігін кеңейту болып табылады. Осыған байланысты балаларға орын бөлудің ашықтығын қамтамасыз ету мақсатында "Мектепке дейінгі ұйымдарға жіберу үшін мектеп жасына дейінгі балаларды (6 жасқа дейін) кезекке қою" мемлекеттік қызмет көрсету процесі автоматтандырылды.

Соңғы үш жылда мектепке дейінгі ұйымдарға кезек күту саны 1,5 есеге азайды: 2020 жылы туғаннан бастап 6 жасқа дейін кезекте 446176 бала тұрса, 2022 жылы бұл көрсеткіш 289758 баланы құрады. Олардың ішінде 131,5 мың бала 2-6 жаста, оның ішінде қалалық жерде – 105,8 мың, ауылдық жерде – 25,7 мың, 15,7 мың бала 3-6 жаста, оның ішінде қалалық жерде – 10,4 мың, ауылдық жерде – 5,3 мың).

Ұлттық білім беру дерекқорына (бұдан әрі – ҰБДҚ) сәйкес 2022 жылдың соңында республикада 11104 мектепке дейінгі ұйым жұмыс істеді, бұл 2020 жылмен салыстырғанда 454 бірлікке артық. 2022 жылдың соңында осы ұйымдарға 965204 бала, ал 2020 жылы 885033 бала барды. Осылайша 2020 – 2022 жылдар кезеңінде мектепке дейінгі ұйымнан орын алуға кезекте тұрған 80 мыңнан астам бала МТО-ға қол жеткізді.

Мектепке дейінгі ұйымдар желісінің кеңеюі 2 жастағы балаларды көбірек қабылдауға мүмкіндік берді. Мәселен, 2022 жылы 2-6 жастағы балаларды МТО-мен

қамту 89,4 %-ды құраса, 2021 жылдағы бұл көрсеткіш 1 %-ға аз. 2022 жылы 3-6 жастағы балаларды МТО-мен қамту 98,5 %-ды құрады (2021 жыл – 98,3 %). Аумақтардың қайта ұйымдастырылуына, халықтың тығыздығына және көші-қон процесстеріне байланысты Алматы (92,9 %), Жетісу (98,0 %), Түркістан (99,3 %), Ұлытау (89,5 %) облыстарында, Астана (99,2 %) және Алматы (94,6 %) қалаларында 3-6 жастағы бүлдіршіндер 100 % қамтамасыз етілмеген. Халық тығыз орналасқан елді мекендердегі, көші-қон ағыны мен бала туу деңгейі жоғары өңірлердегі мектепке дейінгі ұйымдарда орын тапшылығына байланысты проблемалар бар.

Балаларды мектепалды даярлықпен қамту ұлғаюда. Мысалы, 2022 жылдың соңында 214238 баланы қамтитын 6864 мектепалды тобы бар 3680 балабақша жұмыс істеді. Бұдан басқа, еліміздің 5743 мектебінде 174408 бала мектепалды даярлықпен қамтылды. Мектепалды топтары бар шағын орталықтар саны 739 бірлікке жетіп, 15091 баланы қамтыды. Осылайша балабақшаларда, шағын орталықтар мен мектептердегі мектепалды топтарда 403737 бала үшін (95,8 %) мектепалды даярлық ұйымдастырылған, бұл 2020 жылмен салыстырғанда 68413 балаға көбейген.

Жаңа орындардың пайдалануға берілуіне, балабақшалардың ашылуына, МТО-мен қамтудың ұлғаюына қарамастан, кезектілік өзекті мәселе болып қала беруде: мектепке дейінгі ұйымдардағы орындарға сұраныс МТО-ның жаңа объектілерін енгізу қарқынынан асып түсуде. Бұдан басқа 2020 және 2021 жылдардағы бала туудың өсуіне байланысты 2023 – 2029 жылдары мектепке дейінгі ұйымдарда кезекке тұру саны ұлғаяды деген болжам бар.

Ата-аналардың әртүрлі себептермен баласын мектепке дейінгі ұйымға бергісі келмейтін фактіні де ескеру қажет (денсаулық жағдайы, отбасында тәрбиелеуді дұрыс деп санау және басқалар). Осыған байланысты, балаларға үйде сапалы күтім жасауды және тәрбиелеуді қамтамасыз ету үшін ата-аналарды оқыту жұмыстарын күшейту және балалары мектепке дейінгі ұйымдарға бармайтын ата-аналарға педагогикалық қолдау көрсету қажет. Сонымен қатар бірінші кезектегі міндет – ата-аналарды мектепке дейінгі ұйымда балаларын тәрбиелеу мен оқытуға тарту, олардың балалармен жұмыс жасау жоспарын құруға және іс-шараларға тікелей қатысуын ұйымдастыру.

МТО-ны дамытудың басым бағыты қазақ тілінде оқытатын мектепке дейінгі ұйымдар желісін кеңейту болып табылады. 2020 жылы 665169 бала қазақ тіліндегі тәрбие процесімен қамтылды. Қазақ тілінде тәрбие беретін және оқытатын ең көп мектепке дейінгі ұйымдар (400 бірліктен астам) Ақтөбе, Алматы, Жамбыл, Батыс Қазақстан, Қызылорда, Шығыс Қазақстан және Түркістан облыстарының үлесінде. Жалпы республика бойынша осындай мектепке дейінгі ұйымдардың 65 %-ы жұмыс істеді. 2022 жылдың соңында қазақ тілінде тәрбие беретін және оқытатын мектепке дейінгі білім беру ұйымдарының желісі артып, 66,9 %-ды құрады. Ал олардың

контингенті 742832 балаға артты. Қазақ тілінде тәрбие беретін және оқытатын ең көп мектепке дейінгі ұйымдары бар өңірлердің қатарына Атырау және Маңғыстау облыстары, Шымкент қаласы қосылды.

МТО-ға мемлекеттік білім беру тапсырысы меншік нысанына және ведомстволық бағыныстылығына, түрлеріне қарамастан білім беру ұйымдарында орналастырылады. 2020 – 2022 жылдар кезеңінде бір тәрбиеленушіге жан басына шаққандағы норматив 34 -тен 46 мың теңгеге дейін өсті, бұл ретте ерекше білім беруді қажет ететін (бұдан әрі – ЕБҚ) балаға жан басына шаққандағы норматив 2 есе жоғары. Психологиялық-медициналық-педагогикалық консультациялардың (бұдан әрі – ПМПК) деректері бойынша мектепке дейінгі жастағы 47 мыңнан астам ЕБҚ бала бар, оның ішінде мектепке дейінгі білім беру ұйымдарының арнайы балабақшалары мен арнайы топтарына 9709 бала, мектепке дейінгі білім беру ұйымдарының жалпы білім беру топтарына 16305 бала барады. Сонымен қатар мектепке дейінгі ұйымдарда инклюзивті ортада ЕБҚ балаларды психология-педагогикалық қолдауды толық қамтамасыз ету үшін арнайы педагогтер (мұғалім-дефектолог, дефектолог, мұғалім-логопед, логопед, олигофренопедагог, сурдопедагог, тифлопедагог), педагог-психологтар, педагог-ассистенттер жеткіліксіз.

2021 жылы білім мазмұнын жаңғыртуды көздейтін Мектепке дейінгі тәрбие беру мен оқытуды дамыту моделі (бұдан әрі – Модель) қабылданды. Модель ғылыми деректер негізінде балаларды дамыту мен оқытуға қойылатын өзгермелі талаптарға сәйкес МТО-ны трансформациялау, оның сапасын арттыру үшін қажетті өзгерістердің бағыттарын айқындайды.

Модель мынадай салалардағы проблемаларды шешудің кешенді тәсілдерін қамтиды :

- МТО-ға қолжетімділікті кеңейту арқылы ерте жастан бастап балалар үшін тең бастапқы мүмкіндіктер жасау;
- көрсетілетін қызметтердің сапасын арттыру;
- педагогтердің кәсіби әлеуетін арттыру;
- инфрақұрылымды жақсарту.

Модельді іске асыру шеңберінде мектепке дейінгі ұйымдарда қолайлы қауіпсіз жайлы жағдайлар қамтамасыз етіледі, бағдарламалық мазмұн жаңартылды, тәрбие мен оқыту процесін нормативтік құқықтық қамтамасыз ету жүзеге асырылды. 2022 жылы Мемлекеттік жалпыға міндетті стандарт (бұдан әрі – МЖС), Үлгілік оқу жоспарлары, МТО-ның Үлгілік оқу бағдарламалары бекітілді, бұл құжаттарда мектепке дейінгі ұйымдар түлектерінің дағдылары мен құзыреттері, мектепке дейінгі ұйымның педагогіне қойылатын талаптар қамтылған.

Баланың жайлы және қауіпсіз болуын қамтамасыз ететін инфрақұрылымды, инклюзивтілікті қамтамасыз ететін білім беру кеңістігін құру, меншік нысанына және

ведомстволық бағыныстылығына, түрлеріне қарамастан мектепке дейінгі ұйымда балалардың даралығы мен ерекшеліктерін қолдау өзекті мәселе болып табылады.

COVID-19 пандемиясы кезеңінде мектепке дейінгі жастағы балаларды қашықтан тәрбиелеу мен оқыту тек мектепалды жасындағы балалар үшін қолжетімді болды. Ал қалған басқа жастағы балалар үшін балалардың аз санымен кезекші топтар ұйымдастырылды. Балаларды үздіксіз білім берумен қамту мақсатында мектеп жасына дейінгі балаларға білім беру процесін ұйымдастыру бойынша ұсынымдар әзірленді. Үй жағдайында ата-аналардың бос уақыты жеткіліксіз болды, себебі олар қашықтан жұмыс істеді. Мектеп жасына дейінгі балалар үшін оқыту мазмұнының сапалы болмауы да жұмысты қиындатты, себебі білім беру жүйесі назарды білім берудің басқа деңгейлерінде сапаны қамтамасыз етуге шоғырландырды. Осыған байланысты кіші жастағы балаларға арналған цифрлық дамытушы контентті кеңейту қажет (ұлттық құндылықтар тақырыбын қамтитын мультфильмдер және оқу-әдістемелік кешендер (бұдан әрі – ОӘК), сондай-ақ МТО-ның сапасын арттыруға күш салу қажет.

МТО негізгі ұлттық құндылықтарға негізделген қоғамды қалыптастыруда аса қуатты әлеуетке ие. Ерте жастан бастап балалар әдебиеті мен халық ауыз әдебиеті арқылы қазақ халқының мәдениетін сақтау және мұра ету – бұл баланы қазақ халқының мәдени-тарихи кодына сәйкес баулудың және балада өзіндік сана-сезімді тәрбиелеудің әмбебап тәсілі. 2022 жылдан бастап тәрбиелеу мен оқыту процесіне барлық жас топтарында қазақ тілін оқытуға қойылатын талаптар енгізілді. Қазақ тілін меңгерту мақсатында педагог күні бойы МТО-ның үлгілік оқу бағдарламасында айқындалған сөздік минимумды қолданады, балалармен әртүрлі қызмет түрінде тәрбиеленушілердің ауызша жүйелі сөйлеуін дамытады, белсенді сөз қорын байытады, қазақ тілін, қарым-қатынас мәдениетін меңгеруге ықпал етеді, сондай-ақ қазақ халқының мәдениетімен, салт-дәстүрлерімен таныстырады.

МТО-ның ағымдағы жағдайын талдау жүйелі деңгейде шешуді талап ететін мынадай проблемаларды анықтады:

- 3-6 жастағы балалар үшін мектепке дейінгі ұйымдардың жоғары қолжетімділігіне қарамастан, 2-3 жастағы балалар үшін бұл қажеттілік қанағаттандырылмаған, бұл балалардың ерте даму мүмкіндіктерін қысқартады және аналардың еңбек қызметіне тартылуына кедергі келтіреді;

- халық тығыз қоныстанған жерлерде, көші-қон ағыны мен туу деңгейі жоғары өңірлерде мектепке дейінгі ұйымдар жеткіліксіз;

- мектепке дейінгі ұйымдардағы орындарға сұраныс МТО-ның жаңа объектілерін іске қосу қарқынынан асып түсуде;

- 2020 және 2021 жылдары бала туу өсіміне байланысты 2023 – 2029 жылдар кезеңінде мектепке дейінгі ұйымдарда кезектің ұлғаюы болжануда;

- мектеп жасына дейінгі балалармен жұмыс істеу үшін сапалы дамытушы контент жеткіліксіз;

- мектепке дейінгі ұйымдардағы балаларды тәрбиелеу және оқыту процесіне ата-аналар төмен деңгейде тартылған;
- мектепке дейінгі ұйымдардың инфрақұрылымы мен білім беру ортасы балалардың даралығы мен ерекшеліктерін толық қолдауды қанағаттандырмайды.

2-тарау. Орта білім беру

Ескерту. 2-тарауға өзгерістер енгізілді - ҚР Үкіметінің 13.06.2024 № 465; 25.04.2025 № 271 қаулыларымен.

Орта білім беру ұйымдарының желісі 2022 – 2023 оқу жылында 3,7 млн білім алушыны қамтитын 7687 мектепті, оның ішінде 170146 білім алушыны қамтитын 552 жекеменшік мектепті құрады.

Республика бойынша орта білім беру ұйымдарының желісі соңғы үш жылда 247 бірлікке артты: 2020 – 2021 оқу жылында – 3,4 млн білім алушысы бар 7440 мектеп; 2021 – 2022 оқу жылында – 3,5 млн білім алушысы бар 7550 мектеп; 2022 – 2023 оқу жылында – 3,7 млн білім алушысы бар 7687 мектеп.

2021 жылы толықтай енгізілген мектептегі білім беру мазмұнын жаңартуды Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымының (бұдан әрі – ЭЫДҰ) сарапшылары жалпы білім беру жүйесін жаңғырту жолындағы оң қадам деп санайды. Дүниежүзілік банк жүргізген жаңартылған білім беру мазмұнын бағалау шеңберінде Бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің қолданыстағы үлгілік оқу бағдарламаларын жетілдіру бойынша қорытындылар жасалып, ұсынымдар әзірленді. Атап айтқанда, 21 ғасырдың білім алушыларына ұлттық басымдықтарға, сондай-ақ тез өзгеріп жатқан әлемнің сын-қатерлері мен мүмкіндіктеріне сәйкес қажетті білім, дағдылар, тәсілдер мен құндылықтарды айқындайтын білім мазмұнын жетілдіру бойынша кепілдемелер тұжырымдалды.

Өткізілген республикалық мұғалімдер съездерінің шеңберінде білім алушылардың жас ерекшеліктерін ескере отырып, оқу бағдарламаларының мазмұнын қайта қарау, білім беру тақырыптары, бөлімдері мен деңгейлері арасындағы сабақтастықты қамтамасыз ету, практикалық бағыттылықты, тәрбиелік компонентті күшейту және білім алушының функционалдық сауаттылығын дамыту қажеттілігі атап өтілді.

Демек, құндылыққа бағдарланған, іс-әрекеттік, тұлғаға бағдарланған және коммуникативті тәсілдер негізінде орта білім беру мазмұнын жетілдіру бойынша жұмысты жалғастыру және күшейту қажет. Экономикалық, әлеуметтік-саяси, ғылыми-технологиялық даму процестерімен білім беру саласына қойылатын талаптар деңгейіне заманауи педагогикалық теория мен практиканың сәйкестігін қамтамасыз ету маңызды.

"Назарбаев Зияткерлік мектептері" дербес білім беру ұйымы (бұдан әрі – "НЗМ" ДБҰ) өз тәжірибесін еліміздің жалпы білім беретін мектептеріне таратуды жалғастыруда.

"НЗМ" ДБҰ тәжірибесін тарату Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясымен (бұдан әрі – Ы. Алтынсарин атындағы ҰБА) бірлесіп барлық пәндер бойынша оқу бағдарламаларын, білім алушыларды бағалау әдіснамасын әзірлеу, педагогтердің біліктілігін арттыру курстарын өткізу және еліміздің 17 облысындағы және республикалық маңызы бар 3 қаласындағы мектептерді әдістемелік сүйемелдеу арқылы орта білім беру мазмұнын жаңарту шеңберіндегі іс-шаралар кешенінен жүзеге асырылады.

Педагогтердің кәсіби құзыреттерін қалыптастыру тәжірибесі табысты педагогикалық практикаларды таратумен айналысатын жетекші 2000 мектептен құралған желі арқылы енгізілді.

"НЗМ" ДБҰ-ның жетекші мектептерді әдістемелік қолдау қызметі тірек мектептердің әлеуетін арттыру және дамыту жөніндегі жобаларда негіз етіп алынды. Жобалар педагогтердің кәсіби дамуына және мектептердің білім беру ортасын трансформациялауға бағытталған.

COVID-19 бойынша эпидемиологиялық жағдайға байланысты Қазақстанда орта білім беру жүйесі алғаш рет қашықтан оқыту қажеттілігіне тап болды. Мектептердің нашар техникалық жабдықталуы және жоғары жылдамдықты интернетке әркімді қолжетімділік көрсетілетін қызметтердің сапасына айтарлықтай әсер етті. ЮНИСЕФ-пен бірге және Кембридж университетінің білім беру факультетінің техникалық қолдауымен білімдегі олқылықтарды өлшеудің кешенді тәсілін қолдана отырып, білімдегі олқылықтарды сандық бағалау жүргізілді. Зерттеу қорытындысы бойынша білімдегі олқылықтарды толтыру бойынша қысқа, орта және ұзақ мерзімді шаралар ұсынылды. Ұсынылған шараларды республиканың педагогикалық ұжымдары іске асырды, сондай-ақ аталған шаралар (жаңа бағдарламалар бойынша педагогтердің біліктілігін арттыру курстарын өткізу, білім беру бағдарламаларын қайта қарау және т.б.) одан әрі жұмыста пайдаланылуда.

Орта білім беру сапасын арттыру мақсатында оқулықтардың сапасына қойылатын талаптарды күшейту бойынша нормативтер қабылданды. Оқулықтарға сараптаманы курстардан өткен тәуелсіз мамандар (2000 сыртқы сарапшы) жүргізеді. Оқулықтарды әзірлеу үшін авторлар мен баспалардың жауапкершілігі күшейтілді. Егер оқулықтарда қателер табылса, баспалар барлық шығындарды өз қаражаты есебінен өтейді.

Сапалы зерделеу үшін жаратылыстану-математикалық бағыттағы (бұдан әрі – ЖМБ) пәндерді оқытудың қарқындылығы күшейтілуде. Мысалы, 2022 – 2023 оқу жылында ЖМБ пәндері бойынша сағаттар келесідей ұлғайтылды: "Жаратылыстану" – 3, 4, 5, 6-сыныптарда 1 сағатқа; "Физика", "Химия", "Биология" – 7, 8, 9-сыныптарда 1 сағатқа; "Алгебра және анализ бастамалары" – 10 – 11-сыныптарда 1 сағатқа ұлғайтылды.

"Жаһандық құзыреттілік" курсы шеңберінде 6-сыныпта экологиялық білім беру сапасын арттыру мақсатында оқу жоспарының вариативті компоненті есебінен "Экология" пәні оқытылады, оқу жүктемесі аптасына 1 сағатты (жылына 34 сағат)

құрайды. 2021 – 2022 оқу жылында бұл таңдау пәнін 4668 (67 %) мектепте 6-сыныптың 233252 білім алушысы оқыды. 21721 білім алушыны қамти отырып, экологиялық бағыттағы 177 үйірме жұмыс істейді. Үздіксіз экологиялық білім беру, барлық ресурстарды үнемді пайдалану мәдениетін дамыту моделі еліміздің мектептерінің 79 % -ына енгізілді.

Мектептегі білім берудің сапасы мен тиімділігін сипаттайтын негізгі параметрлердің бірі дарынды балаларды анықтау және дамыту, олардың республикалық және халықаралық олимпиадалар мен ғылыми конкурстарға қатысуы болып табылады. Соңғы үш жылда беделді халықаралық олимпиадаларда қазақстандық білім алушылар 5 алтын, 35 күміс және 29 қола медаль, ғылыми жобалар бойынша халықаралық олимпиадалар мен конкурстарда 344 алтын, 572 күміс және 934 қола медаль жеңіп алды.

2022 жылы халықаралық пәндік олимпиадалардың жеңімпаздары мен жүлдегерлерін, сондай-ақ оларды даярлаған педагогтерді көтермелеу тетігі енгізілді. Халықаралық олимпиадалардың жеңімпаздары үшін ЖОО-ға конкурстан тыс түсу үшін гранттар беріледі. Алайда Қазақстанда дарынды балаларды қолдау жүйесі жеткілікті түрде дамымаған. Мектеп жұмысы дарынды білім алушыларды анықтап, іріктеумен шектеледі, бұл ретте олардың бойындағы дарындылықты дамыту әдістемесі жоқ. Дарынды балаларды анықтау және дамыту жұмыстары жүйесінде технология, креативті индустрия, кәсіпкерлік сияқты жаңа салалар тиісті деңгейде ескерілмеген. Олимпиадалық қозғалыспен ауылдық жерлердегі білім алушылардың, сондай-ақ ЕБҚ балалардың аз қамтылуы байқалады.

Сапалы білім берудегі маңызды міндеттердің бірі – қалалық және ауылдық мектептер арасындағы оқыту сапасындағы алшақтықты азайту. 6909 мемлекеттік мектептің 5271 мектебі (68 %) ауылдық жерде орналасқан, оның ішінде 2722-сі – шағын жинақты мектептер (бұдан әрі – ШЖМ) (ауылдық мектептердің 52 %-ы). Ауыл мектептері бүкіл ауылдың негізгі орталығы және жастардың қабілетін шыңдайтын орын ретінде қызмет етеді. Осы орайда ауыл мектебіндегі әрбір білім алушының табысқа жету мүмкіндігін арттыру, қала мектептерінен білім сапасының алшақтығын азайту маңызды. Ауылдық мектептерді қолдау бойынша "Мобильді мұғалім", "Қамқор жанұя", "Нәтижелілігі төмен ауыл мектептеріне мықты мектептердің қамқорлығы", "КӨМЕКTIMES: мектеп-мектепке" сияқты өңірлік жобалар іске асырылуда. Ауылдық аумақтарды тұрақты дамыту қорының білім беру бойынша жобалары белсенді іске асырылуда. Ауыл мектептерінің білім алушылары атаулы көмекпен (пәндер бойынша қосымша сабақтар, жазғы ауысымдар мен балалар орталықтарына бару) қамтылады, оқу ваучерлерін пайдалана отырып, тегін қосымша білім беру бағдарламаларына қатысу мүмкіндігіне ие болады.

Алайда қалалық және ауылдық білім алушылар арасындағы білім сапасындағы алшақтық сақталып келеді. Циклдық негіздегі PISA зерттеуі қалалық және ауылдық

мектептер арасындағы айырмашылықты растап отыр. Мысалы, PISA-2022 оқу сауаттылығы бойынша айырмашылық қалалық мектептер пайдасына 37 балды құрады.

Ауылдық жерлердегі мектеп ғимараттарының материалдық инфрақұрылымы қалалық білім алушылармен салыстырғанда ауылдық білім алушылардың мүмкіндіктерін айтарлықтай шектейді. Кең жолақты Интернеттің болмауына байланысты ауыл мектептерінің білім алушыларының цифрлық білім беру ресурстарына қолжетімділігі шектелген, тек 39 % мектепте ғана жоғары жылдамдықтағы Интернет бар (20 мбит/с және жоғары).

Инклюзивті практиканы дамытудың маңызды кезеңі "Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне инклюзивті білім беру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасының Заңын қабылдау болды. Заңда ЕБҚ балаларды арнайы психологиялық-педагогикалық қолдауға мемлекеттік білім беру тапсырысын іске асыру жөніндегі норма қабылданды.

2023 жылдың басында ЕБҚ балалардың саны 188 мың баланы құрады (2022 жылдың басында – 175 мың), оның ішінде мектеп жасындағы – 132699 бала. Мұндай балалар санының жыл сайын өсуі орташа есеппен 3 %-ды құрайды (2020 жыл – 161 мың бала, 2021 жыл – 175 мың бала, 2022 жыл – 188 мың бала).

2023 жылдың басында елімізде 99 арнайы мектеп, сондай-ақ 92 ПМПК, 208 психологиялық-педагогикалық түзеу кабинеттері (бұдан әрі – ППТК), 14 оңалту орталықтары (бұдан әрі – ОО), 10 аутизм орталығы жұмыс істеді. Сондай-ақ мектептерде 640-тан астам инклюзияны қолдау кабинеті, 1600-ден астам логопедиялық пункт жұмыс істейді. Арнайы ұйымдарда арнайы оқу бағдарламалары бойынша мүмкіндігі шектеулі 17771 бала оқыды.

2022 жылы психологиялық-педагогикалық қолдау, ерекше білім беру қажеттіліктерін бағалау қағидалары бекітілді, білім беру ұйымдарын жабдықтармен және жиһазбен жарақтандыру нормалары жетілдірілді. ПМПК-ның жеткілікті желісін қамтамасыз ету мақсатында бір ПМПК желісін ашу нормативі 60 мыңнан 50 мың балаға дейін қайта қаралды.

ЕБҚ балаларды арнайы психология-педагогикалық қолдауға арналған мемлекеттік білім беру тапсырысын іске асыру жөніндегі нормалар бекітілді. Бұл жеке сектордың, үкіметтік емес ұйымдардың әлеуетін пайдалана отырып, ППТК, ОО желісін кеңейтуге бюджеттің күрделі шығыстарынсыз ЕБҚ балаларды арнайы психология-педагогикалық қолдаумен қамтуды ұлғайтуға мүмкіндік береді.

Психологиялық-педагогикалық қолдауды сапалы іске асыру үшін базалық инфрақұрылым (жобалық қуат, мамандар кабинеттері, оңалту және емдік дене шынықтыру аймақтары, ата-аналарға, педагогтерге арналған коворкинг), сондай-ақ арнайы білім беру ұйымдарының жеткілікті желісі және олардың халықаралық талаптарға сәйкес заманауи жабдықтармен жарақтандырылуы талап етіледі.

Сапалы білім берудің қолжетімділігін қамтамасыз ету үшін жағдай ретінде заманауи мектеп инфрақұрылымын құру мемлекеттің басым міндеті болып табылады. 2021 жылдан бастап шағын қалаларда, аудан орталықтарында және ауылдарда орналасқан мектептерді жаңғырту жүзеге асырылуда. Жаңғырту жұмыстың 6 бағытын қамтиды: күрделі және ағымдағы жөндеу, мектептерді пәндік кабинеттермен жарақтандыру, мектеп жиһаздарын жаңарту, кітапханалар мен асханаларды жаңғырту, балалардың мектепте және мектеп жанындағы аумақта қауіпсіз болу жағдайларын жақсарту.

Елімізде аудан орталықтарында, ауылдарда және шағын қалаларда 5000-нан астам мектеп жұмыс істейді, оның ішінде 2021 жылы жаңғыртумен 1015 мектеп, 2022 жылы 1003 мектеп қамтылды. Нәтижесінде 2022 – 2023 оқу жылының басында 357 мектепке күрделі жөндеу және 1122 мектепке ағымдағы жөндеу жүргізілді. 954 мектепке 1470 пәндік кабинет жеткізілді. 1139 мектепте жиһаз жаңартылды, кітапханалар, 1806 мектеп және 969 мектептің асханалары жаңартылды. 1203 мектепте қауіпсіздік жағдайлары жақсартылды.

Алайда іске асырылып жатқан шараларға қарамастан, орта білім беру инфрақұрылымын дамытуда сын-қатерлер бар. Мектептер құрылысының қазіргі қарқыны демографиялық және көші-қон процестеріне, оқушы орындарының жинақталған тапшылығына ілесе алмай отыр. Балалар санының өсуі және оқушы орындарының тапшылығы жағдайында көп ауысымда оқыту өзекті проблеманың бірі ретінде қалып отыр.

Бала туу көрсеткіші артып келеді, 2020 жылдан бастап 2022 жылдың бірінші жартыжылдығына дейін дүниеге келген балалар саны 1039775 баланы құрады. Соңғы үш оқу жылында 1-сынып оқушыларының саны 1160311 білім алушыны, халықтың көші-қоны 34 %-ды және мектеп ғимараттарының тозуы 15 %-ды құрады, 2026 жылға қарай оқушы орындарының болжамды тапшылығы 1,12 млн құрады.

2022 – 2023 оқу жылында оқушы орындарының ағымдағы тапшылығы 270 мың орынды, оның ішінде қала бойынша 167 мың орынды, ауыл бойынша 96 мың орынды құрады. Үш ауысымды мектептер саны 143 бірлікті (2022 жыл – 139), авариялық мектептер саны – 52 (2022 жыл – 47) құрайды.

Үш ауысымды мектептердің проблемаларын шешу үшін әртүрлі тетіктер қолданылады: мемлекеттік бюджет және мемлекеттік-жекешелік әріптестік (бұдан әрі – МЖӘ) есебінен нысаналы құрылыс; модульдік конструкциялардан (тез салынатын ғимараттардан) мектептер салу. Орта білім беруді дамытуға жекеменшік секторды тарту мақсатында "Білім туралы" Қазақстан Республикасының Заңымен орта білім беруге мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастыру бойынша білім беру саласындағы уәкілетті органның құзыреті бекітілді.

2020 жылдан бастап жан басына шаққандағы қаржыландыру республиканың барлық қалалық мектептерінде (1605 мектеп) толық көлемде енгізілді. Бұл көптеген

артықшылықтарды, атап айтқанда мектептерге басқарушылық және қаржылық дербестік (үнемдеу, қосымша штаттар/төлемдер енгізу мүмкіндігі және басқалар) береді. Алайда персоналды басқару және жан басына шаққандағы қаржыландыруды ұтымды пайдалану бойынша табысты даму стратегияларының тәжірибесі кеңінен таралмады.

Қазақстандағы бір білім алушыға кететін шығындар ЭЫДҰ елдерінің көрсеткіштерінен бірнеше есе төмен, бір ғана Ресеймен айырмашылық шамамен 1 млн теңгені құрайды. Осыған байланысты білім беруге шығындарды ұлғайту және оны әлемдік стандарттарға жеткізу жақын арадағы болашақта маңызды болып табылады. Жоғары оқу орындарына түсу пайызы, республикалық олимпиадалар жеңімпаздарының саны, педагогтердің біліктілік деңгейі сияқты ынталандырушы компоненттерді көбірек қолдана отырып, жан басына шаққандағы қаржыландыру нормативін бірнеше кезеңде жетілдіру қажет.

Бизнесті мектептер салуға ынталандыру бойынша қабылданған мемлекеттік қолдау шаралары (жан басына шаққандағы қаржыландыру, жеңілдікпен кредиттеу, 8 жыл ішінде амортизациялық компонентті өтеу, әкімшілік кедергілерді азайту) жекеменшік мектептер желісінің дамуына, оның ішінде ата-ана төлемақысынсыз мемлекеттік білім беру тапсырысы негізінде білім беру қызметтерін көрсететін мектептер желісінің дамуына айтарлықтай әсер етті.

Мемлекеттік білім беру тапсырысының мөлшері жан басына шаққандағы нормативтік қаржыландыру әдістемесіне сәйкес айқындалады, мұнда жекеменшік білім беру ұйымдары үшін операциялық шығыстар (2022 жылға арналған орташа мөлшері – 532 мың теңге), сондай-ақ құрылыс және реконструкциялау жолымен жаңа оқушы орындарын пайдалануға арналған шығыстар (2022 жылға арналған 1 оқушы орны үшін: құрылыс – 294 мың теңге, реконструкциялау – 144 мың теңге) қарастырылған. 2020 жылға арналған операциялық шығындардың орташа мөлшері – 414 мың теңгені құрайды, 2020 жылы оқушы орындарын пайдалануға арналған шығыстар 1 оқушы орны үшін: құрылыс – 267 мың теңге, реконструкциялау – 131 мың теңге; 2021 жылға арналған операциялық шығындардың орташа мөлшері – 469 мың теңгені құрайды, 2021 жылы оқу орындарын пайдалануға арналған шығыстар 1 оқушы орны үшін: құрылыс – 280 мың теңге, реконструкциялау – 137 мың теңге.

МЖӘ-нің жаңа моделі әзірленді, оның негізінде Астана қаласында бір жарым жыл ішінде 20 мың білім алушыға арналған 5 мектеп пайдалануға берілді.

Осылайша, жекеменшік мектептер желісін кеңейту мемлекеттік бюджетке түсетін жүктемені азайтып қана қоймай, жаңа мектептерді пайдалануға беру мерзімі қысқаратын оқушы орындарының тапшылығы мен мемлекеттік мектептердің үш ауысымы мәселесін шешуде қосымша құрал болып табылады.

Сонымен қатар субсидиялау, жеңілдетілген несие беру және салықтық жеңілдіктер түріндегі басқа да құралдар әзірленді. Мәселен, "Даму" кәсіпкерлікті дамыту қоры

арқылы жекеменшік мектептерді салу және реконструкциялау бойынша банктік қарыздарды субсидиялау тетігі жұмыс істейді, мұнда жеке сектор үшін кредиттеудің соңғы мөлшерлемесі "Қарапайым заттар экономикасы" бағдарламасы шеңберінде 7 %-ды және "Бизнестің жол картасы – 2025" бағдарламасы шеңберінде 6 %-ды құрайды.

Сонымен қатар орта білім беру саласында мынадай проблемаларды шешу қажет етіледі:

- 21 ғасырдағы білім алушыларға қажетті білім, дағдылар, тәсілдер мен құндылықтарды айқындайтын білім беру мазмұнын жетілдіру қажет;
- ауылдық жерлердегі мектептердің ақпараттық-технологиялық, материалдық инфрақұрылымы нашар дамыған, бұл қалалық білім алушылармен салыстырғанда ауылдық білім алушылардың мүмкіндіктерін шектейді;
- білім беру ұйымдары арасында персоналды басқару және жан басына шаққандағы қаржыландыруды ұтымды қолдану бойынша табысты даму стратегиялары тәжірибесі жеткілікті таратылмауда;
- ауылдық жерлерден келген білім алушылар, сондай-ақ ЕБҚ балалар олимпиадалық қозғалыспен төмен қамтылған;
- дарынды балаларды қолдау жүйесі жеткіліксіз дамыған;
- қалалық және ауылдық білім алушылар арасындағы білім сапасындағы алшақтық сақталуда;
- ЕБҚ балалар арнайы психологиялық-педагогикалық қолдаумен нашар қамтылуда.

3-тарау. Техникалық және кәсіптік білім беру

Ескерту. 3-тарауға өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 13.06.2024 № 465 қаулысымен.

Техникалық және кәсіптік білімге (бұдан әрі – ТжКБ) қолжетімділікті 2022 – 2023 оқу жылында 772 ТжКБ ұйымы, оның ішінде 446 мемлекеттік, 326 жекеменшік ұйым қамтамасыз етеді. ТжКБ ұйымдарының жалпы контингенті 517,3 мың адамды құрайды (2020 жыл – 475,9 мың адам, 2021 жыл – 488,9 мың адам), оның жартысынан көбі – 312 мың адам мемлекеттік тапсырыс бойынша білім алады (2020 жыл – 288,2 мың адам, 2021 жыл – 289,4 мың адам).

ТжКБ ұйымдарына қабылдаудың жыл сайынғы өсімі мектеп білім алушылары мен олардың ата-аналарының осы білімді алудың тартымдылығы туралы түсініктерінің өзгергенін көрсетеді. Осылайша, 2022 жылы ТжКБ ұйымдарына 183 мың адам қабылданды, бұл 2020 жылмен салыстырғанда 25 мың адамға артық (2020 жыл – 158,3 мың адам, 2021 жыл – 158,5 мың адам).

Біріккен Ұлттар Ұйымының (бұдан әрі – БҰҰ) Бас Ассамблеясы қабылдаған Мүгедектердің құқықтары туралы конвенцияға сәйкес қатысушы мемлекеттер ЕБҚ адамдардың кәсіптік білім алуына, ересектердің білім алуына және өмір бойы білім

алуына қолжетімділіктерін қамтамасыз етуге міндетті. ТжКБ мемлекеттік ұйымдарының жартысынан астамы ЕБҚ студенттерге тең жағдайлар мен кедергісіз қолжетімділікті жасай алды.

ТжКБ ұйымдарына оқуға түсу кезінде квоталар тізімін кеңейту арқылы әлеуметтік жағынан осал жастарға көрсетілетін қолдау күшейтілді. Бұрыннан бар 6 квоталық санатқа мынадай қосымша санаттар енгізілді: көпбалалы отбасылардан шыққан балалар үшін – 5 %, толық емес отбасылардан шыққан балалар үшін – 1 %, бала кезінен мүгедек балаларды тәрбиелеп отырған отбасылардан шыққан балалар үшін – 1 %.

Нәтижесінде, 2022 – 2023 оқу жылында әлеуметтік осал отбасылардан шыққан 3445 студент колледждерде білім алуда, ал 2020 – 2021 оқу жылында бұл көрсеткіш 2913 студентті құрады. Сонымен қатар ЕБҚ білім алушыларды ТжКБ-ға енгізу мәселесі өзекті болып қала береді, оның себептерінің бірі – ұйымның өзі мен педагогтердің инклюзивті білім беру жағдайында жұмыс істеуге дайын еместігі, сондай-ақ кадрлық құрамның жеткіліксіздігі.

"Баршаға арналған тегін кәсіптік-техникалық білім" жобасы 300 мыңнан астам жастарға алғашқы жұмыс мамандығын тегін алуға мүмкіндік берді. Осы жоба шеңберінде жастардың әлеуметтік осал топтарын тарту үшін жағдайлар жасалған. Жобаға қатысушылар ыстық тамақпен, стипендиямен, тегін жол жүрумен қамтамасыз етілген. Жоба қазақстандық еңбек нарығында біліктілігі жоқ кадрлар санын қысқарту, жастар жұмыссыздығының деңгейін, сондай-ақ NEET жастары мен өзін-өзі жұмыспен қамтыған жастар санын азайту түрінде кең әлеуметтік-экономикалық әсерге ие.

Сонымен қатар 2022 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша NEET санатындағы 247 мыңға жуық жастар оқумен қамтылмаған (2020 жыл – 267,3 мың адам, 2021 жыл – 258,1 мың адам).

ТжКБ ұйымдарын бейіндеу өзекті проблема болып қалуда. Бұл, ең алдымен, қайталанатын мамандықтарды қысқарту және еңбек нарығында сұранысқа ие жаңа мамандықтарды ашу арқылы ТжКБ-ны еңбек нарығының сұраныстарына қайта бағыттаумен байланысты.

ТжКБ ұйымдарын оңтайландыру және бейіндеу бір бейінді спектрде салалық негізде кадрларды сапалы даярлауға қаражат жинақтауға, материалдық ресурстарды ғана емес, кадрлық ресурстарды шоғырландыруға, бәсекеге қабілеттілікті арттыруға мүмкіндік береді, бұл ТжКБ мамандарын даярлау сапасын арттыруға ықпал етеді.

Жаһандық бәсекеге қабілеттілік индексі-2019 нәтижелеріне сәйкес жұмыс берушілер ТжКБ-ның сапа деңгейін мүмкін болатын 7 балдан 3,7 баллға бағалайды.

PISA-2022 халықаралық зерттеуіне еліміздің 83 колледжінен 15 жастағы студенттер қатысты. Зерттеулердің нәтижелері көрсеткендей, ТжКБ ұйымдарының білім алушылары жалпы білім беру циклінің пәндері бойынша оқыту процесінде

қалыптасатын базалық дағдылар бойынша өз құрдастарынан едәуір артта қалуда, бұл болашақта өз дағдыларының деңгейін бейімдеуге немесе арттыруға немесе жаңа кәсіпті үйренуге мүмкіндік бермейді.

Мысалы, математика бойынша колледж студенттері мектептерде білім алатын құрдастарынан 27 балға артта қалуда. Бұл жағдай мектептер мен колледждердегі оқыту нәтижелері арасындағы алшақтықты жою, ТжКБ мазмұнын жаңғырту және сапасын арттыру мәселесін өзектілендіру үшін ТжКБ ұйымдары студенттерінің базалық білімін дамыту бойынша шаралар қабылдауды талап етеді. Дегенмен, PISA-2018 нәтижелерімен салыстырғанда олардың нәтижелері 8 балға өсті.

Кадрларды даярлау сапасына тиісті материалдық-техникалық базаның (бұдан әрі – МТБ) болуы әсер етеді. 2020 – 2021 жылдары "Жас маман" жобасы шеңберінде 180 ТжКБ ұйымдары заманауи жабдықтармен жабдықталған. Алайда ТжКБ мемлекеттік ұйымдардың 48 %-ы әлі де оқу процесінде заманауи талаптарға сәйкес келмейтін ескірген жабдықты пайдаланады. Бұл ТжКБ саласының мамандарын даярлау сапасының төмендігінің және заманауи өндірістік түлектердің дағдыларының талаптарға сәйкес келмеуінің себептерінің бірі болып табылады.

ТжКБ-да кадрлар даярлаудың практиканы ұйымдастыруға үлкен қаржылық шығындарды талап ететін практикаға бағдарланған сипаты бар. Бөлінген қаражаттың 85 %-ы ғимараттарды ағымдағы ұстауға және педагогтердің жалақысына жұмсалады. Практиканы ұйымдастыру бойынша оқу шығыстарына тек 15 %-ы ғана қалады.

Колледждердің басқа қаладан келген студенттерін жатақханалардағы орындармен қамтамасыз ету проблемасы өзекті болып қала беруде. Осыған байланысты жаңа жатақханалар салу, сондай-ақ жаңа төсек-орындарды қосу көзделген. 2020 жылы 4079 орындық 21 жатақхана, 2021 жылы 2758 орындық 14 жатақхана, 2022 жылы 2509 орындық 7 жатақхана пайдалануға берілді.

COVID-19 пандемиясы кезеңінде қашықтан оқыту форматына шұғыл көшу ТжКБ ұйымдарының педагогтерінде біраз қиындықтар туғызды. Цифрлық ортадағы жаңа жағдайларға бейімделу үшін уақыт қажет болды, сонымен қатар ТжКБ оқытушыларына жүктеме артты. Қашықтан оқытуға көшу кезінде теориялық оқыту саны ұлғайды және өндірістік оқыту мен кәсіпорындардағы студенттердің кәсіптік практикасы айтарлықтай қысқарды, бұл студенттердің қажетті практикалық дағдыларды игеруіне әсер етті.

ТжКБ ұйымдары мен кәсіпорындардың өнімді өзара іс-қимыл нәтижелерінің бірі дуальды оқытуды ұйымдастыру болып табылады. Дуальды оқыту 558 ТжКБ ұйымдарында 8013 кәсіпорынның қатысуымен және 72098 білім алушыны қамти отырып енгізілді. Компания өкілдерінің қамқоршылық кеңестерге кіруі, МТБ-ны зертханалық жабдықтармен жарақтандыру, білім алушыларды өндірістік практикаға

қабылдау, педагогтердің тағылымдамасы сияқты міндеттемелер көзделген 410 колледжге қатысты 498 компания (кәсіпорын) арасында меморандумдарға, келісімдерге қол қойылды.

Сонымен қатар ТЖКБ ұйымдарының экономиканың нақты секторымен, бизнеспен және қызмет көрсету саласымен әлсіз байланысы байқалады. Бұл колледждердің бизнес пен жұмысшы кәсіптерінің қозғаушы күші, өнер және кәсіпкерлік орталығы ретінде болу мүмкіндігін шектейді.

ТЖКБ ұйымдарын корпоративтік басқаруды жетілдіру жалғасуда. 547 қамқоршылық және 693 индустриялық кеңес құрылды, олардың құрамына ТЖКБ ұйымдарын басқару процесіне және білім беру бағдарламаларын әзірлеуге тарту үшін жұмыс берушілер кірді.

2022 жылдан бастап ТЖКБ ұйымдарында академиялық дербестік енгізілді, ол Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарының (бұдан әрі – МЖБС) талаптары, кәсіби стандарттар, WorldSkills кәсіби стандарттары және өңірлік ерекшеліктер негізінде жұмыс берушілердің қатысуымен білім беру бағдарламаларын дербес әзірлеуге мүмкіндік береді. Бұл бағдарламалар екі сатылы сараптамадан өтеді. 2023 жылы тізілімге 4000-нан астам жаңартылған білім беру бағдарламалары кірді.

Білім беру деңгейлері арасындағы үздіксіздік пен сабақтастықты қалыптастыру мақсатында 2022 – 2023 оқу жылынан бастап ТЖКБ ұйымдары оқытудың кредиттік-модульдік технологиясына көшті, қолданбалы бакалавриат бағдарламасы студенттерге құзыреттіліктің әртүрлі деңгейіне қажетті кредит көлемін жинақтау арқылы оқыту траекториясын дербес таңдауға мүмкіндік берді.

Өңірлік еңбек нарығы мен білім беру жүйесі арасындағы байланыс түлектердің оқу бітіргеннен кейін бір жыл ішінде жұмысқа орналасуы арқылы бақыланады. ТЖКБ түлектерін жұмысқа орналастыру 2022 жылы 67 %-ды құрады, 2020 жылмен салыстырғанда бұл көрсеткіш 3 %-ға өсті.

ТЖКБ ұйымдарының қаржылық тұрақтылығын және нысаналы қолдауын арттыру үшін жақын арадағы перспективада ТЖКБ шығыстарының нормативтерін жалпы әлемдік стандарттарға жеткізу қажет. Осылайша, БҰҰ-ның 4-ші жаһандық тұрақты даму мақсаттарының міндеттеріне қол жеткізу үшін білім беруді қаржыландыруды мақсатты түрде ұлғайтуды және оның қажеттіліктеріне ЖІӨ-нің кемінде 4-6 % бөлуді ұсынады. 2020 жылдан бастап ТЖКБ ұйымдарында ТЖКБ МЖС талаптарын сақтауға бағытталған жан басына шаққандағы қаржыландыру нормативі енгізілуде. Жан басына шаққандағы қаржыландыру нормативін енгізуді талдау көзделген қаражаттың 85 %-ы ғимараттарды ағымдағы күтіп ұстауға және педагогтердің жалақысына жұмсалатынын, тек 15 %-ы ғана студенттердің практикасын ұйымдастыру жөніндегі шығын материалдарына жұмсалатынын көрсетті. Осыған байланысты ТЖКБ-да жан басына қаржыландыру көлемін ұлғайту мәселесі бүгінгі таңда маңызды мәселелердің бірі болып табылады.

Мемлекеттік қызметтерді цифрландыру шеңберінде білім беру саласындағы ақпараттандыру объектілеріне қойылатын ең төменгі талаптар бекітілді, олар ақпараттандыру объектілеріне және колледждерді оқытуды басқару жүйелерінің функционалына бірыңғай сипаттамаларды айқындайды.

Ақпараттық жүйелерді енгізу педагогтер мен білім алушылардың оқуға қабылдаудан бастап оқуын бітіруге дейін, атап айтқанда талапкерлерді қабылдауға, білім беру контентіне қолжетімділікке, онлайн-кестені қалыптастыруға, электрондық журнал жүргізуге, тапсырмаларды тексеруге және баға қоюға, бейнеконференция режимінде оқу сабақтарын өткізуге, тестілеуге және емтихандарды онлайн өткізуге бағытталатын болады.

Қашықтан оқыту бойынша білім беру ұйымдарына қойылатын талаптар және оқу процесін ұйымдастыру қағидалары әзірленді. ТЖКБ ұйымдарының оқыту нысандары мен курстарына қарамастан студенттерді қашықтан оқытуға ауыстыру мүмкіндігі бар. Бұл ретте қашықтан оқыту үшін рұқсат етілетін пәндер немесе модульдер сағаттарының тізбесі мен көлемін білім беру ұйымы дербес айқындайды. Сонымен қатар ЕБҚ білім алушылар, оның ішінде уақытша шектеулері бар адамдар, конкурстарға немесе чемпионаттарға қатысатын студенттер қашықтан оқуға мүмкіндік алады. Ол үшін барлық қажетті жағдайлар жасалған, яғни колледждердің 100 %-ы ақпараттық жүйелерге қолжетімділікке ие.

2021 жылдан бастап колледждерге қабылдаудың жаңа тетігі енгізілді. Колледжге түсудің жаңа ережелерінің артықшылығы – талапкердің оқу орнын өзі таңдауға мүмкіндігі бар. Бұрын талапкер түсу кезінде тек бір колледжді және бір мамандықты таңдаған, жаңа форматқа сәйкес, студент 4 колледжді және сәйкесінше 4 мамандықты таңдау мүмкіндігіне ие болды.

Бұдан басқа Egov.kz порталы арқылы колледждерге құжаттарды қабылдау автоматтандырылды. Сондай-ақ колледждерде дәстүрлі қағаз форматында құжаттарды тапсыру мүмкіндігі сақталады. Осылайша, талапкерлердің таңдау мүмкіндігі кеңейтіліп, белгілі бір таңдалған мамандыққа түсу мүмкіндігі артады.

Үміткерлер барлық лицензиялық талаптарға сәйкес келетін колледждерді ғана таңдай алады. Талапкерлерді таңдау үшін колледждердің тізбесіне мынадай талаптарға сәйкес келетін колледждер, оның ішінде жеке колледждер кіруі мүмкін: жұмысқа орналасуды және жұмыспен қамтуды, өндірістегі практикамен қамтамасыз ету, шеберханалармен, зертханалармен, сапалы инженерлік-педагогикалық қызметкерлер құрамымен қамтамасыз ету, жатақханада әлеуметтік-тұрмыстық жағдайлардың болуы, кітапхана қорының, оның ішінде электрондық жеткізгіштерде, ЕБҚ тұлғаларға жағдайдың болуы.

Мемлекеттік тапсырыс бойынша оқуға арналған конкурс білім туралы аттестаттың міндетті және бейіндік пәндерін бағалау бойынша орташа конкурстық балл бойынша

білім басқармаларының ақпараттық жүйелері арқылы өткізіледі. Бұл шаралар колледждерге қабылдау рәсімінің ашықтығын арттыруға бағытталған.

Осыған қарамастан, кәсіптік бағдар беру құралдары арқылы ТЖКБ жүйесінің серпінді дамуы және мектеп білім алушыларының кәсіби өзін-өзі айқындауы туралы халықты ақпараттандыру мәселелері өзекті болып қала береді.

Осыған байланысты ТЖКБ жүйесінің мынадай проблемалық мәселелерін шешу жөнінде шаралар қабылданатын болады:

- ЕБҚ білім алушылардың ТЖКБ-ға төмен деңгейде тартылуы, оның себептерінің бірі ұйымның өзі мен педагогтерінің инклюзивті білім беру жағдайында жұмыс істеуге дайын еместігі, сондай-ақ кадр құрамының жеткіліксіздігі;

- NEET жастарының ТЖКБ ұйымдарымен төмен қамтылуы;

- еңбек нарығының сұранысына сәйкес ТЖКБ ұйымдарын бейіндеу тетіктерін жетілдіру қажеттілігі;

- ТЖКБ ұйымдарының білім алушыларының функционалдық сауаттылығының төмен деңгейі;

- ТЖКБ саласындағы мамандарды даярлау сапасының төмендігі және түлектердің біліктілігі мен заманауи өндірістік талаптардың сәйкес келмеуі;

- ТЖКБ-ның жан басына шаққандағы қаржыландырудың төмен нормативі;

- ТЖКБ ұйымдарының әлсіз МТБ;

- өзге қалалардан келген студенттердің жатақханалардағы орындармен жеткіліксіз қамтамасыз етілуі;

- ТЖКБ ұйымдары мен экономиканың нақты секторы, бизнес және қызмет көрсету секторы арасындағы әлсіз байланыс;

- халықты ТЖКБ жүйесінің қарқынды дамуы жөнінде ақпараттандыру қажеттілігі.

4-тарау. Балалардың қауіпсіздігі, олардың құқықтары мен мүдделерін қорғау

Ескерту. 4-тарауға өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 13.06.2024 № 465 қаулысымен.

Қазақстан Республикасының мемлекеттік саясатының басым бағыттары балалардың құқықтары мен бостандықтарын қамтамасыз ету, оларды қатыгездіктен және қылмыстық қол сұғушылықтан қорғау болып табылады.

2022 жылдың соңында бала саны 6616774 баланы құрады (2020 жыл – 6110156 бала), соның ішінде 3,7 млн-нан астамы мектеп оқушысы, 2,5 млн-нан астамы мектеп жасына дейінгі балалар және 400 мыңнан астамы ТЖКБ ұйымдарының студенттері болып табылады.

Бұл ретте Ұлттық статистика бюросының деректері бойынша 2027 жылға қарай қазақстандық балалар санының 8 млн-ға дейін ұлғаюы күтілуде. Балалар санының көбеюіне қарай қоғам көтеретін проблемалар да арта түседі деген тәуекел бар.

Проблемаларды уақтылы анықтау және шешімдерді жедел қабылдау үшін 2022 жылы 56 индикатордан тұратын Балалардың хал-ахуалдарының индексі қабылданды.

Индексті апробациялау нәтижелеріне сәйкес 2021 жылдың қорытындысы бойынша балалардың хал-ахуалының орташа бағасы республика бойынша 55,3 балды құрайды.

2022-2023 оқу жылында мектебі жоқ 1209 елді мекенде тұратын 27135 бала тасымалдауды қажет етеді. Балаларды тасымалдауға арналған автокөлік 1173 бірлікті құрайды, бұл ретте Ұзақ мерзімді активтер бойынша тозудың жылдық нормаларына сәйкес мектеп автопаркі өндірістік факторларға байланысты 59 % тозған (жылына амортизация 15 %). 2021 жылдан бастап лизинг механизмі бойынша мектептер балаларды тасымалдау үшін жаңа автобустар сатып алды (515 бірлік), оның 119-ы 2022 жылы жеткізілді.

Жекелеген санаттағы балаларды әлеуметтік қолдау әрбір мектепте көзделген Жалпыға бірдей оқыту қорынан жүзеге асырылады. 3 жыл ішінде жыл сайын 400 мыңнан астам бала материалдық көмек алады.

2023 жылы халықтың әлеуметтік жағынан осал топтарынан шыққан 97518 бала мектепке дейінгі ұйымдарға барды, оның ішінде 37572 (38,5 %) жергілікті бюджет есебінен тегін ыстық тамақ алды. Мемлекеттік білім беру тапсырысы орналастырылған мектепке дейінгі ұйымдардағы "Мектепке дейінгі білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидаларына" сәйкес тамақтану шығындарының ай сайынғы төлемі 100 % ата-аналардан алынады. Сонымен бірге жергілікті атқарушы органдардың (бұдан әрі – ЖАО) шешімі бойынша тәрбиеленушілердің тамақтануына жұмсалатын шығындардың жергілікті бюджет есебінен толық немесе ішінара өтелуі қарастырылған.

Ыстық тамақ 6057 мектепте, 456 мектепте буфеттік тамақтану ұйымдастырылған. Тегін бір реттік ыстық тамақпен 400 мыңнан астам әлеуметтік осал санаттағы балалар немесе 100 %, 800 мыңға жуық бала немесе 1-4-сыныптың білім алушыларының жалпы санының 54 %-ы қамтылған (2021 жыл – білім алушылардың 41 %-ы, 2022 жыл – 52 %-ы). Бастауыш сыныптардың барлық білім алушылары үшін бір реттік тегін ыстық тамақ 9 өңірде (Астана, Алматы, Шымкент қалалары және Атырау, Батыс Қазақстан, Қарағанды, Қызылорда, Павлодар және Ұлытау облыстары), 1-сынып білім алушылары үшін екі өңірде (Ақмола және Маңғыстау облыстары) ұйымдастырылған.

2022 жылдан бастап конкурсты ұйымдастырушымен тағамдардың ассортименттік тізбесін, буфет өнімдерін, тағамдардың технологиялық карталарын және басқаларды конкурстық құжаттамаға енгізу нормалары енгізілді. Зерттеу нәтижелері негізінде ғалымдармен бірлесіп ұлттық мәзірді (оның ішінде сүт, нан өнімдері және басқалар) енгізу мәселесі қаралатын болады. Мектеп асханаларының мәзірін жаңарту үшін ұлттық өнімдер шығаратын шағын бизнес өкілдерін тартқан жөн. Мектеп асханаларын жаңғыртуды, соның ішінде қажетті жабдықтармен, ыдыс-аяқтармен қамтамасыз етуді жалғастыру қажет.

ЖАО деректері бойынша 2022 жылы білім алушылардың 1889530 немесе 56,9 %-ы сауықтырумен қамтылды, оның ішінде 1292925 бала (38,9 %) – мектеп жанындағы лагерлерде, 255435 бала (7,9 %) – республиканың қала сыртындағы сауықтыру

лагерлерінде. Алайда республикада жекелеген санаттағы балаларды жазғы демалыспен және сауықтырумен қамтуды қамтамасыз етуге бағытталған объектілер мен іс-шаралар саны жеткіліксіз. 2022 жылы 226 қала сыртындағы сауықтыру лагері жұмыс істеді (2021 жыл – 167, 2020 жыл – карантинге байланысты жұмыс істемеді).

Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасы Құқықтық статистика және арнайы есепке алу комитетінің деректері бойынша 2022 жылы балаларға қатысты 2005 қылмыс жасалды (2020 жыл – 1814), балалар арасында жасалған суицидтердің саны 155 жағдайды құрады (2020 жыл – 144).

Денсаулық сақтау министрлігінің мәліметі бойынша республикада жыл сайын 600 мыңнан астам адам жарақат алады, олардың 22 %-дан астамы балалар, яғни 130 мыңы (оның ішінде мұзда құлау, терезеден құлау, жол-көлік оқиғалары, өрт, су айдындарында). Тек 2022 жылы балалар арасында терезеден құлаудың 200-ге жуық фактісі тіркелді, салдарынан 25 бала қайтыс болды. Жол-көлік оқиғаларынан 232 бала қаза тауып, 3652 бала зардап шекті. Профилактикалық шаралардың қатарында – әлеуметтік желілерде және бұқаралық ақпарат құралдарында балалардың қауіпсіздік құралдарын пайдалануын насихаттауды (балаларға арналған велосипед дулығалары, балаларға арналған автокреслолар мен қауіпсіздік белдіктері, биік тұрғын үйлерге терезе қоршауларын орнату, құтқару кеудешелерін қолдану) және сабақтарда және сабақтан тыс жұмыстарда балалардың қауіпсіз мінез-құлқын қалыптастыруды атап өтуге болады.

Ішкі істер органдарының есебінде жыл сайын тәуекел аймағындағы 4 мыңға жуық кәмелетке толмаған бала және 6 мыңнан астам тұрмысы нашар отбасының балалары тұрады.

Төтенше жағдайлардың алдын алу мақсатында барлық білім беру ұйымдары меншік нысанына қарамастан бейнебақылау жүйелерімен жарақтандырылған. Бұл ретте олардың 4713 немесе 47 %-ы ішкі істер органдарының жедел басқару орталығына қосылған (1035 мектепке дейінгі ұйым, 3454 жалпы білім беретін мектеп, 224 ТЖКБ ұйымы). 2022 жылдың соңында ірі қалаларда орналасқан 1825 білім беру ұйымында күзету қызметін көрсетуге лицензиясы бар күзету қызметінің субъектілерімен шарт жасасқан. Аумақтық ішкі істер органдарының кезекші бөлімдеріне не күзет қызметі субъектілерінің орталықтандырылған бақылау пультіне бере отырып, дабыл беру құралы (дабыл түймесі) 2257 білім беру ұйымында орнатылған, 1371 білім беру ұйымында өткізу жүйесі (турникеттер) орнатылған.

Жылы дәретханасы жоқ мектептер саны едәуір қысқарды (167-ден 23-ке дейін, яғни 2020 жылдан 2022 жылға дейін 8 есе).

Мемлекеттік білім беру ұйымдары қызметкерлерінің үлгілік штаттарына сәйкес жалпы білім беретін мектепке 6-дан 20 сынып-жинаққа дейін педагог-психологтың 1 ставкасы, 30 және одан көп сыныпқа – 2 ставка (1 педагог-психологқа 500 білім алушы есебінен) көзделген. Бұл ретте, ҰБДҚ деректері бойынша елімізде 1200-ден астам

мектепте 30-дан астам сынып-жинақтар бар. Бұл мектептерде 1 педагог-психологқа 1000-нан 2500-ге дейін білім алушы келеді. Республиканың тек 1/3 мектептерінде психолог кабинеттері бар, оның ішінде ауылдық мектептерде – 1681, қалалық мектептерде – 858 (2020 жыл – 2218, 2021 жыл – 2351, 2022 жыл – 2539).

Білім беру ортасында туындайтын келіспеушіліктер мен жанжалдарды шешу кезінде қалпына келтіру медиациясы бағдарламаларының тәрбиелік мүмкіндіктері кеңейтілуде. 1865 мектепте мектеп медиациясы қызметі құрылды. Сонымен қатар осы қызметтердің құрамына енгізілген педагогтер мен ата-аналар үшін мектеп медиациясы әдісі мен медиативті тәсілдің негіздерін дайындау және оқытуды ұйымдастыру қажет.

Балалардың қауіпсіздігін күшейту мақсатында алғаш рет Баланы жәбірлеудің (буллингтің) алдын алу қағидалары бекітілді. Бұл психологиялық қызметтің құрамына кіретін мамандардың жұмысын жүйелеуге, жұмыс принциптерін реттеуге мүмкіндік берді.

Жеке қолдау көрсетуге қолжетімділікті арттыру мақсатында ата-аналардың, білім беру, денсаулық сақтау, халықты әлеуметтік қорғау ұйымдары, ішкі істер органдары қызметкерлерінің, білім алушылардың оларға қатысты жәбірлеу (буллинг) фактілері туралы өтініштері кезінде іс-қимыл алгоритмі әзірленді. Жәбірлеудің (буллингтің) алдын алу қағидаларының негізгі мақсаты – баланы жәбірлеуге (буллингке) нөлдік төзімділік мәдениетін қалыптастыруға жағдай жасау.

24/7 режимінде балалар мен ата-аналарға еліміздің барлық мектептерінде орналасқан "Bala Qorgau" QR-коды арқылы тегін консультациялық көмек көрсетіледі.

Қазақстанда материалдық тұрғыда ынталандырылатын балаларды отбасына орналастыру нысандары қолданылады: асырап алу, қорғаншылық (қамқоршылық), патронаттық тәрбие, асырап алушы отбасы. 22081 жетім және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалардың ішінен 18291 бала немесе 83,2 % отбасыларда тәрбиеленуде.

Балалар үйлерінің саны үш жылда (2020 – 2022 жылдар) 14 бірлікке азайды (98 бірліктен 84 бірлікке дейін). Балалар үйінде тәрбиеленетін балалар саны 3 жыл ішінде 464 балаға қысқарды (2020 жыл – 4254, 2022 жыл – 3790). Өңірлерде осы ұйымдарды институттандырудан шығару және оңтайландыру жоспарлары қабылданды.

Сонымен қатар жүйелі шешімдерді қажет ететін мынадай проблемалар да орын алуда:

- тұрмысы нашар отбасы проблемалары, әлеуметтік жетімдіктің артуы, балаларға қатысты қатыгездікпен қараудың профилактикасы, олардың қараусыз қалуы мен панасыздығы мәселелері;

- балалар ортасында буллинг, лудомания, ойынқұмарлық, вейптерді, электрондық темекіні, психикаға белсенді әсер ететін заттарды пайдалану және т.б. жағымсыз құбылыстардың айқын көрініс табуы;

11 өңірде бастауыш мектептің барлық білім алушыларының тегін бір реттік ыстық тамақпен қамтамасыз етілмеуі;

балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі шаралардың әлсіз нәтижелілігі;

балалардың жекелеген санаттарын толыққанды тегін бір реттік ыстық тамақпен қамтамасыз ету жеткіліксіздігі және ұтымсыздығы (нормаларды сақтау, қаржыландыруды бөлу);

мектеп асханаларына ұлттық мәзірді әзірлеу және енгізу қажеттілігі;

мектеп асханаларын жаңғырту, мәзірді жаңарту қажеттілігі;

- жекелеген санаттағы балаларды жазғы демалыспен және сауықтырумен қамтуға арналған балаларды сауықтыру орталықтарының жеткіліксіздігі;

- балаларды тасымалдауға арналған мектептердің автопаркін жаңартуға жүйелі тәсілдің болмауы;

- мектеп медиациясы қызметтерінің нашар дамуы және педагогтерді мектеп медиациясы әдісі мен медиативті тәсілдің негіздеріне оқыту тетігінің болмауы.

5-тарау. Білім беру ұйымдарында тәрбие жұмысын ұйымдастыру және қосымша білім беру

Тәрбие оқытумен тығыз байланыста. Білім алу танымдық, шығармашылық мүмкіндіктерді арттырады, адалдық, табандылық және өзіне қойылатын талапшылдық қасиеттерінің қалыптасуына себеп болу арқылы тәрбиелілік деңгейінің артуына ықпал етеді.

Қазақ ағартушылары Абай Құнанбайұлы, Ахмет Байтұрсынов, Міржақып Дулатов, Мағжан Жұмабаев балаға сөз емес, ата-анасының және оның айналасындағы адамдардың іс-әрекеттері әсер етеді деп тұжырымдаған. Осыған орай бала тәрбиесінде отбасындағы ахуал, отбасы мүшелерінің өзара қарым-қатынасы, ата-ана бойындағы адами қасиеттер мен өмірлік ұстанымдардың маңызы зор.

Білім алушылардың физикалық, психологиялық, әлеуметтік әл-ауқатын қамтамасыз ету үшін отбасы тәрбие институты ретінде маңызды рөл атқарады.

Қоғамның қажеттіліктерін ескере отырып Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуды дамыту моделін іске асыру аясында МТО сапасын жақсарту жөнінде шаралар қабылданды.

Орта білім беру деңгейінде білім алушыларды тәрбиелеу ісі пәндік мазмұн және тәрбие жұмысы арқылы жүзеге асырылады. Тәрбие ісінің табыстылығы ұйымның миссиясына және мұғалімнің педагогикалық шеберлігіне, білім алушылардың жеке ерекшеліктерін білуіне, ұжымның тәрбиелік міндеттеріне байланысты. Бұл ретте баланың толыққанды дамуы үшін мектептегі тәрбие процесіне ата-аналардың қатысуы және оқу үшін қолайлы жағдай мен орта құру қажет.

Еліміздің білім беру ұйымдарында тәрбие жұмысы мынадай негізгі бағыттар бойынша жүзеге асырылады: рухани-танымдық тәрбие; ұлттық тәрбие; отбасылық тәрбие; қазақстандық патриотизм мен азаматтыққа тәрбиелеу, құқықтық тәрбие; еңбек,

экономикалық және экологиялық тәрбие; көпмәдениетті және көркем-эстетикалық тәрбие; зияткерлік тәрбие, ақпараттық мәдениетті тәрбиелеу; дене тәрбиесі, салауатты өмір салтын қалыптастыру және басқалар.

Отбасылық құндылықтар мен ұлттық тәрбие мәселелері орта білім беру ұйымдарының тәрбие жұмысы жоспарына және пәндердің оқу бағдарламасы мазмұнына енгізілген.

Ата-аналардың республикалық қоғамдық кеңесінің қызметін әдістемелік сүйемелдеу мақсатында 2020 жылдан бастап "Отбасы – мектеп", "Мектеп өмірінен бір күн" ұзақ мерзімді жобалары іске асырылуда.

Еліміздегі білім беру ұйымдарында "Ата-ана мектебі", "Әжелер мектебі", "Әкелер мектебі", "Аналар мектебі" бастамалары іске асырылуда.

Сонымен қатар, білім беру ұйымдарында өскелең ұрпаққа идеологиялық тәрбие беру бойынша жұмыстар жүргізіледі. Өскелең ұрпаққа идеологиялық тәрбие беру шеңберінде "Білім-инновация" лицей-интернаттары мен "НЗМ" ДБҰ білім алушыларды тәрбиелеу және оқыту жүйесінің тәжірибесін енгізу жалғасады.

Сыныптан тыс жұмыстарда білім алушыларға экологиялық тәрбие беру шеңберінде ақпараттық-экологиялық, әлеуметтік маңызы бар іс-шаралар өткізіледі: акциялар, көрмелер, мектепті және оған іргелес аумақты ең жақсы көгалдандыруға арналған конкурс.

Білім беру ұйымдарында өскелең ұрпақтың бойында қазақстандық патриотизмді және белсенді азаматтық ұстанымын дамыту үшін "Жасыл экономика", "Қоршаған ортаны қорғау", "Менің Отаным, менің қалам/ауылым" және басқа да қоғамдық пайдалы қозғалыстарға білім алушылардың тарту ауқымы кеңейтілуде. Азаматтық белсенділікті дамыту білім алушылардың "Жас қыран", "Жас ұлан", "Жас сарбаз" секілді пікірталас қозғалысына, мектеп және студенттік өзін-өзі басқаруға, балалар-жасөспірімдер қозғалысына қатысуымен сүйемелденеді. Республикада 6727 пікірсайыс клубы жұмыс істейді.

2022 жылы елімізде 513280 білім алушыны қамтитын 7321 мектептішілік/студенттік парламент (6501 – мектептерде, 820 – колледждерде) жұмыс істеді, онда 57 мыңнан астам фракциялар мен комитеттер қамтылды (2020 жыл – 4278, 2021 жыл – 6771, 2022 жыл – 7321).

2021 жылмен салыстырғанда 2022 жылы өзін-өзі басқаруға қатысушылар саны 82674 адамға ұлғайды, бұл білім алушылардың топтық жұмысқа қатысуының, әрбір білім алушының өзіндік маңыздылығының, оның өзара қарым-қатынасы мен өз іс-әрекеті үшін жауапкершілігінің артуына әкелді (2020 жыл – 43074, 2021 жыл – 54021, 2022 жыл – 82674).

2020 жылы пандемия тәрбие жұмысын да өзгертуге түрткі болды, педагогтер мен білім алушылардың IT-дағдыларын дамыту қажеттілігін көрсетті. Ата-аналардың онлайн-жиналыстарын, педагогикалық кеңестерді, сынып сағаттарын өткізудің

бірыңғай форматтары, онлайн-іс-шаралар кезіндегі мінез-құлық ережелері (zoom, teams, google meet платформалары және басқалар), онлайн-форматта тәрбие жұмысын ұйымдастыру туралы ережелер әзірленді. Білім беру ұйымдарында "Оқуға кеңес береміз" онлайн-көрмесі өткізілді, онда мектеп сайтында аудиокітаптар, "Дүниежүзілік мұра объектілері" жас суретшілердің онлайн-көрмелері орналастырылды.

Карантин режимі дене белсенділігінің төмен деңгейіне әкелді, бұл балалардың денсаулығына, әл-ауқатына және өмір сүру сапасына теріс әсер етті, балалар мен жастардың психикалық денсаулығына жағымсыз стресс болды. Сондықтан білім алушылар мен педагогтердің физикалық және психоэмоционалды жағдайларын қолдайтын жаттығулар кешені жасалды.

"Оқуға құштар мектеп" жобасы оқуға деген қызығушылықты арттырады және білім алушылардың оқу сауаттылығын дамытады. Бұдан басқа, жоба өзара іс-қимыл және әлеуметтік әріптестік арқылы білім алушылардың оқу құзыреттілігін, оқу мәдениеті деңгейін және оқу белсенділігін дамытуға, оның ішінде бірыңғай оқырман қауымдастығын қалыптастыру үшін ата-аналарды іс-шараларға тартуға ықпал етеді.

Білім беру саласында барлығы 7096 кітапхана жұмыс істейді, оның ішінде 6461-і – мектептерде, 579-ы – ТЖКБ ұйымдарында (2020 жыл – 7133, 2021 жыл – 7031, 2022 жыл – 7096). Сондай-ақ республикалық ғылыми-педагогикалық кітапхана жұмыс істейді. Жалпы білім беретін мектептердің кітапхана қорын толықтыру мәселелері өзекті болып қала береді. Мектептерде кітапханаларға деген жалпы қажеттілік 670 бірлікті құрайды.

Жалпы кітапхана қоры 267 млн данадан астам кітапты құрайды (2020 жыл – 212 млн, 2021 жыл – 220 млн, 2022 жыл – 267 млн). Жобаны іске асырудың екі жылында мектеп кітапханаларында, оның ішінде қазақ тілінде, қазақстандық авторлардың ғана емес, әлемдік әдебиет туындыларының да заманауи көркем әдебиет көлемі айтарлықтай өсті. Мектеп кітапханаларының жұмыс форматын өзгерту, өңірлік, ұлттық және халықаралық ресурстық және кітап қорларына толық және жедел қолжетімділікті қамтамасыз ету "Оқуға құштар мектеп" жобасын сапалы жүзеге асыруға мүмкіндік береді.

Білім алушылардың білімге және шығармашылыққа деген тұрақты қажеттілігін алуға, өз қабілетін іске асыруға, өзін-өзі анықтауға мүмкіндік беретін жалпы білім берудің құрамдас бөлігі балаларға қосымша білім беру болып табылады.

Соңғы 3 жылда қосымша біліммен, оның ішінде мектеп үйірмелерімен, мектептен тыс ұйымдармен қамтылған балалар саны мемлекеттік білім беру, шығармашылық және спорттық тапсырыс бойынша 12 %-ға немесе 589330 адамға ұлғайды (2020 жыл – 63,5 % (2211595 адам), 2021 жыл – 66,9 % (2406395 адам), 2022 жыл – 75,5 % (2800925 адам)).

2022 жылы балаларға қосымша білім беру ғылыми-техникалық, музыкалық, көркемдік-эстетикалық, экологиялық-биологиялық, туристік-өлкетану, патриоттық,

әлеуметтік-педагогикалық бағыттар бойынша үйірмелердің 380 түрі бойынша білім алушылардың шығармашылық қабілеттерін дамытады.

1625 қосымша білім беру ұйымында 1087088 бала (қала – 660879, ауыл – 426209) қамтылған, бұл мектеп оқушыларының жалпы санынан 29,4 %-ын құрайды. Соңғы үш жылда осындай ұйымдардың желісі 353 бірлікке ұлғайды (2020 жыл – 1272 бірлік, 2021 жыл – 1523, 2022 жыл – 1625). Қосымша білім берумен қамтылған мектеп оқушыларының үлесі 0,8 %-ға өсті (2020 жыл – 28,6 %, 2021 жыл – 29,4 %, 2022 жыл – 29,4 %).

Мектеп үйірмелерінде 1267843 білім алушы (қала – 814944, ауыл – 452899) немесе олардың 34,1 %-ы қамтылған. Соңғы үш жылда мектеп үйірмелерімен қамтылған балалар саны 51770 білім алушыға артты (2020 жыл – 1216073 адам, 2021 жыл – 1347676 адам, 2022 жыл – 1267843 адам).

ЕБҚ балаларды қосымша біліммен қамту олар үшін тиісті арнайы жағдайдың болмауына байланысты төмен деңгейде болып қалуда.

Тәрбие жұмысында мынадай проблемалар бар:

- білім беру ұйымдарындағы тәрбие жұмысында кешенді тәсілдің болмауы;
 - білім беру ұйымдарында тәрбие процесін ғылыми-әдіснамалық және оқу-әдістемелік сүйемелдеу қажеттілігі;
- оқу-тәрбие процесінде пән мұғалімдері мен сынып жетекшілерінің педагогикалық өзара іс-қимылы мен ынтымақтастығының жеткіліксіздігі;
- сынып жетекшілері қызметінің төмен тиімділігі мен формальдылығы;
- білім беру ұйымдарының тәрбие жұмысын іске асыру бойынша педагогтердің, психологтардың, әлеуметтік қызметкерлер рөлінің жеткілікті реттелмеуі;
- мектептен тыс ұйымдардың және тегін мектеп үйірмелерінің балалардың тұратын жерінен қадамдық қолжетімділікте болмауы;
- ЕБҚ балаларды және ауылдық жерлерде білім алушыларды қосымша біліммен қамтудың төмендігі;
- білім беру ұйымдарының тәрбие процесіне ата-аналардың аз қатысуы;
- білім беру ұйымдарында тәрбие жұмысының сапасын бағалаудың жүйелі мониторингілеудің тетігі мен критерийлерінің болмауы.

6-тарау. Педагог мәртебесі

Ескерту. 6-тарауға өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 25.04.2025 № 271 қаулысымен.

Білімді де білікті кадрларсыз білім беру жүйесін дамыту мүмкін емес. 2019 жылы қабылданған "Педагог мәртебесі туралы" Қазақстан Республикасының Заңы соңғы үш жылда педагогтерге қолайлы жағдай жасау және олардың кәсіби тұрғыда өсуін ынталандыру бойынша жүйелі шаралар кешенін іске асыруға мүмкіндік берді.

2022 – 2023 оқу жылында мектепке дейінгі, орта, қосымша, техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарында – 556896, оның ішінде ауылдық жерде 268307 педагог жұмыс істейді (2020 – 2021 оқу жылы – 502976, 2021 – 2022 оқу жылы – 521112).

2020 жылдан бастап мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік білім беру педагогтерінің еңбегіне ақы төлеу екі есеге артты. Аттестаттау қорытындылары бойынша мектепке дейінгі, орта, қосымша, техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарының 255146 педагогі біліктілік санатына қарай лауазымдық жалақысынан 30 %-дан 50 %-ға дейін қосымша ақы алады.

Мамандықтың беделі артып, еңбек жағдайлары жақсарып, педагогтардың құқықтары мен мүмкіндіктері кеңейтілді. Атап айтқанда, педагогтердің жүктемесін азайту бойынша шаралар қабылданды, мұғалімдердің еңбегін, сондай-ақ демалыс уақытын нормалау жүйесі әзірленді. 2021 жылдан бастап мектеп педагогтарының 18 сағаттық жүктемесінен 16 сағаттық жүктемесіне көшу жүзеге асырылды. Мектепке дейінгі ұйымдар педагогтерінің есептілігі 2022 жылғы 1 қыркүйектен бастап үш құжатқа дейін төмендетілді. Білім беру сапасын қамтамасыз ету жөніндегі аумақтық департаменттер жанынан педагогикалық этика және педагогтардың құқықтарын қорғау мәселелері бойынша кеңестер құрылды. Тәлімгерлік, магистр дәрежесі үшін, сондай-ақ спорт секцияларын жүргізгені үшін жаңа қосымша ақы енгізілді, орта білім беру ұйымдарында сынып жетекшілігі мен дәптерлерді тексергені үшін қосымша ақы едәуір ұлғайтылды. Педагог мәртебесін арттыру және олардың еңбегін материалдық ынталандыру мақсатында жыл сайын "Үздік педагог" республикалық конкурсы өткізіледі. Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беруді қоспағанда, білім берудің барлық деңгейлеріндегі педагогтердің біліктілік деңгейіне, құзыретіне, мазмұнына, сапасына және еңбек жағдайларына қойылатын талаптарды айқындайтын "Педагог" кәсіби стандарты бекітілді.

2022 – 2023 оқу жылында педагогтерге қажеттілік 3550 адамды құрады, оның ішінде ауылдық жерлерде – 1847. 2020 жылы педагогтар қатарын 9220 жас маман толықтырды, 2021 жылы – 11846 адам, 2022 жылы – 5735 адам. Жаңадан бастаушылар мен жас мұғалімдерге жағдай жасауға ерекше назар аударылады. Осылайша, тәлімгерлік институтын дамыту тетіктері қарастырылған. Дарынды жастарды тарту және педагогикалық бейіндегі білім беру бағдарламаларына үміткерлерді сапалы іріктеуді жүзеге асыру үшін 2021 жылдан бастап талапкерлердің оқуға түсуі үшін ұлттық бірыңғай тестілеудің шекті балы 50-ден 75 балға дейін ұлғайтылды. Соңғы жылдары педагогикалық мамандықтарға оқуға түскен "Алтын белгі" төсбелгісін алған мектеп түлектерінің саны екі есеге артты.

Салаға талантты педагогтердің келуін ынталандыру үшін қолдау шаралары қабылдануда. "Болашақ" халықаралық стипендиясының түлектеріне жоғары/жоғары оқу орнынан кейінгі білімді алғаннан кейін 5 жыл мерзімнен кешіктірмей біліктілік санатын беру рәсімінен өтпей "педагог-модератор" біліктілік санаты беріледі. ЖОО

педагогикалық мамандықтар бойынша бітірген түлектер үшін оларды одан әрі жұмысқа орналастыру үшін сертификация енгізілді.

Педагогтер тапшылығы бар өңірлер үшін тиісті қолдау шараларының пакетімен үздік педагогтерді тарту мақсатында Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2022 жылғы 13 маусымдағы № 390 қаулысымен бекітілген арнайы бағдарлама қабылданды.

ТЖКБ жүйесінде педагогтердің жалпы санынан 37,6 %-ын арнайы пәндердің, 22 %-ын жалпы білім беретін пәндердің педагогтері, 12,4 %-ын өндірістік оқыту шеберлері құрайды. Колледждерде педагогтердің 8,5 %-ы – 25 жасқа дейінгі жас педагогтер. Арнайы пәндер бойынша педагогтерге және өндірістік оқыту шеберлеріне жұмысқа орналасу сәтінде кемінде соңғы бес жыл жұмыс өтілі болған кезде лауазымдық жалақысының 30 %-ы қосымша ақы төленетін "педагог-модератор" біліктілік санаты; жұмысқа орналасу сәтінде соңғы он жылдан астам жұмыс өтілі болса, лауазымдық жалақысының 35 %-ы қосымша ақы төленетін "педагог-сарапшы" біліктілік санаты беріледі.

Өндірістік оқыту шеберлері мен колледждердің арнайы пәндер оқытушылары аттестаттаудан өту кезінде ұлттық біліктілік тестілеу рәсімінен өтуден босатылады.

Арнайы пәндер оқытушылары және өндірістік оқыту шеберлері лауазымдарына алғаш рет қабылданған, өндірісте кемінде 2 жыл жұмыс өтілі болса, "Педагог" біліктілік санаты біліктілік санатын беру рәсімінен өтпей беріледі.

ТЖКБ жүйесінде тәлімгерге білім алушының өндірістік оқуын және кәсіптік практикасын ұйымдастыру бойынша көрсетілген қызметтер үшін ақы төленеді.

Соңғы 3 жылда колледж оқытушыларының 40 %-ы біліктілікті арттыру курстарынан өтті.

Педагогтерді даярлау жүйесінің міндеттері орта білім берудің жаңартылған мазмұнын енгізу кезеңінде елеулі түзетуден өтті. Осы кезеңде орта білім беру мазмұны, мектеп пәндерін оқыту әдістемесі, жоғары оқу орындары пәндерінің пәндік мазмұны, АКТ құзыреттілігі мәселелерінде педагогтерді даярлаудағы елеулі олқылықтар айқын болды. Педагогтерді қолдаудың мемлекеттік шараларына қарамастан, педагогикалық білім ерекше назар аударуды және біліктілікті арттыру жүйесімен тығыз қарым-қатынасты талап етеді.

ЭЫДҰ-ның TALIS зерттеуі (2018 жыл) мектептердегі мұғалімдердің, мектеп директорларының және білім беру ортасының ауқымды халықаралық зерттеуі қазақстандық педагогтерді оқыту үшін АКТ-дағдыларын дамыту бойынша біліктілікті арттыру курстарына (90 %), оқытылатын пәннің әдістемесіне (90 %) және білім алушыларды бағалау нәтижелерін талдауға (89 %) қатысуының жоғары үлесін көрсетті. TALIS-2018-де жас педагогтердің 17 %-ы ЕБҚ бар балалармен жұмыс істеу бойынша оқытудың жоғары қажеттілігі туралы хабарлады, мектеп директорларының 61 %-ы педагогтер балалардың жеке қажеттіліктерін қанағаттандырмайтынын көрсетті (ЭЫДҰ – 30 %).

ЮНИСЕФ анықтаған мектепке дейінгі білім берудің тиісті деңгейде дамуына қажетті 10 стандартының бірі – педагогтердің кемінде 50 %-ының білім беру және оқыту саласында жоғары білімінің болуы. Сонымен қатар МТО педагогтерінің сапалы құрамы кәсіби әлеуетті арттыруды талап етеді. 2022 – 2023 оқу жылындағы жағдай бойынша мектепке дейінгі ұйымдардың 97407 педагогінің 68 %-ының "Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту" мамандығы бойынша бейінді білімі бар, оның 1,2 %-ының жоғары оқу орнынан кейінгі және 35,8 %-ының жоғары, 31 %-ының техникалық және кәсіптік білімі бар. Модельді іске асыру шеңберінде мектепке дейінгі ұйымдардың 15945 педагогі қамтылған біліктілікті арттыру курстарының 41 білім беру бағдарламасы әзірленді. Бірыңғай дидактикалық және әдістемелік материалдармен "Курс тыңдаушысының портфелі" ұсынылатын біліктілікті арттыру курстарын өткізу тәсілдері өзгертілді. 2023 жылдан бастап жыл сайын жүйелі курстармен курстан кейінгі сүйемелдеудің міндетті жаңа нысандарымен МТО педагогтерінің 34 %-ы қамтылатын болады.

Біліктілікті арттыру курстарының маңызды нысаналы тобы білім беру ұйымдарының басшылары болып табылады. Қазақстанда білім беру саласында тағайындалғанға дейін көшбасшыларды даярлау тәжірибесі жоқ. Қазақстан директорларының тек 13 %-ы ғана мектепті басқаруды қызметке кіріскенге дейін меңгерген, ал ЭЫДҰ көрсеткіші 31 %-ға жеткенін атап өтті. Басқарушы персоналды көшбасшылық және менеджмент дағдыларына даярлау "факт бойынша", яғни басшылық лауазымға тағайындалғаннан кейін жүргізіледі.

Қазіргі уақытта білім беру жүйесінде мемлекеттік орта білім беру ұйымдары басшыларының республикалық кадрлық резерві жоқ. Білім беру ұйымдарының болашақ басшыларын мақсатты бағытталған даярлау білім беру ұйымдарын басқару тиімділігін арттыруды және білім беру қызметтерінің сапасын жақсартуды қамтамасыз ету үшін оларда қажетті басқару дағдыларын, стратегиялық пайымдауды қалыптастыруға мүмкіндік береді.

Осыған байланысты 2023 жылдан бастап Оқу-ағарту министрлігі "НЗМ" ДБҰ-мен бірлесіп жаңа форматтағы басшыларды іріктеуге және даярлауға бағытталған "Білім берудегі өзгерістердің 1000 көшбасшысы" жобасын іске асыруда.

Аталған жоба жалғастырылып, жаңа буын менеджерлерін, білім берудегі өзгерістер көшбасшыларын даярлауды қамтамасыз етеді.

2022 жылдан бастап алғаш рет Мемлекеттік білім беру ұйымдарының бірінші басшылары мен педагогтерін қызметке тағайындау, қызметтен босату қағидаларына сәйкес бірінші басшыларды және педагогтерді жұмысқа орналастыру конкурстық негізде жүзеге асырылады.

Менеджменттің тиімділігін арттыру мақсатында бірінші басшыларды ротациялау институты енгізілді. Ротация бірінші басшылардың кәсіби әлеуеті мен басқару тәжірибесін тиімді пайдалануды қамтамасыз етуге, олардың басқару құзыреттерін

кәсіби дамытуға және жетілдіруге, кәсіби дамымай қалудың және сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтардың алдын алуға мүмкіндік береді.

Қазақстанның білім беру жүйесін дамыту үдерістері педагогтердің үздіксіз кәсіби даму бағытын басымдыққа айналдырады, ол педагогтердің өздеріне қойылатын қиындықтар мен қажеттіліктер бойынша курстық даярлыққа енгізілуі тиіс. Сонымен қатар талап етілетін кәсіби даму оның тиімділігін үнемі бақылап отыруды талап етеді. Мұндай интеграция педагогтердің үздіксіз кәсіби дамуы мақсатында, бірақ білім беру сапасын арттырудың күтілетін нәтижесімен ғылыми-әдістемелік жұмысты орындауға мүмкіндік береді.

Сонымен қатар педагогтердің мәртебесін көтеруде мынадай проблемалар шешуді қажет етеді:

- педагогтердің кәсіби құзыреттілігі мен кәсіби дамуының жеткіліксіз деңгейі;
- IT-құзыреттілікті, эмоционалды интеллектті дамыту, сабақтарды зерттеу, іс-әрекеттегі зерттеу, сыни ойлау, тайм-менеджмент, ЕБҚ балалармен жұмыс бойынша педагогтердің біліктілігінің жеткіліксіз деңгейі;
- мектептердегі психологтардың, әлеуметтік педагогтердің тапшылығы, осыған байланысты психологтардың, әлеуметтік педагогтердің штат бірліктерінің нормативін қайта қарау қажеттілігі туындайды;
- білім беру ұйымдарының бірінші басшыларының кадр резервінің болмауы;
- жоғары кәсіби педагогтердің дерекқорының болмауы.

7-тарау. Білім беру сапасын бағалау

Мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік білім берудің оқу бағдарламаларын іске асыру кезінде оның сапасын бағалау маңызды компонент болып табылады. МТО сапасының басты өлшемшарты – ата-аналардың көрсетілетін қызметтердің сапасына қанағаттануы.

ECERS-R халықаралық сапаны бағалау шкаласын пайдалана отырып, Қазақстанда жүргізілген зерттеу нәтижелері мектепке дейінгі ұйымдарда көрсетілетін қызметтер сапасының орташа деңгейде екенін көрсетті.

Мемлекеттік бақылау жүйесі бизнесті жүргізу бөлігінде жаңа әкімшілік кедергілерді енгізуді жоюға бағытталған.

Хабарлама беру тәртібі енгізілді, алайда тексеру рәсімін жеңілдету, лицензиялауды алып тастау МТО қызметтері сапасының төмендеуіне әкелуде. Осыған байланысты МТО-да ұсынылатын қызметтер сапасын бағалаудың баламалы нұсқалары, оның ішінде сапаны бағалаудың ұлттық жүйесін жетілдіру арқылы енгізіледі.

Орта білім беруде оқыту сапасын бағалау және мониторингтеу үшін құралдар кешені пайдаланылады. Жаңартылған мазмұн шеңберінде білім алушылардың оқу жетістіктерін критериалды бағалау жүйесі енгізілді.

2022 жылдан бастап білім беру сапасын бағалаудың ұлттық құралы – білім алушылардың білім жетістіктерінің мониторингі (бұдан әрі – ББЖМ) енгізілді. ББЖМ білім сапасын білім беру ұйымдарынан тәуелсіз елдік жүйелі бақылау болып табылады.

2022 жылы ББЖМ 4-ші және 9-шы сынып білім алушылары арасында кешенді тестілеу нысанында үш бағыт бойынша өткізілді: оқу сауаттылығы, математикалық сауаттылық, жаратылыстану сауаттылығы.

ББЖМ шеңберінде білім алушылар, педагогтер және білім беру ұйымдарының басшылары арасында сауалнама жүргізілді. ББЖМ нәтижелері бойынша Ы. Алтынсарин атындағы ұлттық білім академиясы мектептер бөлінісінде кешенді талдау және білім беру сапасын жақсарту бойынша әдістемелік ұсынымдар әзірледі.

Қазақстан сондай-ақ ел деңгейінде және басқа елдермен салыстырғанда оқу жетістіктерінің мониторингі үшін PISA, TIMSS, PIRLS, ICILS халықаралық салыстырмалы зерттеулеріне қатысуды жалғастыруда.

2021 жылы профилактикалық бақылауды нысанға бармай мемлекеттік аттестаттау нысанында өткізу туралы норма заңнамалық түрде бекітілді. 2022 жылы 2363 білім беру ұйымында, оның ішінде 130 балабақшада, 835 мектепте және 772 ТжКБ ұйымында өткізілді.

Бақылау барысында мынадай жүйелік кемшіліктер анықталды: жұмыс оқу жоспарларының МЖБС талаптарына, педагогтер санаттарының Педагог лауазымдарының үлгілік біліктілік сипаттамаларына, нақты деректердің ҰБДҚ көрсеткіштеріне сәйкес келмеуі, ЕБҚ балаларға арналған жеке оқу жоспарлары мен бағдарламаларының болмауы, пәндік кабинеттермен және зертханалық жабдықтармен жеткіліксіз жарақтандырылуы және басқалар.

Мемлекеттік аттестаттаудан өтпеген білім беру ұйымдарына анықталған бұзушылықтарды жоюға және білім беру қызметін Қазақстан Республикасының білім саласындағы заңнамалары талаптарына сәйкестендіруге бір жылдан аспайтын уақыт берілді.

Білім алушылардың білім сапасын жүйелі түрде арттыру мақсатында 2021 жылдан бастап "Мектептерге арналған PISA" (PISA-based Test for Schools) зерттеуі жүргізілуде. 2021 жылы ЭЫДҰ іріктеп алған 200 білім беру ұйымдарында валидациялық кезең өтті, ал 2022 жылы еліміздің 1000 ұйымының 33628 он бес жастағы білім алушылары негізгі зерттеуге қатысты (есепті 2023 жылдың соңында шығады).

"Мектептерге арналған PISA" мақсаты – жеке мектеп деңгейінде сыртқы бағалау жүргізу. Тестілеу қорытындылары бойынша әрбір мектеп ЭЫДҰ-дан елдің және әлемнің басқа мектептерімен салыстырғанда функционалдық сауаттылық деңгейі туралы жеке немесе топтық талдамалық есеп алады.

Сонымен қатар, білім беру сапасын бағалауда мынадай проблемалар бар:

- өңірлерде халықаралық және мониторингтік зерттеулердің қорытындылары бойынша ұсынымдарды іске асыру бойынша жоспарлы жұмыс жүргізілмейді;

- білім басқармалары деңгейінде алдын алу шараларын қабылдау үшін тәуелсіз бағалаудың өңірлік жүйелері жоқ;
- бағалау және тестілерді әзірлеу бойынша мамандарға деген жоғары қажеттілік;
- білім алушылардың білім жетістіктерін сырттай бағалаудың қолданыстағы құралдары деректерді корреляциялауға және талдау жүргізу үшін халықаралық стандарттарға толық сәйкес келмейді;
- сапаны ішкі және сыртқы қамтамасыз ету процестері жүйеленбеген, білім берудің барлық стейкхолдерлерінің қолдануы үшін білім беру сапасын бағалау жөніндегі халықаралық стандарттарға сәйкес келетін бірыңғай негіздемелік құжат жоқ;
- мемлекеттік бақылауды жүзеге асыру кезіндегі артық қағаз есептілігі;
- тексеру жоспарын құру кезінде адами фактордың әсері.

3-бөлім. Халықаралық тәжірибеге шолу

Ескерту. 3-бөлімге өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 13.06.2024 № 465 қаулысымен.

Қазақстан алдыңғы қатарлы және көрші мемлекеттердің білім беруді дамытудағы тәжірибесіне қызығушылық танытады. Осылайша, бірқатар мемлекеттердің стратегиялары талданды.

Мектепке дейінгі тәрбиемен және оқытумен қамту

Еуропа елдері мен АҚШ-тың тәжірибесі мектепке дейінгі білім беру орындарының тапшылығы проблемасын шешудің табысты мысалдарының бірі болып табылады.

Қызметкерлерді тарту және оларға қолайлы жағдай жасау мақсатында әлемнің дамыған елдерінде корпоративтік балабақшалар кең таралған.

Корпоративтік балабақша – бұл балалардың офисте немесе оның жанында уақытша болуы үшін жұмыс беруші арнайы ұйымдастырған кеңістік, онда ата-аналар баланы бірнеше сағатқа немесе бір күнге қалдыра алады.

Мектепке дейінгі білім беру ұйымының бұл моделі Еуропа мен АҚШ-тағы ірі компанияларда кеңінен қолданылады. Корпоративтік балабақшалар мен балалар бөлмесі Google, Apple, BMW сияқты халықаралық алпауыттарда бар. Корпоративтік балабақшалардың ең ірі әлемдік желісі Bright Horizons компаниясының деректері бойынша сауалнамаға қатысқан ата-аналардың 94 %-ы балабақша үшін жұмыс орнын ауыстыруға дайын, ал 23 %-ы балабақша немесе даму орталығы жоқ компанияларда жұмыс істеуден бас тартқан.

Осы халықаралық тәжірибені ірі жұмыс берушілердің әлеуетін тарта отырып, мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға қолжетімділікті қамтамасыз ету үшін Қазақстанда да қолдануға болады.

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту сапасын бағалау

ЭЫДҰ деректеріне сәйкес, балалардың ерте дамуына салынған инвестициялардың қайтарымы кейінгі түзеу біліміне, еңбек өнімділігін арттыруға, салық төлемдерінің өсуіне және қылмыстың төмендеуіне арналған қаражатты үнемдеу есебінен жыл сайын

7-10 % құрайды. Қазақстанда 2018 жылы жүргізілген PISA зерттеулері мектепке дейінгі білім алу балалардың одан әрі жетістіктеріне оң әсер ететінін растайды. Бұл үрдісті басқа халықаралық зерттеулер де (TIMSS, PIRLS және басқалар) растайды.

Стандарттар мен сапа индикаторларын әзірлеу мақсатында көптеген елдер білім беру қызметтерінің сапасын зерттеу және бағалау үшін әлемнің жетекші университеттері әзірлеген қолданыстағы шәкілдерді пайдаланады.

Жаңа Зеландияда мектепке дейінгі білім сапасы өзара қарым-қатынас педагогикасы негізінде, АҚШ пен Аустралияда (Dalli et al, 2011) аккредиттеу процесі негізінде бағаланады.

Ресейде сапаны ұлттық бағалау, Германияда педагогтердің өздігінен пайдалануына бейімделген бағалау құралы жасалды. АҚШ-тың кейбір штаттары да сапа көрсеткіштерін әзірледі.

Педагогикалық процестің сапасы мен тиімділігі тәрбиелік компоненттің өлшемшарттары арқылы анықталады. Адамгершілік, тәуелсіздік және даралық – әлемнің барлық елдері педагогикасының негізгі қағидаттары. Азия елдерінде балаларды тәрбиелеуде дәстүрлерді құрметтеуге үлкен мән беріледі.

Мектепке дейінгі білім беру жүйесін трансформациялаудың алғашқы қадамы 2021 жылы Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуды дамыту моделін қабылдау болды. Модельді іске асыру өлшенетін өлшемшарттарды анықтау арқылы сапаны жақсартуды, ата-аналардың білім беру қызметінің сапасына қанағаттануын қамтамасыз етуді көздейді.

Білім алушылардың білімдеріндегі олқылықтарды қалпына келтіру

Әлемдік тәжірибе пандемиядан кейін ұлттық білім беру жүйесін қалпына келтіру үшін жауапты шаралар қабылдаудың маңыздылығын көрсетеді. Әлеуметтік жағдайы төмен отбасылардан шыққан балалар ерекше назар аударуды талап етеді. Мектептегі білім беру жүйесіндегі білім олқылықтарын қалпына келтіру бойынша уақытылы шаралар қолданбау басқа деңгейлерде үлгерімі төмен білім алушылар үлесінің өсуіне немесе NEET жастары санының өсуіне әкеледі.

Әлемнің 108 елі 2020 жылы мектептің жабылуына байланысты орта есеппен 47 күндік күндізгі оқудың өткізілмегені туралы хабарлады, бұл оқу жылының бір тоқсанына тең. Осыған байланысты әрбір ел жоғалған білімді толықтыруға (шыңдауға) және білім берудің ағымдағы проблемаларын шешуге ғана емес, сондай-ақ болашақ сын-тегеуріндердің алдын алуға қызмет ететін жүйелі шараларды әзірлеуге күш салуда. Ұлыбританияда білім алушыларға оқудағы олқылықтардың орнын толтыруға көмектесу үшін әзірленген ұлттық репетиторлық бағдарлама іске қосылды. АҚШ-та Теннесси бағдарламасы – репетиторлар корпусы іске қосылды, оның шеңберінде ТжКБ ұйымдарының студенттері COVID-19-ға байланысты оқудағы олқылықтары азайту үшін білім алушылармен бірге сабақ оқиды.

Студенттерді репетитор ретінде тартудың бұл тәжірибесі Қазақстанда да қолданыла алады. Білімдегі олқылықтардың орнын толтыру міндеттері аясында қажеттіліктері бар білім алушыларға көмек көрсету жөніндегі шаралар қарастырылады.

Қашықтан оқытуды дамыту

Қашықтан оқытуды жүзеге асыру кезінде елдер пандемия басталғанға дейінгі цифрлық және инфрақұрылымдық дайындық деңгейіне байланысты әртүрлі шешімдерді қолдана және бейімдей отырып, орын алған жағдайдан әрқалай шықты. Бірнеше ел (Сингапур, Франция, Оңтүстік Корея) пандемиядан бірнеше жыл бұрын жасалған ұлттық LMS шешімдерін қолданды. Қытай бастапқыда елдің бизнес қоғамдастығына арналған DingTalk қосымшасын қашықтан білім беру қажеттіліктеріне бейімдеді. ZOOM, Skype, MS Teams, Google Classroom сияқты оқу процесін ұйымдастыру және синхронды онлайн-сабақтарды өткізу бойынша бағдарламалар барлық елдерде, соның ішінде Қазақстанда да қолданылды. Елдер цифрлық білім беру ресурстарының ауқымды көлемін жинақтады. Қазақстанды цифрлық білім беру контентін онлайн-сабақтармен барлық сыныптар мен пәндерді қамтып, сандық тұрғыдан сол сияқты сапалы арнада арттыруда.

Дамыған елдердегі ауыл мектептері педагогтер, білім алушылар және олардың отбасылары арасындағы өзара іс-қимылды жеңілдету және ресурстарды оңтайлы пайдалану үшін қашықтан оқыту мүмкіндіктерін кеңінен пайдаланады. Мысалы, АҚШ-та көптеген ауылдық округтер білім алушыларға мектепте жоқ пәндер, мысалы, екі жакқа қабылдану, кредиттерді қалпына келтіру, кәсіптік және техникалық білім беру курстары бойынша қашықтан курстарды ұсынады.

Осылайша, Қазақстанда қашықтан оқыту білім беру сапасын бақылауды қамтамасыз ете отырып, оқытудың ықтимал форматының бір бөлігі ретінде одан әрі дамытылады және нормативтік құқықтық қамтамасыз етіледі.

Ауыл мектептерін дамыту

Әлемде ауыл мектептері инфрақұрылымының проблемалары көбінесе ауыл мектептерін басқа мектептермен стратегиялық байланыстыру және мектеп кластерлері шеңберіндегі ынтымақтастық арқылы шешіледі. Кластеринг мүмкіндіктердің кең ауқымына: тәжірибе мен ресурстармен алмасу (оның ішінде мұғалімдер), педагогтердің кәсіби қоғамдастықтары және басқаларына байланысты көптеген елдерде даму мен қолдаудың танымал тәсіліне айналды. Мысалы, Испанияда көрші ауыл мектептері көбінесе бірыңғай әкімшілік бірлік ретінде әрекет етеді. Шанхайда (Қытай) педагог кадрлармен, оқыту әдістерімен және педагогтерді басқарумен алмасатын қалалық және ауылдық аудандар арасында өңірішілік бағдарлама жұмыс істейді. Ауылдық округтердің білім беру бөлімдері ауыл мектептерінің білім беру стратегиясын қалыптастыру, мектепті басқарудың жаңа жүйесін әзірлеу, ауыл мектептері әкімшілігінің жұмыс сапасын жақсарту үшін сапалы білім беру ресурстарын ұсыну міндетін алатын қалалық мектептермен келісімшарт жасасады.

Бұл халықаралық тәжірибе "Нәтижелілігі төмен мектептерге мықты мектептердің қамқорлығы" жобасы шеңберінде қала мен ауыл арасындағы орта білім сапасындағы алшақтықты қысқарту үшін Қазақстанда қолданылуы мүмкін.

Оқулықтарды әзірлеу процестерін жетілдіру

Мектептің оқу әдебиетін мақұлдаудың мемлекеттік жүйесі көптеген елдерде жұмыс істейді. Мемлекеттердің шектеулі санында оқулықтарды мектептерде сараптамасыз, алайда баспаны және олардың өнімдерін сертификаттау рәсімімен пайдалануға болады (Италия, Франция, Финляндия және басқалар). Оқулықты әзірлеу және оны шет елдердің оқу процесіне одан әрі енгізу мерзімінің ұзақтығы 3 жылдан 6 жылға дейінгі аралықта. Мысалы, Жапонияда – 4 жыл, Францияда – 6 жыл, Гонконг, Сингапур, Канада, Литва және Грецияда – тираждау мен жеткізуді есепке алмағанда, кемінде 2 жыл.

Жапония, Канада, Эстония және Латвияда оқулықтардың сарапшылары мектеп педагогтері мен жоғары оқу орындарының оқытушылары, Германияда әлеуметтанушылық зерттеу әдістерін меңгерген пән сарапшылары болады. Еуропалық одақта қабылданған шығындарды өтеу жүйесі оқу материалдарын сараптау үшін жоғары білікті сарапшыларды тартуға мүмкіндік береді, олардың жалақысы жеке баспалар авторларының сыйақысына тепе-тең.

Осылайша, халықаралық тәжірибе көрсеткендей, оқулықтардың сапасына әсер ететін негізгі факторлардың ішінде оқулық басылымдарын сараптауды перспективалық жоспарлаудың болуын, оқу әдебиеті сарапшыларының еңбек ақысын арттыруды бөліп көрсетуге болады. Елімізде сапалы сарапшыларды тарту және оқулықтарға сараптама жүргізу мәселелері бойынша халықаралық тәжірибеге сәйкес оқулықтардың сапасын арттыру бойынша шаралар қабылдануда және жалғастырылатын болады.

Мектептердегі психологиялық қызметтердің жұмысын қайта қарау

Мектептегі психологиялық қызметтер бүгінде әлемнің көптеген елдерінде бар. Қазіргі уақытта әлемде шамамен 80 мың мектеп психологі бар (48 елде). Мектептегі психологиялық қызметтің шетелдік тәжірибесі ұйымның екі мүмкін болатын моделінің негізінде құрылады, олардың түбегейлі айырмашылығы мектеп психологінің жұмыс істейтін жерінде – мектепте (білім беру ұйымында) немесе мектептен тыс жерде (консультацияларда, психологиялық-педагогикалық және медициналық-әлеуметтік көмек орталықтарында, жергілікті өзін-өзі басқару органдарының аудандық немесе қалалық бөлімдеріндегі психологиялық кабинетте және т.б.). Сонымен қатар әлемдік тәжірибе білім беру ұйымында қауіпсіз орта құрудың пәрменді шараларының бірі мектептегі татуласу қызметі болып табылатынын көрсетеді, оның қызметі білім алушылардың өздерінің педагогтер мен психологтардың басшылығымен түрлі жанжалдарды шешуге белсенді қатысуына негізделген.

Педагогтердің кәсібилігін дамыту

Сингапур, Гонконг, Эстония, Финляндия, Канада және басқа да дамыған елдерде педагог өзінің кәсіби деңгейін тек ресми оқыту аясында ғана емес, сонымен қатар бейресми түрде тренингтерге, вебинарларға, мастер-класстарға қатысу, әріптестерімен өзара іс-қимыл жасау, мектептегі ішкі оқыту нысандарына қатысу арқылы арттырады. Жалпы әлемде педагогтің үздіксіз кәсіби дамуын педагогикалық жоғары оқу орындары ғана емес, сондай-ақ біліктілікті арттыру провайдерлері де жүзеге асырады. Бұл процеске мектептер қатысады. Осы факторлардың барлығы кәсіби даму процесінің тұжырымдамалық тәсіліне қарай, бірлесіп әрекет етеді: педагогикалық жоғары оқу орындарына іріктеу, педагогикалық даярлық, мамандыққа кіру кезеңдерінде, оқытудың және өзінің кәсіби дамуының бастапқы кезеңінде.

Сондай-ақ ЭЫДҰ-ның 2021 жылғы есебінде ТЖКБ оқытушылары оқытылатын сала бойынша өздерінің кәсіби дағдылары мен білімдерін дамыту үшін оқыту мүмкіндіктеріне қол жеткізуде ерекше қиындықтарға тап болуы мүмкін екендігі атап өтілді. Жалпы білім беретін пәндер оқытушыларымен салыстырғанда, арнайы пәндер оқытушылары мен өндірістік оқыту шеберлері жұмыс орнында оқытудан немесе тиісті саладағы кәсіпорында басқа оқытудан ерекше пайда көре алады. Англияда педагогтердің кәсіби білімін дамыту бойынша зерттеулер арнайы пәндер оқытушылары үшін саламен өзара іс-қимыл және салалық білімдерін жетілдіру өте маңызды екенін дәлелдеді. Англия оқытушыларының 10 %-ы өздерінің кәсіби білімдері мен дағдыларын жаңартып отыру үшін осы саладағы жұмысын сақтап қалды.

Осыған байланысты ТЖКБ жүйесінде оқыту сапасын арттыру мақсатында Сингапур, Жапония, Қытай сияқты елдердің педагогтерін даярлау және олардың біліктілігін арттыру жүйесінің халықаралық тәжірибесі және бірлескен кәсіби даму қағидаты енгізілетін болады.

Жұмыс істеп тұрған кәсіпорындарда педагогтердің міндетті тағылымдамасымен бірге тәжірибеге бағдарланған біліктілікті арттыру курстарын (60 %-ы теория және 40 %-ы өндірістегі практика) енгізу жалғасады. Жалпы, біліктілікті арттыру курстарының бағдарламасы халықаралық талаптар бойынша колледждің білім беру процесін ұйымдастырудың тиімділігі мен сапасын арттыруға бағыттталатын болады.

Халықаралық практикада "Педагог" кәсіптік стандарты педагог кадрларды даярлау және дамыту, педагог еңбегін бағалау және оны сертификаттау жүйесі үшін әдіснамалық негіз болып табылады. Ол білім беру жүйесін реформалауды ескере отырып, үнемі жаңартылып отырады. Кәсіптік стандартты әзірлеуге практикасы бар педагогтер мен сарапшылар қатысады.

ЭЫДҰ елдерінде мектеп директорларының 30 %-ы педагогикалық көшбасшылыққа оқытылады. Көптеген елдерде, мысалы, АҚШ-та педагогтердің кетуі бұрыннан бері халықаралық проблема ретінде танылған. АҚШ-тың кейбір штаттарында жас педагогтердің 40 %-ы жұмысқа орналасқаннан кейінгі алғашқы екі жылда кәсіптен кетеді. ЭЫДҰ елдерінде әрбір оныншы педагог мектептен кетеді. Аталған проблеманы

шешу үшін АҚШ жас педагогтерге тәлімгерлер тарту бойынша бағдарламалар қабылдады, бұл проблеманы шешуге, ал елдің кейбір өңірлерінде осы бағдарламаларды іске асырғаннан кейін жас педагогтерді 100 % сақтауға мүмкіндік берді.

Бұл халықаралық тәжірибені Қазақстанда Мемлекет басшысының үш жылда бір рет педагогтердің біліктілігін арттыруды өткізу жөніндегі тапсырмасын, сондай-ақ өмір бойы оқыту тұжырымдамасын іске асыру шеңберінде қолдануға болады. Сонымен қатар елімізде жаңа жағдайларды ескере отырып, жаңартылатын "Педагог" кәсіптік стандарты қолданылады.

Дуальды оқытуды дамыту

Дуальды оқыту, еуропалық білім беру жүйесінің тәжірибесі көрсеткендей, білім беру ұйымдары мен жұмыс берушілердің тығыз өзара іс-қимылының өнімі болып табылады. Білім алушы оқытудың ерте кезеңдерінде кәсіпорын қызметкері ретінде өндірістік процеске қосылады.

Жұмысшыларды даярлаудың дуальды жүйесі негізінен англо-саксондық өндірістік кәсіпорындар жүйесіне тән, жоғары корпоративтік тәуелсіздікпен байланысты және Германиядан басқа Аустрия мен Швейцарияда белсенді дамып келеді.

Еуропа елдерінде жұмысшыларды кәсіптік даярлаудың негізгі түрлерінің бірі 15-25 жас аралығындағы адамдар үшін әртүрлі оқу мерзімдері (2-4 жыл) бар "мектеп – кәсіпорын" типіндегі ауыспалы оқыту немесе қайта даярлау болып табылады. Әдетте, оқыту кәсіптік оқыту орталықтарында жүзеге асырылады, онда студенттер теориялық курсты игереді, оны кәсіпорындағы тәжірибемен біріктіреді (Дания, Португалия, Германия, Финляндия, Швейцария, Нидерланд).

Кәсіптік даярлықты ұйымдастыру және оны қаржыландыру әлеуметтік әріптестік негізінде құрылады. Кәсіби дайындықтың дуальды жүйесінің моделі оқу процесінің барлық мүдделі тараптарының: білім алушылардың, жұмыс берушілердің, мемлекеттің мүдделерін біріктірудің нәтижесі болды. Өндірісте кәсіптік даярлауға негізгі шығындарды жұмыс берушілер көтереді. Бұл қаражаттың көп бөлігі студенттерге стипендия төлеуге, қалғаны кәсіптік өндірістік оқытуды ұйымдастыруға жұмсалады. Кәсіпорындар бастауыш және үздіксіз кәсіптік білім берудің көлемі мен сапасын белгілей алады, ал мемлекет тек түлектер үшін біліктілік стандарттарының деңгейлерін анықтайды және оқуға қаражат береді.

Қазақстанда жұмыс берушілердің қаржы қаражаты есебінен өндірісте кәсіптік даярлауды жүргізу бойынша халықаралық тәжірибе қолданылатын болады және олардың білім беру бағдарламаларының мазмұнын, оқыту траекториясы мен мерзімдерін айқындауға қатысуы жалғастырылады.

Білім алушыларға қосымша білім беру жүйесін дамытудың әлемдік үрдістері

Әртүрлі елдерде мектептен тыс уақытта ұсынылатын қызметке сілтеме жасау үшін "қосымша білім беру", "формальды емес білім беру", "мектептен тыс білім беру", "бос уақыт бағдарламалары" және т.б. терминдер қолданылады.

Еуропаның барлық дерлік елдерінде мектептен тыс жұмыстың ең икемді және инновациялық түрлерінің бірі ретінде бейресми білім берудің саясаты белсенді дамуда.

Финляндияда мектептегі білім беру шеңберінен тыс спорт клубтарында, өнер, музыка мектептерінде және т.б. балалармен жұмыс жүргізіледі. Мектепте қосымша білім тегін, мектептен тыс уақытта – ақылы (дарынды балаларды қоспағанда, олар үшін спорт клубтары немесе қорлар төлейді).

Жыл бойы балаларға кез келген үш курсты таңдау ұсынылады – спорттық немесе көркем шығармашылық, музыкалық немесе әдеби және басқалар.

Германия, Скандинавия, Франция, Канада және АҚШ-та толық күндік мектептер жұмыс істейді, онда әртүрлі білім беру мүмкіндіктері ұсынылады және баланың жан-жақты дамуына жағдай жасалады. Толық күндік мектептерде таңертеңгі оқыту стандартты бағдарлама бойынша өтіп, түстен кейін білім оқушылар таңдау бойынша кез келген қосымша білім беру қызметіне қатыса алады.

Жапонияда бейресми білім берудің кең желісі құрылған: балалар мәдени-ағарту орталықтары, спорт клубтары. Дене шынықтыру, көркем шығармашылық және ұлттық өнер түрлері бойынша мектеп бағдарламасына кірмейтін қосымша сабақтарға әр білім алушының міндетті түрде (бірақ таңдау бойынша) тегін қатысу практикасы бар. Сонымен қатар әр тұрғын ауданда білім алушылармен қосымша жұмыс ұйымдастырылады: хор сабақтары, музыкалық аспаптарда ойнау, бал билері, үй шаруашылығын жүргізу және т.б.

Қытайда адамның өмірде өзін-өзі әртүрлі бағытта жүзеге асыру мен тұлғалық қасиеттерді дамытуға басты назар аударылады; мәдени-тарихи білім беру ұлттық бірегейлікті сақтау, жедел бара-бар әрекет ету, ұтқырлықтың құралы ретінде; ұлттық салт-дәстүрмен нақты істерге араласу арқылы таныстыру.

Әлемде көрмелер, мұражайлар, ғылыми-танымдық бағдарламалар арқылы балалардың, жастардың, жұртшылықтың назарын ғылымға аударуға бағытталған ірі орталықтар құру практикасы бар. Бұл орталықтардың, саябақтардың, балалар мамандандырылған лагерлерінің мақсаты – балаларды ғылым мен техника саласында оқып, білімдерін дамыту, болашақ ғалымдар, инженерлер ұрпағын дайындау және қоғам мен ғылым арасында тығыз қарым-қатынас орнату.

Қазақстанда балалардың қосымша білім алуға деген көзқарасының сапасы отбасының мәдени капиталына тікелей байланысты, ата-ананың бала тәрбиесіне және бос уақытын тиімді өткізуге деген көзқарасымен қалыптасады. Сондықтан балаларға қосымша білім беруге мемлекеттік тапсырысты орналастырумен қатар әртүрлі өзара іс-қимыл форматтары арқылы ата-аналардың балаларды қосымша білім беруге тартуға ынтасын арттыру және ақпараттандыру жұмыстарын жандандырып, мазмұны мен форматтары балалардың жеке ерекшеліктері мен қажеттіліктерін ескеретін қосымша білім беру бағдарламаларын әзірлеу қажет.

Осылайша, халықаралық тәжірибені ескере отырып, балалардың жеке ерекшеліктері мен қажеттіліктерін ескеретін үйірмелер мен секцияларға балаларды тартудың әртүрлі форматтары арқылы балаларды қосымша білімге қосуға ата-аналарды ақпараттандыру және олардың ынтасын арттыру жұмысы жандандырылатын болады.

4-бөлім. Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2023 – 2029 жылдарға арналған пайымы

Алдыңғы жылдары іске асырылған реформалар мен бастамалардың нәтижелері негізінде білім беруді дамытудың жаңа пайымы білім берудегі басым жүйелік проблемалардан және педагогикалық қоғамдастық проблемаларынан білім алушыға және оның қажеттіліктеріне қайта бағдарлау болып табылады.

Білім беру ұйымдарында адамның білімділік деңгейін көтеріп қана қоймай, сонымен қатар өз өмірлік мүдделеріне, қазақстандық қоғамның мүдделерінде де шығармашылық әлеуетін серпінді әлеуметтік-экономикалық жағдайларда іске асыруға қабілетті, түлектің түйінді құзыреттеріне ие, адамгершілігі жоғары және жан-жақты дамыған жеке тұлғаны қалыптастыруға ықпал ететін атмосфераны қалыптастыру білім беру жүйесінің таяудағы жеті жылға арналған негізгі бағдарына айналуға тиіс.

2023 – 2029 жылдарға арналған білім беруді дамытудың жаңа траекториялары білім алушыға педагогикалық қолдау көрсету үлгісіне негізделетін болады, мұнда педагог оқу-тәрбие үдерісінің көмекшісі ретінде балаға әлемді өздігінен тануға, өз мүмкіндіктерін ашуға және жеке қызығушылықтары мен қажеттіліктерін ескере отырып білім алуға мүмкіндік береді.

Білім беру тұжырымдамасы білім берудің ағымдағы жағдайынан бұрынғысынан сапалы түрде ерекшеленетін басқа жағдайға көшуді жүзеге асыруға мүмкіндік береді. Осылайша, 2023 – 2029 жылдарға арналған білім беруді дамыту траекториясы:

- тұратын жеріне және әлеуметтік мәртебесіне байланысты білім беру сапасындағы алшақтықтан сапалы білім алуға қолжетімділікті теңестіруге (мектепке дейінгі ұйымдардың құзыреттілік орталықтары, тірек мектеп, құзыреттілік орталықтары, "цифрлық педагог", жазғы мектеп, кадрларды ротациялау және басқа да тетіктер);

- сапалы білім беру инфрақұрылымының тапшылығынан заманауи санитариялық нормаларға, қауіпсіздікке, жарактандыру стандарттарына сәйкес келетін объектілермен қамтамасыз етуге;

- педагог кадрлардың тапшылығынан педагог орны үшін бәсекелестікке (педагогикалық мамандықтарға түсу үшін үміткерлерге қойылатын талаптарды күшейту, жұмысқа конкурспен қабылдау, ісін жаңа бастаған педагогтерді сертификаттау және басқалар), педагогтің жоғары мәртебесін қамтамасыз етуге, тағайындау және аттестаттау арқылы білім берудегі сапалы менеджментке;

- оқытудың дәстүрлі бағдарламаларынан білім алушыларды болашаққа дайындауға (білім беру мазмұнының құндылық аспектісін өзектендіру, оқу бағдарламаларының

жаһандық құзыреттіліктерді, эмоционалды зияткерлікті, сыни ойлауды, білім алушылардың кәсіпкерлік және қаржылық сауаттылығы негіздерін қалыптастыруға бағытталуы; оқытуды бейіндік саралау және даралау, оқыту бағыттарын таңдаудың кең және икемді мүмкіндіктері арқылы);

- қазақстандық білімнің жергілікті фокусынан сыртқы нарықтарда қазақстандық білімнің және оның түлектерінің қажеттілігі мен бәсекеге қабілеттілігін арттыруға (білім берудің жүйелілігін, сабақтастығын және үздіксіздігін қамтамасыз ету, инклюзивтілік, барлығы үшін сапалы білім беруге тең қолжетімділік);

- сыртқы бақылаудың қатаң әдістерінен білім беру сапасын жүйелі қамтамасыз етуге және білім беру саласындағы заңнаманың қолданыстағы нормаларын бұзушылықтардың алдын алуға және он жасаудың себептері мен шарттарын жоюға ұсынымдар беруге бағытталатын шараларға көшуді көздейтін болады.

5-бөлім. Негізгі қағидаттар мен тәсілдер

Білім беруді дамыту тұжырымдамасы мынадай қағидаттарға негізделген:

- 1) барлық адамның сапалы білім алу құқықтарының теңдігі;
- 2) зияткерлік дамуы, психологиялық-физиологиялық және жеке ерекшеліктерін ескере отырып, халық үшін барлық деңгейдегі білімнің қолжетімділігі;
- 3) азаматтық және ұлттық құндылықтардың, адам өмірі мен денсаулығының, жеке адамның еркін дамуының басымдығы;
- 4) адам құқықтары мен бостандықтарын құрметтеу;
- 5) білім беру деңгейлерінің сабақтастығын қамтамасыз ететін білім беру процесінің үздіксіздігі;
- 6) білім беруді басқарудың демократиялық сипаты, білім беру жүйесі қызметінің ашықтығы.

Жоспарланған траекторияны жүзеге асыру үшін Тұжырымдамада белгіленген жолға жетудің негізгі тәсілдері, стратегиялары мен тактикасы айқындалған 7 негізгі бағыт көрсетілген.

1-бағыт. Балабақша – жайлылық пен даму мекені

Ескерту. 1-бағыттың тақырыбы жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 13.06.2024 № 465 қаулысымен.

1-параграф. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға қолжетімділікті кеңейту

Ескерту. 1-параграфқа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 13.06.2024 № 465 қаулысымен.

Білім беру қызметтерінің жоғары сапасына кешенді көшуді жүзеге асыру және 2 жастан 6 жасқа дейінгі балалардың сапалы МТО-ға тең қолжетімділігін қамтамасыз ету

үшін пәрменді шаралар қабылданатын болады. Ең алдымен, бұл жекеменшік мектепке дейінгі ұйымдарда мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастыру, қосымша алаңдарды, оның ішінде тұрғын үйлер мен басқа да үй-жайлардың бірінші қабаттарында пайдалану арқылы қолданыстағы желіні кеңейту есебінен жаңа орындардың ашылуы. Халықтың МТО қажеттілігін барынша есепке алу үшін мемлекеттік тапсырысты орналастыру тетігі қайта қаралатын болады. Мектепке дейінгі ұйымға мемлекеттік тапсырысты орналастыруды жоспарлаудың міндетті шарты аумақтық бірліктердің (аудан, шағын учаске) демографиялық көрсеткіштерінің, өңірлік көші-қон ағындарының және туудың болжамы болады.

Балабақша мен ата-аналар арасында нысаналы мақсатқа кепілдік беру және мемлекеттік қаражатты тиімді пайдалану бөлігінде өзара іс-қимыл тетіктері әзірленетін болады. Білім беру ваучерін алған балалардың ата-аналарының жауапкершілігін арттыру тетігі пысықталатын болады.

Google, Apple моделі бойынша ірі ұйымдардың жанынан ведомстволық (корпоративтік) мектепке дейінгі ұйымдарды құру мәселесі пысықталатын болады.

МТО жүйесіндегі мемлекеттік саясат халықтың әртүрлі әлеуметтік топтары мен топтарындағы балаларға сапалы білім алу үшін қолжетімділікті қамтамасыз етуге және тең бастапқы мүмкіндіктер жасауға бағытталған. Қалыптасқан әлеуметтік карта негізінде "Әлеуметтік көмек" ақпараттық жүйесінде әр отбасының қиын өмірлік жағдайының деңгейін автоматты түрде көрсетеді. Мемлекеттік әлеуметтік қолдауға жататын балалар санатына Д, Е санатындағы отбасылардан шыққан балалар жатады (отбасының қолайсыздығының дағдарыстық және шұғыл деңгейі). Отбасының цифрлық картасындағы отбасының әл-ауқат индексі туралы мәліметтер тұрақты негізде жаңартылып отырады. Тегін ыстық тамақты одан әрі ұсына отырып, кезекке қою есебінен халықтың әлеуметтік осал топтарынан шыққан балалар МТО-ға қол жеткізе алады.

Балалардың мектепке дейінгі ұйымдарда болу қауіпсіздігіне, меншік нысанына қарамастан дамытушы заттық-кеңістік ортаны жарақтандыруға және абаттандыруға қойылатын талаптар артады, сондай-ақ ауыз сумен, санитариямен және гигиенамен қамтамасыз етуді қоса алғанда, қолайлы жағдайлар жасалатын болады. Осыған байланысты мектепке дейінгі ұйымын қызметін ұйымдастыру тәсілдерінің өзгерістерін ескере отырып, бұдан әрі сәйкестікке келтіре отырып, мектепке дейінгі ұйымдарды материалдық-техникалық қамтамасыз ету мониторингі жүргізілетін болады.

Барлық мектепке дейінгі ұйымдарда инклюзивті білім беру үшін жағдай жасалады. Арнайы және инклюзивті білім берудің Ұлттық ғылыми-практикалық орталығы педагогтерімен бірлесе отырып, Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың ЕБҚ балаларды оқытудың үлгілік оқу бағдарламаларын, педагогтерге арналған оқу-әдістемелік нұсқаулықтарды әзірлеу жұмысын жалғастырады.

Ашықтықты қамтамасыз ету мен сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін азайту мақсатында мектепке дейінгі ұйымдарға жолдама беру және кезекке қою кезінде өңірлік ақпараттық жүйелерді кіріктіру арқылы ҰБДҚ негізінде бірыңғай кезектілік базасы құрылатын болады. Кезекке қоюдың өңірлік ақпараттық жүйелеріне қойылатын талаптар біріздендірілетін және күшейтілетін болады, оның ішінде ҰБДҚ-мен интеграциялау, міндетті аудит, LMS, блокчейн, алғашқы жылы ақпараттық жүйені өнеркәсіптік пайдалануға енгізу және аттестаттаудан арқылы өту бойынша провайдердің міндетін енгізу. Интеграция баланың бүкіл білім беру траекториясында бірегей цифрлық ізін сақтай отырып, мектепке дейінгі ұйымдарға қабылдау кезінде оған әмбебап ID беруге мүмкіндік береді.

Кіші жастағы балаларды оқытудың мазмұнында, тәсілдері мен тәрбиелеудегі сабақтастықты қамтамасыз ете отырып, мектепке дейінгі ұйымдар мен бастауыш мектептің жұмысы үйлестірілетін болады. Әр кезеңде балалардың міндеттері, қажеттіліктері мен жасына қарай мүмкіндіктері ескерілетін болады.

Баланың даму картасы негізінде оны оқытудың жеке траекториясы айқындалады, сондай-ақ психологиялық-эмоционалдық тұрғыдан мектепке әзірлігі ашылады, кейін олар жеке деректердің құпиялылығын қамтамасыз ете отырып, бастауыш мектепке беріледі. Мектепке қабылдау үшін іріктеу мақсатында кіру тестілері өткізілмейді.

Түрлі себептерге байланысты балабақшаға бармаған немесе педагог пен ата-ананың пікірі бойынша мектепке дайын емес, бірақ 1-сыныпқа қабылданатын жасқа жеткен балаларға мектептерде бейімделу бағдарламасы ұсынылады.

2-параграф. Мектепке дейінгі білім беру ұйымдарындағы мазмұнды Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың жаңа моделі шеңберінде жаңғырту

Ескерту. 2-параграфқа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 13.06.2024 № 465 қаулысымен.

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуды дамыту моделін іске асыру шеңберінде Қазақстанда ХҚКО-2011 (ЮНЕСКО, 2013 жыл) сәйкес мазмұнды өзгертуді көздейтін жүйені трансформациялау жүргізілуде. Бастауыш мектепте оқуға және қоғамда әлеуметтенуге қажетті негізгі өмірлік дағдыларды игеруге бағытталған баланың танымдық, физикалық, әлеуметтік және эмоционалдық дамуын қолдау үшін кешенді тәсіл қамтамасыз етіледі. Мектепке дейінгі ұйымдарды оқу басылымдарымен және қосымша білім беру ресурстарымен, оның ішінде электронды форматта жабдықтау жақсарады.

Білім беру сапасын бағалау өлшемшарттарын анықтау және құралдарын әзірлеу арқылы МТО-ның сапасы артады.

Мектепке дейінгі ұйымдар оқушылардың жеке ерекшеліктері мен әлеуетті мүмкіндіктеріне сәйкес оқыту әдістемелері мен технологияларын, білім беру процесін ұйымдастырудың инновациялық нысандарын, әдістерін, тәсілдерін пайдаланады.

Баланың даралығы мен субъективтілігін қолдауға, өмірлік қажетті физикалық, әлеуметтік, эмоционалдық, коммуникативтік, танымдық дағдыларын дамытуға бағытталған кедергісіз даму ортасы, трансформацияланатын ойын және тақырыптық аймақтар құрылады.

Бұл ретте балалардың жас ерекшеліктеріне сәйкес жасанды интеллектті қолдана отырып, дербестендірілген білім беру бағдарламалары әзірленіп, енгізілетін болады. Педагогтің АКТ-құзыреттілігі білім беру ресурстарын, оның ішінде әр баланың қабілеті мен қызығушылығы деңгейіне сәйкес бірегей материалдар мен тапсырмаларды қолдана отырып, көрнекі, компьютерлік, электрондық ресурстарды құруды көздейді. Педагогтердің озық педагогикалық тәжірибені жинақтау шеңберінде когнитивті дағдыларды, логиканы, тілдік және математикалық ойлауды дамытуға көмектесетін интерактивті білім беру ойындары мен жасанды интеллектке негізделген қосымшаларды әзірлеуі пәрменді әдіс болады. Тәрбиелеу-білім беру процесінде жасанды интеллектке негізделген технологияларды қолдану әр баланың даму барысын бақылауға, күшті және әлсіз жақтарын анықтауға, сондай-ақ қосымша қолдауды қажет ететін салаларды айқындауға мүмкіндік береді.

Бұдан басқа, оқыту орыс және басқа да тілдерде жүргізілетін мектепке дейінгі ұйымдарда қазақ тіліне тілдік тереңдету бағдарламасы қарастырылады. Әрбір жас тобында тілдік құзыреттілікті қалыптастыру үшін күні бойы қазақ тілінде қажетті сөздік қоры қалыптастырылады. Бұл баланы тек қазақ тілін түсінуге ғана емес, әуезділігіне де үйрете отырып, оны жас кезінен бастап қазақ тіліндегі күнделікті сөздік қорды, сөз тіркестері мен қазақ тілінде тұтас сөз орамдарын үйренуге және қолдануға мүмкіндік береді. Тілмен бірге бала қазақ халқының мәдениеті мен дәстүрлеріне бойлай түседі, осылайша бағдарлама біздің кішкентай азаматтарымызда қазақстандық бірегейлікті қалыптастырады.

МТО-ның оқу бағдарламаларын іске асыру үшін пәндік-кеңістік ортаны құруға үлкен мән беріледі. Дамытушы пәндік-кеңістік орта балалардың пәндерді, ойындарды, белсенділік түрлерін, бірлескен іс-әрекетке және қарым-қатынасқа қатысушыларды еркін таңдау мүмкіндігіне бағдарланған оқу-тәрбие процесін құру үшін мектепке дейінгі ұйымдардың кеңістігінің және оған іргелес аумақтың білім беру әлеуетін барынша іске асыруды қамтамасыз етеді.

Модельді іске асыру шеңберінде мектепке дейінгі ұйымдарда қолайлы қауіпсіз жайлы жағдайлар қамтамасыз етілуде, бағдарламалық мазмұн жаңартылды, оқу-тәрбие процесін нормативтік құқықтық қамтамасыз етілді.

Нәтижесінде қоршаған ортаға эмоционалды, мұқият қарайтын, табиғи құбылыстар, тірі және өлі табиғат туралы түсініктері бар, қоршаған орта сұлулығын көре алатын, тұрмыстағы және табиғаттағы экологиялық мінез-құлық дағдылары бар баланың тұтас дамуы күтілуде.

Қазіргі заманғы теорияларды ұлттық ерекшеліктермен үйлестіру негізінде баланың ерте даму процесінің тұтастығы қамтамасыз етіледі. Мектепке дейінгі білім берудің ашықтығы және ата-аналарды тәрбиелеу және оқыту процесіне тікелей тарту, балаларды тәрбиелеу және оқыту, олардың денсаулығын сақтау және нығайту бойынша ата-аналарды қолдау, сондай-ақ ата-аналар тарапынан білім беру бастамаларын қолдау маңызды. Білім беру ұйымдары жанынан ата-аналардың қажеттіліктерін ескере отырып, балалары МТО-мен қамтылмаған ата-аналарды психологиялық-педагогикалық қолдау мақсатында консультациялық пункттер құрылатын болады.

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың дәстүрлі институттары жанындағы консультациялық пункттердің жұмыс форматын балалар клубтары, балаларды ойынмен қолдау орталықтары және ерте әлеуметтену сияқты жаңа нысандармен толықтыру жоспарлануда, олар да жас ерекшеліктерін ескере отырып, балаларды тәрбиелеу, оқыту және дамыту мәселелері бойынша ата-аналардың құзыреттіліктерін арттыруға бағытталған.

МТО-ның МЖС білім беру саласындағы міндеттері қазіргі уақытта өзіне қызықты іс-әрекеті түрлерін өздігінен таңдай алатын қолжетімді заттық-кеңістік ортаны ұйымдастыру арқылы іске асырылуға тиіс.

3-параграф. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту саласын көпбасшылық негізінде басқару тиімділігін арттыру

Ескерту. 3-параграфқа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 13.06.2024 № 465 қаулысымен.

Өзгермелі әлемде педагогтің даму қабілеті, балаларды тыңдау және есту, сұрақтар қою, дәлелдер іздеу, оларды сыни тұрғыдан талдау және шығармашылық эксперимент жүргізу қабілеті маңызды. Педагогтер белсенді зерттеушілер және балалармен жұмыс істеудің жаңа түрлерін жасаушылар, жаңашыл және жауапты болуы тиіс.

Мектепке дейінгі ұйымдардағы менеджмент деңгейін арттырудың маңызды шарты көпбасшылық қағидаттарын кеңінен енгізу болып табылады. МТО моделі шеңберінде озық тәжірибені тарату бойынша жұмыс жалғасады.

Кадрлық әлеуетті қалыптастыру педагогтердің тиісті білім деңгейін қамтамасыз етуге, сыртқы оқыту жүйесі (біліктілікті арттыру курстары) және ішкі – әдістемелік жұмыс жүйесі арқылы арттыруға арналған.

Мектепке дейінгі ұйымдардың әдіскерлері педагогтерге оның тәжірибесіндегі нақты мәселелерді анықтауға көмектесетін болады, тәжірибе алмасу, МТО мақсаттары мен мазмұнын жаңарту жағдайында біліктілікті арттыру мүмкіндігін беру арқылы педагогтердің кәсібилігін жетілдіреді, баланы дамытатын бағдарламаларды ата-аналармен бірге таңдауды ұйымдастыру үшін балалардың қызығушылықтарын зерделеуге көмектеседі.

Нәтижелері төмен нысаналы мектепке дейінгі ұйымдар анықталып, оларға арнайы әдіснамалық қолдау көрсетілетін болады. Мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытудың және әдістемелік сүйемелдеудің озық практикаларын тарату үшін үздік мектепке дейінгі ұйымдар базасында құзыреттер орталықтары, ал әдістемелік кабинеттер жанынан мобильдік топтар одан әрі дамитын болады. Олардың міндеті – педагогтерге нақты проблемалар мен оларды шешу жолдарын айқындау кезінде әдістемелік көмек көрсету.

Жоғары оқу орындарының және колледждердің қатысуымен мектепке дейінгі ұйым педагогтерінің сапалық деңгейін арттыру мәселесін шешуде кешенді көзқарас қажет. Педагогтердің білім деңгейі "Педагог" кәсіби стандартының талаптарына сәйкес болуға тиіс, білім беру бағдарламалары оларды қалыптастыруға және дамытуға бағытталуға тиіс.

Жоғары оқу орындары мен колледждердің педагогикалық факультеттерінің білім беру бағдарламалары қолданыстағы нормативтік құқықтық актілер бойынша кадр даярлауды көздеуі, тәрбиелеу мен оқыту бағдарламаларын іске асыру үшін әдістемелік базаны қамтамасыз етуі, студенттердің педагогикалық практикадан өтуін қарастыруы тиіс. Кадр даярлаудағы теория мен практиканың бірлігі үшін жоғары оқу орындары мен колледждердің балаларды ерте дамыту мәселелері бойынша мектепке дейінгі ұйымдармен өзара іс-қимылы қамтамасыз етілуі тиіс.

2-бағыт. Әр мектеп – үздік мектеп

Ескерту. 2-бағыттың тақырыбы жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 13.06.2024 № 465 қаулысымен.

1-параграф. Орта білім беру мазмұнын жетілдіру

Ескерту. 1-параграф жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 13.06.2024 № 465 қаулысымен.

2021 – 2022 оқу жылында орта білім берудің МЖС-ын, оқу бағдарламалары мен жоспарларын, оқыту мен білім беру әдістемелерін өзгертуге, өлшемшарттық бағалау жүйесін енгізуге негізделген білім берудің жаңартылған мазмұнын енгізу аяқталды.

Орта білім беру мазмұнын одан әрі жетілдіру тұжырымдамалық және әдіснамалық негіздерді айқындау арқылы жүзеге асырылатын болады. Оқу бағдарламалары мен оқулықтар әр 5-7 жыл сайын талдау негізінде қайта қаралатын болады. Тұрақты түрде қайта қарау қажетті және оң өзгерістер құралы, сондай-ақ уақыт талабына сай келу үшін орынды шара болып табылады.

Білім берудің заманауи моделін құрудың ғылыми-теориялық негізі гуманистік парадигманың тұжырымдамалық идеяларын жүзеге асыруға бағытталған тұлғалық-іс-әрекеттік және құзыреттілік тәсілдер болып табылады.

Білім алушылардың функционалдық сауаттылық деңгейін анықтайтын TIMSS, PISA халықаралық зерттеулеріндегі көрсеткіштер салыстырмалы түрде төмен болғандықтан, еліміздің білім беру мазмұнында құзыреттілік тәсілді іске асыру маңызды.

Құзыреттілік тәсіл іс-әрекетке деген көзқарастың негізгі тұжырымдамасын – "іс-әрекет арқылы оқытуды" камтиды және ол білім алушы игерілген білімді іс жүзінде қолдана білуі керек деген талаппен күшейтіледі. Оқу бағдарламаларының мазмұнында пәндерді, тараулар мен тақырыптарды интеграциялау қағидаты күшейтіледі. Осылайша, бастауыш білім беруде барлық пәндердің мазмұнында ортақ өтпелі тақырыптар болады. Негізгі мектепте өзара деңгейлес және сатылас пәнаралық байланыстар қамтамасыз етіледі. Жоғары мектепте пәндер мен оқу бағдарламаларының мазмұнын интеграциялау арқылы бейіндеу жүргізіледі. Барлық деңгейдегі интеграциялау STEAM-тәсілдер негізінде жүзеге асырылады.

STEM-тәсіл білім беру жүйесінің инженерлік-технологиялық трендінің талаптары, яғни осы саланы дамытудың жаңа парадигмасының инновациялық құрамдас бөлігі контекстіндегі тұлғалық-іс-әрекеттік және құзыреттілік тәсілдердің интеграцияланған форматын кеңейту және өзгерту болып табылады.

Білім берудің жаңа әдіснамасын, тұлғалық-іс-әрекеттік, құзыреттілік тәсілдерді және олардың интеграцияланатын инновациялық STEM-тәсілін іске асыру мектеп білімінің мазмұндық-әдістемелік негіздерін трансформациялауды көздейді.

Білім беру мазмұны мектеп түлегінің пәндік, метапәндік және негізгі құзыреттерін қалыптастыруға бағытталған.

Білім беру мазмұнын жетілдіру білім алушының оқу жүктемесін төмендетуді, академиялық білімге баса назар аударуды, функционалдық сауаттылықты дамытуды, білім алушылардың қажеттіліктерін ескере отырып, мазмұнды дағдылар мен құзыреттерді дамытуға бағдарлауды, STEM-тәсілдер негізінде жаратылыстану-математикалық пәндер бойынша оқытудың тиімділігін арттыруды, сондай-ақ қазақ халқының ұлттық құндылықтары мен мәдениеті негізінде тәрбиелік компонентті күшейтуді көздейді. Білім беру мазмұнына Мемлекет басшысының 2023 жылғы 1 қыркүйектегі "Әділетті Қазақстанның экономикалық бағдары" атты Қазақстан халқына Жолдауында айтылған Абайдың "Толық адам" ілімінен бастау алатын "Адал азамат" тұжырымдамасы интеграцияланатын болады. Орта білімнің философиялық негізін Әбунасыр әл-Фараби, Жүсіп Баласағұни, Махмуд әл-Қашғари, әл-Хорезми, Қожа Ахмет Ясауи сияқты ағартушылардың және басқа да ұлы ойшылдардың мәдени және рухани мұрасы қалайды.

Мемлекет орта мектептегі оқу бағыттарында ауқымды таңдау болуын қолдайды. МЖБС-да міндетті оқу сағаттарының саны және вариативтік компоненттің әртүрлі бағыттары айқындалатын болады. Вариативтік компонент орта білім деңгейлері

бойынша кезең-кезеңімен ұлғайтылады. Бұл ретте мектеп дербестікті кеңейту арқылы оқушылардың ерте бейінделуін және өзіндік білім траекториясын, жеке бейіндік бағытын таңдауын қамтамасыз етеді.

МЖБС-ға жасанды интеллект элементтерін білім беру мазмұнына интеграциялауды көздейтін өзгерістер енгізілетін болады (сыни ойлауды, білім алушылардың ақпараттық және компьютерлік сауаттылығын қалыптастыра отырып).

Сондай-ақ білім беруде жасанды интеллектті қолданудың әлеуметтік және этикалық салдары ескерілетін болады, орта білім берудегі оқу бағдарламаларының тиімділігін бағалау үшін пайдалану мүмкіндігіне талдау жүргізіледі.

Жалпы қолданыстағы МЖБС, оқу жоспарлары мен бағдарламаларының құрылымдық негіздері сақталады. Оқу мақсаттарының мазмұнына және пәндер бойынша күтілетін нәтижелерге өзгерістер енгізіледі. Бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім беру МЖС-да оқыту мақсаттары жүйесіне және әр пәннің үлгілік оқу бағдарламасын іске асыру жөніндегі ұзақ мерзімді жоспарға интеграцияланатын құндылықтар қайта қаралады. Мазмұнында көптілді білім беруді іске асыруға, қазақ, орыс және шет тілдерін кезең-кезеңімен және деңгейлік меңгеруді қамтамасыз етуге баса назар аударылатын болады.

Қазақ тілін үйрену сапасын арттыру, сондай-ақ қазақ тілінде сөйлемейтін балалардың оқыту процесіне жылдам енуі үшін мектептерде оқу процесіне эксперименттік негізде қазақ тіліне ерте жастан баулу бағдарламасын енгізу жоспарланған. Бағдарлама Зияткерлік мектептердің базасында апробациядан өткізіліп, оқулықтар мен оқу құралдары әзірленді.

Оқу бағдарламаларында вариативтік сағаттар шеңберінде пәндер бойынша оқу материалын қайталауға және бекітуге қосымша сағаттар көзделетін болады. Барлық үлгілік оқу жоспарлары мен бағдарламалары енгізілгенге дейін міндетті сараптамадан және апробациядан өтеді. Бағдарламалар кезең-кезеңімен енгізілетін болады.

Мәселен, қазақ тілінде оқытатын мектептерде бірінші сынып оқушылары "Қазақ тілін" оқиды, 2-сыныпта бағдарламаға "Орыс тілі", 3-сыныпта "Ағылшын тілі" енгізіледі. Орыс тілінде оқытатын мектептерде 1-сыныпта "Қазақ тілі" және "Орыс тілі" оқытылады, 3-сыныптан бастап "Ағылшын тілі" қосылады. Оқытудың негізгі қағидаты – сөйлеу әрекетінің төрт түрін дамыту (тыңдалым, айтылым, оқылым және жазылым). 5-8, 10-сынып білім алушылары оқыту тіліне қарамастан, "Қазақ тілі" оқу пәні бойынша емтихан тапсырады, 10-11-сыныпта "Ағылшын тілі" пәнін топтарға бөле отырып оқуға қосымша 1 сағат енгізіледі, бұл қазақ/ағылшын тілдерін еркін меңгеруге мүмкіндік береді.

Қазақ тілінде оқытатын мектептерде 5 – 11-сынып аралығында "Әлем әдебиеті" жеке оқу пәнін енгізу мәселесі пысықталатын болады.

"География" пәнінің оқу бағдарламасының мазмұнында қазақстандық компонент күшейтіледі. Мектептегі тарихи білім берудің мазмұнын жетілдіру мақсатында "

Қазақстан тарихы" және "Әлем тарихы" пәндері бойынша оқу бағдарламаларында тарихи фактілер мен мәліметтердің хронологиясы, кезеңділігі қайта қаралатын болады.

ЖМБ пәндерін оқыту "Жаратылыстану", "Математика", "Алгебра", "Геометрия", "Алгебра және анализ бастамалары", "География", "Биология", "Физика" және "Химия" оқу пәндерінің мазмұны арқылы жүзеге асырылады. Бұл ретте негізгі міндет білім алушыларда оқытуға пәнаралық, шығармашылық, жобалық тәсілдерге, сабақтастықты сақтауға, жаратылыстану-математикалық пәндер туралы білімді кеңейту мен тереңдетуге, пәнаралық байланысты күшейтуге негізделген құзыреттерді қалыптастыру болып табылады.

5-9-сыныптарға арналған "Жаһандық құзыреттіліктер" оқу курсының мазмұнына адам өмірі мен денсаулығының қауіпсіздігін қамтамасыз етуге, даралығын, жеке өмірі мен қол сұғылмаушылық құқығын сақтауға, буллинг пен зорлық-зомбылықтан қорғауға бағытталған "Өмір қауіпсіздігі" бөлімі енгізілген.

"Алғашқы әскери және технологиялық дайындық" пәні "Алғашқы әскери дайындық" болып қайта аталады. Оқу пәнінің мазмұнында практикалық бөлік күшейтіледі, "Өмір қауіпсіздігінің негіздері" бөлімін оқытуға сағат саны ұлғайтылады.

Негізгі орта мектеп бағдарламасы бейінді дайындыққа және колледждерде немесе жоғары сыныпта оқуды жалғастыруға бағытталған. Жоғары сыныптарда мектеп түлектерінің кәсіптік даярлығын қамтамасыз ету үшін үлгілік оқу жоспарындағы вариативтік компонент пәндерінің сағаттарын қолданып, бейінді оқыту жүргізіледі.

Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы әзірлеген оқу бағдарламалары кезең-кезеңімен сынақтан өткізіліп, енгізіледі. Оқу бағдарламаларының іске асырылу процесін жүйелі бақылау негізінде мониторингтік зерттеулер жүзеге асырылып, оқу бағдарламалары қолданысқа енгізілгенге дейін және одан кейін ұстаздар қауымымен кең ауқымды консультациялар өткізіледі. Бұл әзірлеушілерге проблеманың мәнін және қай салада жақсартуға болатынын айқындауға мүмкіндік береді.

Білім беру ұйымдарына үздік отандық және әлемдік практикаларды енгізу, вариативтік бағдарламаларды әзірлеу және енгізу арқылы инновацияларды өз бетінше таңдау мүмкіндігі беріледі.

Пәндерді оқытудың инновациялық тәсілдерін енгізу педагогтер мен білім алушыларға арналған электрондық платформалар арқылы жүзеге асырылады, бұл бүкіл оқу процесін цифрландыруға алып келеді.

Мазмұнды платформалар, сапалы оқулықтар мен оқу-әдістемелік кешендер, оқу процесінде электрондық ресурстарды пайдалану білім алушылардың функционалдық сауаттылығын қалыптастыру бойынша дағдыларды дәйекті және жүйелі дамытуға мүмкіндік береді, материалдардың көрнекілігін, қолжетімділігін, даралығын, білім алушылардың дербестігін қамтамасыз етеді.

Барлық сыныптарда инварианттық пәндер мультимедиялық (аудио, бейне), интерактивті контенті мен геймификация элементтері қамтылған функциялары бар цифрлық оқулықтармен 100 % қамтылады.

Мектептердің барлығы сапалы цифрлық интерактивті білім беру контенті бар платформаларға және цифрландырылған мектеп процестеріне қосыла алады. Бұл ретте цифрлық контент тиісті сараптамадан өтеді.

Оқытудың мақсаты мен білім беру нәтижелері нақтыланады, жаңа педагогикалық құралдар әзірленіп, зерттеу нәтижелері базасында цифрлық технологияларды қолдана отырып, педагогикалық практикалар жаңартылады.

Ақпараттық жүйеде оқу процесін басқаруға, оқу жетістіктері және ата-аналармен кері байланыс, оқылатын материалдардың ауқымы, пәндер бойынша тақырыптар жинағы, үй тапсырмалары, педагогтер туралы ақпаратқа қолжетімділік қамтамасыз етіледі. Білім беру процесіне қатысушылардың цифрлық ортадағы қауіпсіздігі кезек күттірмейтін міндет болады.

Білім алушылардың оқу жетістіктері жөніндегі деректер білім алушылардың дербес деректерінің тарихилығын, толықтығын, өзгермеуін және қорғалуын қамтамасыз ету үшін оқытуды басқару жүйелерімен (LMS) және электрондық журналдармен интеграциялау жолымен Ұлттық білім беру деректері базасына біріктірілетін болады. Бұл тәсіл баланың білім беру траекториясын талдауға және жақсартуға мүмкіндік береді.

Нәтижесінде білім алушылардың бәсекеге қабілеттілігі артады, оқу-тәрбие процесі жетілдіріледі, балалардың, педагогтердің жүктемесі азайып, жалпы білім беру сапасы жоғарылайды.

Оқулықтар мен ОӘК әзірлеу және көбейту процесі бәсекелестік ортаға берілді. Нәтижесінде баспалар қалыптастыратын авторлық ұжымдар қолданылатын оқулықтар мен ОӘК-ні әзірледі. Мемлекет оқу басылымдарының сапасын міндетті сараптамадан өткізу және баламалы оқулықтарды мақұлдау, сондай-ақ оқулықтар мен ОӘК-нің құрылымы мен мазмұнына қойылатын міндетті талаптар қою және оларды тексеру, баспаішілік сараптама рәсімі арқылы реттейді.

Бастауыш сыныптарда баламалы оқулықтарды енгізу алдағы жылдары білім берудің вариативтілігін және оқулықтардың сапасын арттыруға мүмкіндік береді.

Оқулықтардың сапасын арттыру үшін білім беру мазмұнын сараптау және оқулықтарды педагогтердің таңдауы бойынша электрондық платформаларды енгізу мәселесі пысықталатын болады.

Болашақ кәсіпті таңдау үшін оқушыларды ерте кәсіптік бағдарлау жүйесі енгізілуде. Мектептерде "педагог-кәсіптік бағдар беруші" лауазымын енгізу нәтижесінде 4 мыңнан астам педагог-кәсіптік бағдар беруші өз міндеттеріне кірісті және оқушылардың белгілі бір кәсіптік қызмет түрлеріне бейімділігін анықтау бойынша іс-қимыл кешенімен қамтамасыз етеді. Кәсіптік бағдар беретін педагогтер ата-аналар

мен білім алушыларға экономиканың өңірлік және ұлттық құрылымы мен даму перспективалары, мамандықтар атласына сәйкес өңірдегі және елдегі сұранысқа ие мамандықтар, таңдаған бағыты бойынша колледждер мен ЖОО-ға түсу мүмкіндігі, грант түрлерінің қолжетімділігі бойынша консультация береді. Колледждер мен жоғары оқу орындарына түспеген жағдайда кәсіптік бағдар берушілер жастарды қолдаудың қолданыстағы бағдарламалары мен жобалары туралы хабардар етеді.

Педагог-кәсіптік бағдар берушілердің жұмысына арналған әдістемелік ұсынымдар әзірленіп, орта білім беру ұйымдарында кәсіптік бағдар беру жұмысын дамытудың тұжырымдамалық негіздері айқындалатын болады. Білім алушылар арасында психологиялық, әлеуметтік, экономикалық және басқа да аспектілерді қамтитын үздіксіз кәсіптік бағдар беру жүйесі құрылады. Оқу бағдарламаларында білім алушылардың ерте әлеуметтенуі мен кәсіптік бағдарлануы, жоғары мектеп деңгейінде алғашқы кәсіптік біліктілікті меңгеруі қарастырылады. Бакалавриат пен магистратураның педагогикалық кадрларын даярлау бағдарламасына кәсіптік бағдар беру бағыты енгізілетін болады.

Балалардың зияткерлік әлеуетін дамытуға және болашақ кәсібін таңдауға бірыңғай мамандандырылған жалпы білім беретін оқу бағдарламасын іске асыратын желілік мектептер ықпал ететін болады. Барлық өңірлерде Қ. Сәтбаев атындағы инженерлік мектептер желісі, О. Жәутіков атындағы IT-мектептер, Абай атындағы гуманитарлық мектептер жұмыс істейді.

Оқытудың әртүрлі нысандарын дамыту үшін, оның ішінде белгіленген қағидалар шеңберінде ақпараттық технологияларды пайдалана отырып шаралар қабылданады. Мектептерде оқыту әдістерін, тәсілдері мен қарқынын таңдау білім алушылардың жеке ерекшеліктеріне байланысты болатын оқытудың жеке тәсілі ұйымдастырылатын болады. Үлгерімі төмен балаларға ерекше қолдау көрсетіледі. Үлгерімі төмен, сондай-ақ әлеуметтік жағынан осал отбасылардан шыққан білім алушылардың біліміндегі олқылықтарды негізгі пәндер бойынша онлайн режимде қосымша сабақтар ұйымдастыру арқылы толықтыру үшін "Цифрлық мұғалім" жобасын енгізу жоспарлануда. Жоба үлгерімі төмен балалардың жеке ерекшеліктерін ескере отырып, ақпараттық жүйе арқылы оқытудың бейімделген әдістемесін іске асыруды қамтамасыз етеді.

Ауылдық ШЖМ-де білім беру жөніндегі көрсетілетін қызметтердің сапасын арттыруға, қала мен ауыл арасындағы алшақтықты қысқартуға "Цифрлық ауыл мектебі" жобасы ықпал ететін болады. Жоба шеңберінде ауылдық ШЖМ қашықтан оқыту форматында сабақ өткізетін, сұранысқа ие білікті педагогтермен қамтамасыз етілетін болады. "Химия", "Физика", "Математика", "Ағылшын тілі" және басқа пәндер бойынша педагогтер тапшылығы мәселесі шешілетін болады. Ы. Алтынсарин атындағы ұлттық білім академиясы әдістемелік және әдіснамалық сүйемелдеуді, "Өрлеу" ұлттық біліктілікті арттыру орталығы педагогтерді цифрлық форматта жұмыс істеуге

даярлауды қамтамасыз етеді. ШЖМ ақпараттық-коммуникациялық инфрақұрылымы айтарлықтай нығая түседі.

Мектепті басқарудың тиімділігін арттыру мақсатында мектепшілік бақылау жүйесі жетілдіріледі, онда ең алдымен, мектеп директорларының орынбасарларына, педагогтердің әдістемелік бірлестіктеріне бақылау өкілеттіктерін беру есебінен бақылау субъектілерінің кәсіби құзыреттілік деңгейін арттыруға баса назар аударылады. Мақсатын, теориялық тәсілдерін, бағалау өлшемшарттарын және нәтижелерді өңдеу әдістемесін көрсете отырып, мектепшілік бақылау ережесі әзірленді. Мектепшілік бақылау бағыттары бойынша табысты нәтижелер мен кемшіліктерді бақылау негізінде тұрақты талдау және бағалау мектепті басқару қызметінің сапасын арттыруға және жоғары нәтижелерге қол жеткізуге мүмкіндік береді. Балалардың білім сапасын арттыру мәселелерінде әр мектептің ішкі ресурсы пайдаланылатын болады. Педагогтер дәстүрлі әдіс-тәсілдерден басқа, "сабақты зерттеу", "іс-әрекеттегі зерттеу" әдістерін қолданады, сабақтарға қатысып, кері байланыста болады, сабақтарды бірлесіп жоспарлау мен модерациялауды жүзеге асырады және т.б.

2-параграф. Ерекше білім беруді қажет ететін балалар үшін орта білімнің қолжетімділігі

Орта білім беру ұйымдарында сапалы және қолжетімді білім беруді қамтамасыз ететін физикалық кедергісіз қолайлы ортаны, әдістемелік, кадрлық және басқа ресурстарды қоса алғанда, эргономикалық негізде инклюзивті білім беру ортасы құрылатын болады.

Инклюзивті білім беру жағдайында жұмыс істейтін педагогтерге (пән мұғалімдері, педагогтер, педагог-ассистенттер және басқалар) қойылатын біліктілік талаптарын жаңарту "Педагог" кәсіби стандарты негізінде жүзеге асырылатын болады.

ЕБҚ балаларды арнайы психологиялық-педагогикалық қолдауды іске асыру үшін арнайы білім беру ұйымдары орналастырылатын ғимараттар мен үй-жайлардың базалық инфрақұрылымының жалпыға міндетті ең төменгі стандарттарын әзірлеу және бекіту бөлігінде нормативтік құқықтық база жетілдірілетін болады.

ПМПК ашу 50 мың балаға 1 есебінен жүзеге асырылатын болады. Қажеттілігіне қарай, 34 ПМПК ашылады: 2023 жылы – 15, 2024 жылы – 14, 2025 жылы – 5.

ПМПК кабинеттерінің желісі 2025 жылдың соңына дейін 26 бірлікке, мектептер жанындағы инклюзияны қолдау кабинеттерінің желісі 2029 жылдың соңына дейін 200 бірлікке кеңейтіледі.

Бұдан басқа, мемлекеттік білім беру тапсырысын іске асыру кезектілікті қысқартады және ЕБҚ балаларды арнайы психологиялық-педагогикалық қолдаумен қамтуды ұлғайтады.

Денсаулығында әртүрлі кінәраты бар балаларды ерте анықтау және түзету үшін көмек берудің тұтас жүйесін құру, ППТК мен ОО үшін балаларды ерте дамыту жөніндегі бағдарламаны әзірлеу және бекіту жоспарлануда.

Мүмкіндігі шектеулі адамдардың (балалардың) "бесіктен – мамандыққа дейін" қағидаты бойынша білім беру маршрутының жүйесі пысықталатын болады.

ЕБҚ баланың білім беру маршрутының жүйесі баланы туғаннан бастап мамандық алғанға және оны жұмысқа орналастырғанға дейін сүйемелдеуді көздейді. Бұл тәсіл ЕБҚ адамдардың (балалардың) білім деңгейлерінің сабақтастығын сақтауға мүмкіндік береді.

Білім беру саласындағы мемлекеттік саясаттың негізгі қағидаттарының бірі оның деңгейлерінің сабақтастығын қамтамасыз ететін білім беру процесінің үздіксіздігін қамтамасыз ету болып табылады. Осы қағиданы сақтау мақсатында инклюзивті білім берудің үздіксіз жүйесінің моделі (балабақша, мектеп, колледж, ЖОО), ерте кәсіптік бағдарлау, ЕБҚ білім алушыларды кәсіптік және кәсіптік даярлау бағдарламалары әзірленетін болады.

Инклюзивті білім беру мәселелері бойынша барлық деңгейдегі білім беру ұйымдарын ғылыми-әдіснамалық сүйемелдеудің үйлестіруші орталығы Ы. Алтынсарин атындағы ұлттық білім академиясы, ал арнайы білім беру мәселелері бойынша Арнайы және инклюзивті білім берудің ұлттық ғылыми-практикалық орталығы болады.

3-параграф. Инфрақұрылымды дамыту және мектептерді жаңғырту

Ескерту. 3-параграфқа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 13.06.2024 № 465 қаулысымен.

Үш ауысымды оқыту, авариялық мектептер және оқушы орындарының тапшылығы проблемаларын шешу мақсатында 2030 жылға қарай 1,5 млн жаңа оқушы орнын іске қосу жоспарлануда.

"Жайлы мектеп" ұлттық жобасы шеңберінде 2023 – 2025 жылдар аралығында 740000 оқушы орнына арналған 369 жаңа мектеп салынады (екі ауысымда: 2024 жыл – 461 мың орын, 2025 жыл – 279 мың орын).

Бұл ретте мектеп кеңістігінің заманауи эстетикалық тартымды сыртқы келбетімен, білім алушылар мен педагогтердің қауіпсіздік режимін қамтамасыз ете отырып, оқу жабдықтары мен жиһаздардың толық жиынтығымен мектеп құрылысының бірыңғай стандарттарын қолдануды, сондай-ақ МЖБС-қа сәйкес алаңдар мен кабинеттер санының сәйкестігін қамтамасыз ету жоспарлануда. Сондай-ақ, ерекше тәртіп бойынша "дайын күйінде тапсыру" құрылысы (құрылыс мерзімдерін қысқарту, қымбаттауға жол бермеу) көзделген.

Мектептерде бастауыш сыныптар мен негізгі және орта мектептер үшін асханалары, спорт залдары бар жеке блоктар болады. Білім алушыларға арналған жеке шкафтарды, әр білім алушыға арналған мобильді парта-трансформерлерді орнату көзделеді. Мектептің барлық үй-жайлары, жиһаздар оқу процесін ыңғайлы, қауіпсіз және тиімді

ұйымдастыру үшін білім алушылар мен педагогтердің оқу, материалдық және рухани қажеттіліктеріне жауап беретін эргономика талаптарына сәйкес ұйымдастырылады және жабдықталады.

Сонымен қатар басқа тетіктерді іске асыру шеңберінде (жалпы сипаттағы трансферттер, бюджеттік инвестициялық жобалар, МЖӘ, Білім беру инфрақұрылымын қолдау қоры, жекеменшік мектептердегі мемлекеттік тапсырыс есебінен) 2023 – 2025 жылдары 660 мыңнан астам оқушы орнын енгізу жоспарлануда.

Жеке әріптесті анықтау және білім беру саласындағы мемлекеттік-жекешелік әріптестік шартын жасасу қағидалары әзірленетін болады.

Бұдан басқа, 2026 – 2029 жылдарға жыл сайын 160 мыңнан астам жаңа оқушы орнын іске қосу жоспарлануда.

2023 және 2025 жылдар аралығында 6 бағыт бойынша 3000 мектепті жаңғырту көзделді (жыл сайын 1000 мектептен). 2023 жылдың соңына дейін 1000 мектепті жаңғырту шеңберінде 111 мектепте күрделі жөндеу, 507 мектепте ағымдағы жөндеу жүргізу, 559 мектепке 793 пәндік кабинет сатып алу, 541 мектепте жиһазды жаңарту, 282 мектеп асханасын және 639 мектеп кітапханасын жаңғырту, сондай-ақ 505 мектепте қауіпсіздік жағдайларын жақсарту жоспарлануда.

2023 – 2029 жылдар аралығында робототехника, химия, биология, физика, STEM пәндері бойынша кемінде 7000 заманауи мектеп кабинеттерін ашу қарастырылуда.

2023 жылдан бастап жыл сайын кемінде 200 мектепке күрделі жөндеу жүргізу жоспарлануда.

Барлық мектептер ықтимал қауіпті, "ересектерге арналған" контентті бұғаттап, арнайы шлюзді пайдалана отырып, ең төмен халықаралық талаптарға сәйкес жылдамдықты қауіпсіз Интернетке қолжетімділікпен қамтамасыз етілетін болады. Бұл ретте Интернет елді мекенге тартылып қана қоймай, былайша айтқанда, "соңғы милясы" мектепке дейін жеткізіліп, ал мектепте тиісті жергілікті желі құрылуға тиіс. Мектептер білім беру ұйымының және оқушылар контингентінің ерекшеліктеріне қарай интерактивті құрал-жабдықтың қажетті жинағымен қамтамасыз етіледі.

"Білім туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 5-бабының 2-7) тармақшасына сәйкес Білім беру инфрақұрылымын қолдау қорының (бұдан әрі – Қор) қаражатын бөлу, жұмсау, мониторингілеу және есептілік қағидалары әзірленді.

Қор қаражатын бөлу құрылысы және (немесе) реконструкциялау (жапсарлас құрылыс) Қор қаражаты есебінен жүзеге асырылатын орта білім беру объектілерінің басым тізбесіне сәйкес жүзеге асырылады.

Қор қаражаты орта білім беру объектілерін салуға және (немесе) реконструкциялауға (жапсарлас құрылыс) жобалау-сметалық құжаттамаларды әзірлеу; қажетті сараптамалардан өту; жер учаскелерін бөлу; орта білім беру объектілеріне инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылым салу; бұрын Қор есебінен қаржыландырылған орта білім беру объектілерін салудың және (немесе)

реконструкциялаудың (жапсарлас құрылыс) сметалық құнын қымбаттауына байланысты шығыстарын қоспағанда жұмсалады.

Уәкілетті орган Қордың шотына қаражат түсімдерінің мониторингін ай сайын жүргізетін болады.

Жан басына шаққандағы қаржыландыру стандартын жетілдіру мақсатында Жан басына қаржыландыру әдістемесіне:

- білім берудің барлық деңгейлерінде "Қазақстан Республикасында зейнетақымен қамсыздандыру туралы" Қазақстан Республикасы Заңына сәйкес келтіру мақсатында 2023 жылдан бастап m коэффициентінің мөлшерін нақтылау;

- "Азаматтық қызметшілерге, мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен ұсталатын ұйымдардың қызметкерлеріне, қазыналық кәсіпорындардың қызметкерлеріне еңбекақы төлеу жүйесі туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 31 желтоқсандағы № 1193 қаулысында көзделген өзгерістерге сәйкес орта білім беру ұйымдарының нормативіне азаматтық қызметшілердің жалақысын 2022 жылдан бастап 23 %-ға ұлғайту;

- "Арал өңіріндегі экологиялық зілзала салдарынан зардап шеккен азаматтарды қорғау туралы" Қазақстан Республикасы Заңында көзделген экологиялық қасірет аймақтары бөлінісінде экологиялық қасірет аймағында тұрғаны үшін қосымша ақы төлеу коэффициенттерін қайта қарау;

- орта білім беру ұйымдарында білім алушылардың белгілі бір санаттарына қаржылық материалдық көмек көрсетуге бөлінетін оқулықтар мен құралдарды сатып алуға және жеткізуге жұмсалатын шығыстар нормасын енгізу;

- "шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік кәсіпорындар" ұйымдық-құқықтық нысанындағы орта білім беру ұйымдары үшін қаржыландыру көлемін есептеу кезінде түзету коэффициенттерін алып тастау ("Мемлекеттік мүлік туралы" Қазақстан Республикасы Заңына сәйкес шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік кәсіпорын коммерциялық ұйым болып табылады) қарастырылған.

Бұл өзгерістер барлық орта білім беру ұйымдары, оның ішінде жеке білім беру ұйымдары үшін қаржыландыру шарттарын жақсартуды көздейді.

Сондай-ақ, жеткізушінің қызметкерлері болып табылатын педагогтердің еңбекақысын Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 31 желтоқсандағы № 1193 қаулысымен бекітілген азаматтық қызметшілерге, мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен ұсталатын ұйымдардың қызметкерлеріне, қазыналық кәсіпорындардың қызметкерлеріне еңбекақы төлеу жүйесінде көзделгеннен төмен емес төлеуді қамтамасыз ету бойынша мемлекеттік тапсырысты орналастыру туралы шартты жасасу арқылы Министрлік білім беру қызметтерін жеткізушілерге қосымша талаптарды енгізді.

Сонымен қатар білім беру қызметтерін жеткізушілерді білікті педагог кадрларды тартуға ынталандыруды арттыру мақсатында Министрлік мектептерді педагогикалық

персоналдың біліктілік санаттары бойынша саралауды енгізуді, яғни мектептерді төмен, орта, жоғары деңгейлер бойынша градациялауды жүзеге асыруды жоспарлап отыр. Тиісінше, жан басына шаққандағы қаржыландыру көлемі мектептің педагогикалық құрамының біліктілік деңгейіне байланысты өзгеріп отырады, сондай-ақ білім беру сапасы бойынша қосымша бақылауды қамтамасыз ету мәселелері пысықталады.

Министрлік нормативтерді жетілдіру жөніндегі жұмысты тоқтатпайды және мемлекеттік бюджеттің мүмкіндіктерін ескере отырып, мүдделі мемлекеттік органдармен түрлі тәсілдер мен ұсыныстарды келісу жөнінде шаралар қабылдайды.

3-бағыт. Техникалық және кәсіптік білім беру – жұмысшы кадрларды даярлайтын негізгі буын

Ескерту. 3-бағыттың тақырыбы жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 13.06.2024 № 465 қаулысымен.

1-параграф. Техникалық және кәсіптік білімге сапалы және кедергісіз қолжетімділікті қамтамасыз ету

Ескерту. 1-параграфқа өзгерістер енгізілді - ҚР Үкіметінің 13.06.2024 № 465; 25.04.2025 № 271 қаулыларымен.

Мамандарды даярлау еңбек нарығының болжамды қажеттіліктеріне сәйкес жүзеге асырылатын болады. Бұл ретте ТжКБ ұйымдары оқытудың, оның ішінде қысқа мерзімді оқытудың икемді нысаны бар барлық білім беру қызметтерін ұсына отырып, жастардың кәсіби өзін-өзі жүзеге асыруы үшін орталық хабқа айналуға тиіс.

ТжКБ-ға сапалы және кедергісіз қол жеткізуді қамтамасыз ету үшін 2026 жылға қарай ТжКБ бар кадрларды даярлауға арналған мемлекеттік тапсырыс көлемін 150 мың орынға дейін ұлғайту арқылы сұранысқа ие мамандықтар бойынша ТжКБ ұйымдарына 9-сынып бітірушілерін тегін оқытумен толыққанды қамту жұмысы жалғастырылады. Сондай-ақ жұмысқа орналастыру (жыл сайын 10 мыңнан астам талапкер) міндеттемесімен, бір білім беру бағдарламасы шеңберінде бірнеше біліктілік алумен кәсіпорындардың өтінімдері бойынша кадрларды нысаналы даярлау ұлғайтылатын болады. Алғашқы жұмысшы мамандығын алудан бөлек, еңбек нарығында сұранысқа ие екінші мамандықты тегін алу қажеттігі мәселесі қарастырылатын болады.

Кадрларды даярлау сапасын арттыру мақсатында ТжКБ-ның жан басына шаққандағы қаржыландыру нормативін екі есеге ұлғайту мәселесі пысықталатын болады. Сондай-ақ қаржыландыру көздерін кеңейту іске асырылып, ТжКБ ұйымдары қызметінің түйінді көрсеткіштері негізінде ынталандырушы төлемдерді көздейтін жан басына шаққандағы қаржыландырудың сараланған моделі енгізілетін болады. Аталған шаралар білім беру мекемелерінің материалдық-техникалық базасын жаңғыртуға, білім беру процесінің тиімділігін арттыруға, сондай-ақ педагог қызметкерлер мен білім

алушылардың уәждемесін күшейтуге бағытталған. Ауылдық аумақтарды қолдау, ауылдарда кадрлық әлеуетті қалыптастыру және ауыл жастарын қолдау үшін мобильді оқу орталықтарының ("жылжымалы оқыту") жұмысы жолға қойылады. Орталықтың жұмысы ауылдық жерлерде тұратын адамдарды қысқа мерзімді курстық даярлауға арналған. Бұдан басқа, бұл орталықтарда колледждері жоқ елді мекендерде жалпы білім беретін мектептердің 10-11 сынып оқушылары оқытылатын болады.

10-11-сынып білім алушыларына негізгі оқумен қатар колледждер базасында жұмыс біліктілігін алу мүмкіндігі беріледі. Жастарды ТжКБ жүйесіне тарту үшін кәсіптік диагностика, кәсіптік сынамалар жүргізу және профессиограммалармен танысу арқылы, оның ішінде Қазақстанның жаңа кәсіптерінің атласы негізінде мектеп оқушылары арасында кәсіптік бағдар беру жұмысы күшейтіледі. Кәсіптік бағдар беру жұмысын жүргізу кезінде ақпараттық платформа және кәсіптік бағдарлау мен мансаптың, оның ішінде Қазақстанның жаңа кәсіптерінің атласы негізінде мобильдік қосымша қолданылатын болады.

Студенттерді әлеуметтік қолдау бойынша жұмыс жалғасады. Ол үшін студенттердің стипендиясының мөлшері 2 есе артады. Студенттер жатақханаларда орындармен, оның ішінде жаңа орындарды енгізу есебінен қамтамасыз етілетін болады.

Білім алушының жекебасын дамыту, оны одан әрі жұмысқа орналастыру мүмкіндігін кеңейту мақсатында ел ішіндегі колледждерде білім алушылардың академиялық ұтқырлығын енгізу жоспарлануда. Кадрларды даярлаудың желілік нысанын дамыту жөнінде шаралар қабылданатын болады. Кадрларды даярлаудың желілік нысаны теориялық даярлықты, өндірістік практиканы және (немесе) оқу практикасын, зертханалық, практикалық сабақтарды өткізу бөлігінде жұмыс берушілердің салалық қауымдастықтарымен, кәсіпорындармен және ТжКБ ұйымдармен өзара желілік іс-қимыл жасау туралы шарттың негізінде іске асырылады.

Жоғары кәсіптік білім беру ұйымдарының базасында арнайы пәндер оқытушылары мен өндірістік оқыту шеберлерін, оның ішінде ТжКБ ұйымдарының түлектері қатарынан даярлау жалғасады.

Студенттердің білімін бағалау жүйесінің сапасын жақсарту үшін ТжКБ ұйымдарында академиялық адалдық енгізілетін болады.

ЕБҚ бар білім алушылардың жеке мүмкіндіктері мен ерекше қажеттіліктерін ескере отырып, қазіргі еңбек нарығында сұранысқа ие кәсіптерді алуына мүмкіндік беретін тетіктерді әзірлеу жоспарлануда. ЕБҚ бар адамдар үшін тең жағдайлар мен кедергісіз қолжетімділікті қамтамасыз ету жөніндегі жұмыс жалғасады. 2025 жылға қарай барлық ТжКБ мемлекеттік ұйымдарында инклюзивті білім беру үшін жағдай жасау жоспарлануда.

Кәсіптік бағдарлау және инклюзивті білім беруді дамыту құралы ретінде Abilympics қозғалысын дамыту шеңберінде "Атамекен" ҰКП-мен, жұмыс берушілермен ЕБҚ

адамдарды жұмысқа орналастыру мәселесін шешу үшін бірлескен жұмыс жүргізілетін болады.

WorldSkills International-мен, WorldSkills Europe-мен өзара іс-қимылды кеңейту жөніндегі жұмыс жалғастырылатын болады. Қазақстан Республикасының Оқу-ағарту министрлігі WorldSkills Kazakhstan қозғалысының ұлттық операторы ретінде техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру жүйесін ғылыми-әдістемелік тұрғыдан дамытуды жүзеге асыратын ведомстволық бағынысты ұйымды айқындайтын болады, ол ұлттық құраманы WorldSkills халықаралық чемпионаттарында, қауымдастықтарында және ұйымдарында білдіретін болады.

Еліміздің ұлттық құрамасын WorldSkills халықаралық чемпионаттарына сапалы дайындау үшін демеуші-серіктестер мен ТЖКБ ұйымдарының базасында "спортшыларды Олимпиадаға дайындау" қағидаты бойынша жаттығу лагерлері ұйымдастырылады. Жыл сайын WorldSkills өңірлік және республикалық чемпионатын өткізу үшін құзыреттер тізбесі кеңейтілетін болады.

Қабылданып жатқан жүйелі шаралар нәтижесінде Қазақстан WorldSkills-2025 әлем чемпионатының қорытындысы бойынша жалпы командалық есепте ТОП-20 елге кіруді жоспарлап отыр.

WorldSkills халықаралық чемпионаттарының жеңімпаздары мен оларды дайындаған оқытушылар мен шеберлерді ынталандыру мәселесі пысықталады, бұл жұмысшы кәсіптерінің беделін арттыруға мүмкіндік береді, техникалық және кәсіптік білімнің тартымдылығын арттыруға ықпал ететін болады.

Білім алушылардың шығармашылық және кәсіпкерлік әлеуетін ашуға ерекше көңіл бөлінетін болады.

Колледждер жастардың әлеуметтік және жеке дамуына, инновациялық және кәсіпкерлік қызметті жандандыруға, олардың шығармашылық әлеуетін ашуға, өмірлік маңызды дағдыларды дамытуға (soft skills), жастар істері комитеттерінің, студенттік парламенттердің, мүдделер клубтарының, спорттық және өзге де үйірмелердің қызметі арқылы шешімдер қабылдауға жәрдемдесетін жастарды тарту орталықтарына айналады. Колледждер сонымен қатар жастарға мемлекеттік бағдарламалар мен жобалар туралы кеңес береді және хабардар етеді, психологиялық, кеңес беру және заңгерлік көмек көрсетеді.

Колледждерде кәсіпкерлік дағдыларды қолдау және өз ісін ашу үшін "Бизнес-стартап" студенттік орталықтары құрылады. Бұл студенттік орталықтар әлеуметтік әріптестермен бірлесіп жұмыс істейді және студенттердің өз бизнес-идеялары мен стартаптарын іске асыруына мүмкіндік береді.

2-параграф. Техникалық және кәсіптік білімнің мазмұнын жаңғырту және сапасын арттыру

Ескерту. 2-параграф жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 13.06.2024 № 465 қаулысымен; өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 25.04.2025 № 271 қаулысымен.

WorldSkills стандарттарын оқу процесіне енгізу және жұмыс оқу бағдарламаларын әзірлеу, кәсіптік бағдар беру, педагогтерді курстық оқыту және WorldSkills талаптары бойынша демонстрациялық емтихан өткізу кезінде ТЖКБ ұйымдарын әдіснамалық қолдау және сүйемелдеу бойынша жұмыс жалғасады.

Жұмыс берушілермен бірлесіп білім беру мазмұны мен оқыту мерзімдерін айқындауда академиялық дербестікті кеңейту бойынша жұмыс жалғасады.

Білім беру бағдарламаларын есепке алу мен сапасының бірыңғай ақпараттық ортасын қалыптастыру мақсатында білім беру бағдарламаларының тізілімін жүргізу және оларды сараптау процесін жетілдіру жөніндегі жұмыс жалғасады. Білім беру бағдарламаларының тізілімі негізінде кейіннен Ұлттық біліктілік жүйесінің цифрлық платформасымен интеграциялай отырып, ТЖКБ білім беру бағдарламаларының ұлттық портфелі қалыптастырылатын болады. Ұлттық портфель колледждер мен жоғары оқу орындарында үздіксіз оқытуды қамтамасыз етеді, бұрын игерілген оқу нәтижелерін қайта тапсыру үшін негіз болады. Ақпарат жұмыс берушілер мен кәсіп алғысы келетіндер үшін, әсіресе экономиканың дамуын ескере отырып, кадрларды озыңқы даярлау мәселелерінде пайдалы болады.

Білім беру бағдарламаларын жетілдіру және жаңарту жалғасады, онда кәсіпкерлік дағдыларды, негізгі икемді дағдыларды (soft skills) дамытуға бағытталған модульдер көзделетін болады. Білім беру бағдарламаларына білім алушыларға жекелеген еңбек функциясын орындау үшін жеткілікті сабақтас салаларда біліктілікті меңгеруге мүмкіндік беретін еріктілік және таңдау негізінде қосымша микробіліктіліктер және (немесе) minor-бағдарламалар енгізілетін болады. Осыған байланысты салалық мемлекеттік органдар кәсіптің микробіліктілігін қоса алғанда, біліктілікке дейінгі декомпозициясын ескере отырып, кәсіптік стандарттың құрылымын қайта қарайтын болады. Мемлекеттік білім беру тапсырысы кәсіптік стандарттар негізінде (бар болса) білім беру бағдарламаларын іске асыратын колледждерде орналастырылады.

Сұранысқа ие дағдыларды қысқа уақытта меңгеруге мүмкіндік беретін модульдік-құзыреттілік тәсілді енгізу жұмысы жалғаса береді. Мамандық бойынша бір модульді не қысқа мерзімді кәсіптік оқыту шеңберінде микробіліктілік алуға, сертификаттаудан өтуге және жұмысқа орналасуға мүмкіндік беріледі. Қысқа мерзімді кәсіптік оқыту бойынша кадрлар даярлауды жергілікті атқарушы органдар жүзеге асыратын болады.

ТЖКБ білім беру бағдарламалары академиялық кредиттерді тану және оқу мерзімін қысқарту үшін жоғары білім беру бағдарламаларымен синхрондалатын болады. Жоғары колледждердің қолданбалы бакалавриатының білім беру бағдарламалары академиялық кредиттерді қайта есептеуді қамтамасыз ету және бейінді жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарында (бұдан әрі – ЖЖБҰ) бакалавр дәрежесін алу мерзімін қысқарту үшін ЖЖБҰ-мен келісілетін болады. Бұл ретте уәкілетті мемлекеттік органдар жергілікті атқарушы органдармен бірлесіп тиісті

НҚА қабылдай отырып, үшінші білім берудің халықаралық тәжірибесі негізінде орта білімнен кейінгі білім беру деңгейін дамыту жөнінде шаралар қабылдайтын болады.

Еуропалық кредиттік технология қағидаттарын ескере отырып, оқытудың кредиттік жүйесін жетілдіру жөніндегі жұмыс жалғастырылады.

Жұмыс берушілердің талаптарын және Жаңа кәсіптер атласын ескере отырып, ТЖКБ мамандықтары мен біліктіліктерінің сыныптауышын өзектілендіру жалғасады.

ТЖКБ жалпы білім беретін пәндері бойынша үлгілік оқу бағдарламаларында жеке тұлғаның жалпы мәдениетін қалыптастыру, білім алушылардың функционалдық сауаттылығы негіздерін жасау, жастарды қоғамдағы өмірге бейімдеу жөніндегі міндеттер шешілетін болады. ТЖКБ ұйымдарының білім алушылары 15 жастағы білім алушылардың функционалдық сауаттылығы деңгейін анықтауға бағытталған PISA-2025,

PISA-2029 халықаралық салыстырмалы зерттеулеріне қатысатын болады.

Түлектерді жұмысқа орналастыру кезінде, ең алдымен, жас маманның дағдылары мен біліктілік деңгейі шешуші мәнге ие болады. Білімі туралы дипломға қосымша құжат ретінде түлектің құзыреттер картасы берілетін болады. Түлектің құзыреттер картасы кәсіптік даярлық және кәсіп бойынша еңбек функцияларын орындау үшін талап етілетін қандай да бір құзыреттерді меңгеру деңгейін көрсетеді.

Жұмыс берушілер үшін түлектердің құзыреттер картасы кәсіби құзыреттер шеңберінде студенттер меңгерген оқу нәтижелеріне қол жеткізуді бағалаудың егжей-тегжейлі өлшемшарттары ұсынылған шаблон болады.

Колледждерге түгендеу және оларды бейіндеу жұмыстары жүргізіледі. Бұл барлық академиялық және өндірістік қуаттарды салалық оқу орындарында шоғырландыруға мүмкіндік береді.

Ауылдық жерлердегі шағын жинақты колледждерді жетекші колледждермен біріктіру, әлеуметтік әріптестермен бірлесіп аграрлық салада заманауи оқу шаруашылықтары мен шағын кәсіпорындар құру, сондай-ақ осы саладағы мемлекеттік тапсырыстарды ынталандыру әрі ірі кәсіпорындар мен колледждер арасындағы әріптестікті қолдау жоспарлануда.

Өңір кәсіпорындарында үздік практикаларды қалыптастыруға және озыңқы оқытудың кәсіби модульдерін іске асыруға арналған база ретінде колледждерде салалық құзыреттер орталықтарын дамыту жұмыстары жалғасады. Құзыреттер орталықтары азаматтардың көптеген біліктіліктерге, қайта мамандануға, формалды емес оқуға және икемді дағдыларды дамытуға қолжетімділігін кеңейтеді. Алған құзыреттерін біліктілікті тану орталықтары растайтын болады. Мұндай құзыреттер орталықтары бар колледждер кәсіпорындардың жұмыс істеп жүрген қызметкерлерінің салалық біліктілігін арттыру және қайта оқыту орталықтарының функцияларын атқара алады. Бұл тәсіл өмір бойы оқу қағидатына сәйкес келеді.

3-параграф. Шарттарды жаңарту және жұмыс берушілерді техникалық және кәсіптік білім беруге тарту

Ескерту. 3-параграфқа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 25.04.2025 № 271 қаулысымен.

ТжКБ ұйымдарына өндірістен мамандарды тарту жұмысы жалғастырылатын болады. Бұл ретте "Атамекен" ҰКП жанындағы тәлімгерлер мектебі тәлімгерлерді өндірістен педагогикалық дағдыларға оқытуды жалғастырады.

Бұдан басқа, еңбек нарығын білікті кадрлармен қамтамасыз ету үшін ТжКБ ұйымдарының басшылары үшін біліктілікті арттыру курстары мен оқыту, оның ішінде "Болашақ" халықаралық стипендиясының шеңберінде ұйымдастырылатын болады.

Дуальды оқытуды одан әрі кеңейту және кәсіпорындардың ТжКБ ұйымдарына қамқорлығын дамыту үшін жұмыс берушілермен өзара іс-қимылды нығайту жөніндегі жұмыс жалғасады.

Сондай-ақ "Атамекен" ҰКП-мен бірлесіп дуальды оқыту (педагогикалық дағдыларға оқыту) шеңберінде студенттердің кәсіби практикасын сапалы ұйымдастыру мақсатында тәлімгерлік мектебін дамыту жөніндегі іс-шаралар жалғастырылатын болады.

ТжКБ ұйымдарын дамытудың басым бағыттары мәселелері бойынша қамқоршылық кеңестердің рөлі күшейтіледі. Кәсіпорындар WorldSkills жарыстарын өткізуге, білім алушылардың кәсіптік практикасын ұйымдастыруға, кәсіпкерлік дағдылар негіздерін оқытуға, жастарды белсенді өмір салтына тартуға, сондай-ақ түлектерді одан әрі жұмысқа орналастыруға белсенді қатысады.

Түлектердің жұмыспен қамтылуы және жұмысқа орналасуы туралы шынайы және толық ақпарат алу үшін мүдделі мемлекеттік органдардың ақпараттық жүйелерін интеграциялау жүзеге асырылатын болады.

Ұлттық біліктілік жүйесін одан әрі дамыту жалғасады. Біліктілікті тану жүйесі енгізілетін болады. Білім алушыларды аралық және қорытынды аттестаттау демонстрациялық емтихан нысанында жүргізілетін болады. Түлектер біліктілікті тану орталықтары арқылы біліктілігін растайтын болады.

Орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарының, сондай-ақ кәсіпорындардың тиімді өзара іс-қимылын қамтамасыз ету мақсатында жергілікті атқарушы органдар аумақтық кластерлерді, оның ішінде білім беру-өндірістік кластерлерді дамытуды жалғастыратын болады.

4-параграф. Техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарының қаржылық орнықтылығын арттыру және нысаналы қолдау

Ескерту. 4-параграфқа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 13.06.2024 № 465 қаулысымен.

Мемлекеттік білім беру тапсырысы есебінен ғана емес, сондай-ақ колледж өндірген өз өнімдерін сатудан түскен кірістер мен жұмыс берушілердің қаражаты есебінен қаржыландырудың икемді моделіне өту пысықталуда. ТжКБ мемлекеттік ұйымдарының, оның ішінде бизнес қаражаты есебінен МТБ нығайту жөніндегі жұмыс жалғасады. Колледждер заманауи жабдықтармен, оның ішінде бизнес қаражаты есебінен жаңғыртылып, жабдықталатын болады.

ТжКБ ұйымдарын оқу шаруашылықтары мен шағын кәсіпорындар (егістіктер, фермалар, жылыжайлар және басқалар) құру жолымен коммерцияландыру дамитын болады. ТжКБ ұйымдары ақылы негізде қызметтерді ұсынатын болады және оқу-өндірістік шеберханаларда, шаруашылықтарда, оқу полигондарында шығарылатын тауарларды өткізетін болады. 2028 жылға қарай колледждердің 50 %-ында (2023 жылы – 20 бірлік, 2024 жылы – 33 бірлік, 2025 жылы – 36 бірлік, 2026 жылы – 62 бірлік, 2027 жылы – 67 бірлік) өздерінің оқу шаруашылықтары мен шағын кәсіпорындары болады. Ол үшін ТжКБ ұйымдарын икемді ұйымдық-құқықтық нысанға көшіру жүзеге асырылатын болады.

"Жас маман" жобасы шеңберінде жарактандырылған ТжКБ ұйымдары жанынан мамандық бейіні бойынша кадрларды даярлау, қайта даярлау және біліктілігін арттыру, WorldSkills чемпионаттарына қатысушыларды даярлау, мектеп білім алушылары үшін кәсіптік сынамалар жүргізу, түлектер мен мамандарды сертификаттау жүйесі жөніндегі бағдарламаларды іске асыру үшін құзыреттілік орталықтары құрылады.

5-параграф. Техникалық және кәсіптік білім беруді цифрландыру

Ескерту. 5-параграфқа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 13.06.2024 № 465 қаулысымен.

Тең құқықтарды, мемлекеттік қызметтердің қолжетімділігін және мемлекеттік білім беру тапсырысын бөлу рәсімінің ашықтығын қамтамасыз ету мақсатында мемлекеттік қызметтерді жаппай цифрландыру жалғастырылады. Электрондық үкімет порталы арқылы қолжетімді мемлекеттік қызметтер тізбесі және мемлекеттік қызметтермен қамтылған білім беру ұйымдарының үлесі ұлғаяды.

Жыл сайынғы негізде eGov mobile электрондық үкіметінің мобильді қосымшасында электрондық диплом шығару мүмкіндігімен түлектердің деректері цифрландырылатын болады.

ТжКБ ұйымдарында қашықтан оқытуды дамыту бойынша жұмыс жалғасады. ТжКБ ұйымдары студенттерді оқыту нысандары мен оқыту курстарына қарамастан қашықтан оқытуға ауыстыру мүмкіндігіне ие. Студенттердің өндірістік оқытуды ұйымдастыруға және кәсіптік практикаға көзделген академиялық сағаттарды қоспағанда, бүкіл оқу кезеңі үшін уақыттың 20 %-нан аспайтын қашықтан оқуға мүмкіндігі бар.

ТЖКБ ұйымдарында бизнес, басқару және құқық, ақпараттық-коммуникациялық технологиялар, туризм және қонақжайлылық бағыттары бойынша нақты мамандықтардың тізбесін айқындай отырып, онлайн-оқыту енгізілетін болады және білім беру ұйымдарына қойылатын жалпы талаптар, оның ішінде білім беру қызметін жүргізуге арналған лицензияға жеке қосымша алу белгіленетін болады.

Онлайн және гибриді оқытуды кеңінен енгізу үшін цифрлық инфрақұрылымды жаңғырту (компьютерлік паркті, оқытудың мультимедиялық және интерактивті құралдарын жаңарту, оқытуды басқару жүйелерін әзірлеу, халықаралық сертификаттауды жүргізу) және кадр құрамының цифрлық дағдыларын дамыту (сертификатталған тренингтер) жөніндегі шаралар пысықталатын болады. Онлайн және гибриді оқыту колледждердің бәсекеге қабілеттілігін арттырады, ұтқырлық пен жоғары нәтижелерге, ал студенттерге жұмыс орнында оқу арқылы уақыты мен шығыстарын үнемдеуге ықпал ететін болады.

Хакатон жарыстарын өткізу жалғасады, онда командалар қысқа уақыт ішінде бизнестің алдында тұрған белгілі бір мәселелерді шешу үшін өнімнің прототипін (веб-сервис, ақпараттық жүйе немесе бағдарлама және басқалар) әзірлеуі керек.

Осылайша, коммерцияландыру процестеріне тартылуы немесе одан әрі ғылыми-зерттеу әзірлемелерінің негізі болуы мүмкін инновациялық жобалардың базасы қалыптастырылатын болады.

Заманауи колледждер базасында 20 өңірлік IT-орталықтар ашу бойынша жұмыс жалғасады. Өңірлік IT-орталықтар тартылыс нүктелеріне және жоғары технологиялық жобалар үшін өсу аймағына айналады деп жоспарлануда. IT-мамандар, техникалық мамандар да, цифрлық индустрияның бизнесмендері де осында оқып, өз құзыреттерін арттыра алады.

WorldSkills қозғалысы шеңберінде және IT бағыттар бойынша құрылған құзыреттілік орталықтарының базасында IT құзыреттер бойынша чемпионаттар өткізу арқылы білім алушылардың практикалық цифрлық дағдыларын жетілдіру бойынша жұмыс жалғасады.

Қабылданған шаралардың нәтижесінде 2030 жылға қарай ТЖКБ оқу орындарын бітіргеннен кейінгі бірінші жылы жұмысқа орналастырылған түлектердің үлесі 89 %-ға жетеді.

4-бағыт. Балалардың құқықтары мен мүдделерін қорғау, баланың қауіпсіз өмір сүруіне қолайлы жағдайды қамтамасыз ету

1-параграф. Балалардың құқықтары мен мүдделерін қорғау, баланың қауіпсіз өмір сүру жағдайын қамтамасыз ету

Қауіптің алдын алу және қауіпсіздікті қамтамасыз ету мақсатында білім беру ұйымдары (мектептер, колледждер, мектепке дейінгі ұйымдар) баланың мектептен

келуі мен кетуін бақылау, ішкі істер органдарының жедел басқару желісіне қосылған бейнебақылау, дабыл беру және құлақтандыру жүйелерімен және мамандандырылған күзетпен жарақтандырылды.

Балаларды мектепке дейін және үйге қайту кезіндегі тасымал қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі жұмыс жалғасады. 2023 жылдың соңына дейін лизинг арқылы сатып алынған 396 автобус еліміздің барлық өңірлеріне жеткізіледі.

Бұл автобустардың техникалық сипаттамалары қолданыстағы заңнамада көзделген талаптарға сәйкес келеді: қауіпсіздік белдіктері бар балалар орындықтарымен, көліктің артқы жағындағы апаттық шығу жолымен, арнайы маяктармен және тану белгілерімен жабдықталған. Мектеп автобусында балаларды мектеп директорының бұйрығымен бекітілген арнайы қызметкер алып жүреді. Осы автобустар мектебі жоқ шалғай елді мекендерде тұратын балаларды тасымалдауды ұйымдастыру кезінде барынша қауіпсіздікті, жайлылықты қамтамасыз етеді.

Балаларға қатысты зорлық-зомбылықты болдырмау мақсатында олардың арасында зорлық-зомбылық және білім алушылардың құқықтық қорғалу деңгейін айқындау үшін жыл сайын әлеуметтік зерттеулер жүргізілетін болады.

Мейірімді және қауіпсіз білім беру ортасын қамтамасыз ету және жанжалды жағдайлардың алдын алу мақсатында мектептегі татуласу қызметтерін құру жұмыстары жалғасады.

Білім беру жүйесінің психологиялық қызметін реттейтін нормативтік құқықтық база жетілдіріледі, педагог-психологтардың әдістемелік құралдарының бірыңғай стандарттары әзірленеді.

Әлеуметтік және психологиялық-педагогикалық көмек әр баламен жеке жүргізіліп, мектепшілік есеп, сондай-ақ кәмелетке толмағандардың істері және олардың құқықтарын қорғау жөніндегі аумақтық комиссиялар тарапынан жасалатын профилактикалық көмек арқылы жүзеге асырылатын болады, бұл "тәуекел тобындағы" балаларды ерте анықтауды және оларға уақтылы көмек көрсетуді, тұтастай алғанда, балалар ортасындағы жағымсыз құбылыстардың жолын кесуді қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

Психологиялық қызмет пен мектептегі татуласу қызметтерінің моделін әзірлеу және енгізу жоспарлануда. Педагогтердің, педагог-психологтардың, әлеуметтік педагогтердің, мектеп әкімшілігі мүшелерінің біліктілігін арттыру жүйесінде мектептің психологиялық қызметін және мектептің татуласу қызметін ұйымдастыру мәселелері бойынша оны ұйымдастырудың қазіргі заманғы нысандары қолданылатын болады.

Педагог-психологтардың жүктемесінің артуының мәселесі қолданыстағы заңнамаға сәйкес жан басына шаққандағы қаржыландыруды іске асыру, оларға мамандандырылған кабинеттер беру шеңберінде шешіледі.

Жүргізіліп жатқан жұмысқа ата-аналар жұртшылығы, мүдделі органдар мен ұйымдардың, үкіметтік емес сектордың өкілдері де белсенді тартылатын болады.

Барлық өңірлерде балалар құқықтары жөніндегі уәкілдер жұмыс істейді. Министрліктің Балалардың құқықтарын қорғау комитетімен өзара іс-қимыл жасай отырып, бала құқықтары жөніндегі уәкілдер балалардың қоғамда қауіпсіз болуы үшін жағдайлар жасауға жәрдемдесетін болады.

2-параграф. Жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалардың құқықтарын қорғау

Ескерту. 2-параграфқа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 13.06.2024 № 465 қаулысымен.

Баланың отбасында өмір сүру және тәрбиелену құқығын іске асыру мақсатында жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларды отбасылық орналастырудың тағы бір балама нысаны – асырап алушы кәсіби отбасы енгізілетін болады.

Балаларды кәсіптік отбасына беру тәртібі, кәсіптік тәрбиешілерге қойылатын талаптар, психологиялық даярлық бағдарламалары, әлеуметтік кепілдіктер мен төлемдер тізбесі және басқалар заңнамалық тұрғыдан регламенттелетін болады.

Жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларды есепке алу жүйесі жетілдірілетін болады.

Қиын өмірлік жағдайға тап болған балалары бар отбасыларға әлеуметтік-құқықтық және психологиялық-педагогикалық қолдау көрсету бойынша балаларды қолдау орталықтары мен психологиялық қызметтер желісін (балалар үйлерін трансформациялау) дамыту, сондай-ақ асырап алушы ата-аналар мектептерін дамыту бойынша ата-аналарға немесе оларды алмастыратын адамдарға құқықтық және консультациялық көмек көрсету жөніндегі жұмыс жалғастырылады.

Орталықтың тәрбиеленушілері мен өмірлік қиын жағдайдағы балаларды психологиялық және құқықтық қолдау қызметтерін құру және өмірлік қиын жағдайдағы балаларды қолдау орталығының тәрбиеленушілерін отбасылық орналастыруға жәрдемдесу, асырап алушы ата-аналарды сүйемелдеу және өмірлік қиын жағдайдағы балаларды қолдау орталығының түлектерін интернаттан кейінгі сүйемелдеу жоспарлануда.

Балаларды асырап алушы кәсіби отбасыларға табысты бейімдеу үшін жағдай жасау, сондай-ақ осы отбасыларға баланы тәрбиелеу және дамыту мәселелерінде психологиялық, педагогикалық және өзге де көмек көрсету мақсатындағы қызметтерді жетілдіру бойынша әдістемелік ұсынымдар, асырап алушы отбасыларды сүйемелдеу стандарттарын әзірлеу, кейс-менеджментті енгізу (баланы жеке сүйемелдеу) жоспарлануда.

Балаларды қолдау орталықтарын психологтермен, әлеуметтік педагогтермен және жұмыскерлермен кезең-кезеңімен жасақтау жүргізіледі. Қорғаншылық және қамқоршылық органдары мамандары штат санының нормативі белгіленетін болады.

3-параграф. Білім алушыларға әлеуметтік қолдау көрсету

Балалардың денсаулығын қорғау және нығайту құқығын қамтамасыз ету мақсатында білім алушыларды 2021 – 2023 жылдарға арналған сапалы теңдестірілген тамақпен қамтамасыз ету жөніндегі жол картасын іске асыру жалғастырылатын болады, оның шеңберінде бірыңғай өңірлік мәзірлер бекітіліп, енгізіледі. Зерттеу жүргізіліп және оның нәтижелері бойынша МДҰ тәрбиеленушілерінің, балалар үйлерінің және ТЖКБ ұйымдарының білім алушыларының тамақтану нормалары мен рационы қайта қаралады. Әлеуметтік осал отбасылардан шыққан мектеп жасына дейінгі балалар білім беру ұйымдарында тегін тамақпен, ал барлық бастауыш сынып білім алушылары бірреттік тегін ыстық тамақпен қамтамасыз етіледі.

Барлық қалалық мектептер кезең-кезеңімен қолма-қол ақшасыз есеп айырысуға көшетін болады, мектептегі ас блоктары бейнебақылауымен қамтамасыз етіледі, бракераждық комиссиялардың қызметі жандандырылады. Мектеп асханаларының МТБ, оның ішінде МЖӘ есебінен жақсарады. Қызмет көрсету сапасын онлайн-бағалау кезең-кезеңімен енгізіледі.

Мемлекеттік білім беру тапсырысы шеңберінде жекеменшік мектептерде оқитын балалар оқулықтармен, мемлекеттік білім беру тапсырысы шеңберінде жекеменшік мектептерде оқитын әлеуметтік осал отбасылардан шыққан балалар мектеп формасымен, тамақпен, кеңсе тауарларымен қамтамасыз етілетін болады.

Қала сыртындағы балалар демалысын ұйымдастыру басым бағытқа ие болады. ЖАО әлеуметтік осал, аз қамтылған отбасылардан шыққан балаларға, "Тәуекел тобындағы" балаларға, девиантты мінез-құлқы бар балаларға арналған жазғы лагерлердің арнайы ауысымдарын ұйымдастырады. 2027 жылдың соңына дейін 18 мың орындық 50 балалар сауықтыру орталығы құрылып, 340 мыңнан астам немесе әлеуметтік осал, аз қамтылған отбасылардан шыққан балалардың жалпы санының 70 %-ы демалыспен және сауықтырумен қамтылатын болады.

Балалардың құқықтарын қорғау мәселелері бойынша мемлекеттік органдардың балалардың туғаннан бастап кәмелетке толғанға дейінгі өзара іс-қимылын қамтамасыз ету, қауіпсіз және жайлы оқу ортасын қаржыландыру және балалардың құқықтарын қорғау мәселелері бойынша барлық мүдделі мемлекеттік органдардың қызметін үйлестіру мақсатында "Балалар бюджеті" есептеу әдістемесі әзірленеді. Балаларға арналған бюджет әдістемесін енгізу орталық мемлекеттік және ЖАО-ға балалардың мемлекеттік қаржыландыру көлемін, осы шығыстардың басымдылығын және олардың тиімділік деңгейін айқындауға мүмкіндік береді.

4-параграф. Балалар мен олардың ата-аналарының құқықтық сауаттылығын арттыру

Білім алушылардың құқықтық мәдениетінің деңгейі олардың әлеуеті мен дамуының көрсеткіштерінің бірі, сондай-ақ қоғамдағы балалардың құқықтық қорғалуының маңызды өлшемшарты болып табылады.

10 жастан 18 жасқа дейінгі балалардың құқықтық қорғалу деңгейін айқындау бойынша социологиялық зерттеу жүргізу жалғасады, оның шеңберінде балалардың өз құқықтарын, міндеттерін және оларды іс жүзінде қолдану деңгейінің ағымдағы жай-күйін анықтау, сондай-ақ ата-аналардың, мұғалімдердің, тәрбиешілердің және басқа бала тәрбиесіне қатысатын адамдардың БҰҰ-ның Бала құқықтары туралы конвенциясының негізгі ережелерін орындауы зерделенеді.

Әртүрлі салада балалардың жағдайын жақсарту жөніндегі ұлттық саясаттың тиімділігін қадағалау және балалардың әл-ауқатын қамтамасыз ету саласында қабылданып жатқан шаралардың тиімділігін бағалау үшін ұлттық мониторинг әзірлеу жоспарланған.

ЮНИСЕФ техникалық қолдауымен бюджеттен тыс қаражат есебінен балалардың әл-ауқатының интерактивті картасы әзірленетін болады.

Әртүрлі ведомстволарда: білім беру, денсаулық сақтау, әлеуметтік қорғау, құқық қорғау органдарында жұмыс істейтін мамандардың қызметін бірыңғай ұйымдық құрылымға біріктіретін кешенді ведомствоаралық тәсілді ұйымдастыру жоспарлануда.

Балалардың құқықтарының бұзылуына жедел әрекет ету мақсатында мониторингтік топтардың қызметін жандандыру жоспарлануда.

Балалар бірлестіктері мен "Балалар өкілі" балалар әлеуметтік бастамаларын дамыту жөнінде шаралар қабылданады. Жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған "Көшбасшылық пен қадір-қасиет" ұйымдарының өзін-өзі басқару көшбасшылары кеңесінің мүшелері үшін іс-шаралар циклі өткізілетін болады.

Білім беру ұйымдарын басқарудағы қамқоршылық кеңестердің рөлі нығая түседі. Сапалы құрам жасақтау және сайлау рәсімдерінің ашықтығына қол жеткізу мақсатында Қамқоршылық кеңестің жұмысын ұйымдастырудың үлгілік қағидаларына және оны білім беру ұйымдарында сайлаудың өкілеттіктерін кеңейту және кандидаттарды сайлауды регламенттеу бөлігінде сайлау тәртібіне толықтырулар мен өзгерістер енгізу жоспарлануда. Қағидалар білім беру деңгейлері бойынша әзірленетін болады.

"Өркен" ұлттық балалардың әл-ауқаты ғылыми-практикалық институты қазақстандық балалардың әл-ауқатын қамтамасыз етуге ықпал ететін қолданбалы ғылыми зерттеулер жүргізетін болады (психологиялық денсаулық, өмір сапасы, әлеуметтік теңсіздікті төмендету үшін мүмкіндіктер іздеу, білім беру ортасында тәуекелдердің алдын алу); балалардың құқықтарын қорғау саласын ғылыми-әдістемелік қамтамасыз ету және ақпараттық-ресурстық сүйемелдеу жүзеге асырылатын болады; балалардың құқықтарын қорғау жөніндегі функцияларды жүзеге асыратын ұйымдардың педагогтері мен қызметкерлерінің, сондай-ақ ата-аналар жұртшылығының біліктілігін арттыру курстары ұйымдастырылады.

5-бағыт. Қазақстандықтардың жаңа буынын тәрбиелеу

1-параграф. Білім алушылардың жалпыадамзаттық құндылықтары мен эмоционалдық интеллектісін дамыту

Өскелең ұрпақты тәрбиелеу – қоғамның, педагогтер мен ата-аналар қауымдастығының басты мақсаты. Отанға деген сүйіспеншілікті дарытуға, ата-баба дәстүрлері мен әдет-ғұрыптарын құрметтеуге тәрбиелеу – мемлекеттің басты міндеті. Өскелең ұрпақты тәрбиелеу отбасынан басталады, отбасы жалпыадамзаттық құндылықтарды қалыптастырады, баланың бойында қоршаған қоғам туралы тұрақты әсерді қалыптастырады, сондықтан отбасы білім беру ұйымының әлеуметтік әріптесіне айналады.

Ресми білім беру шеңберінде білім алушылардың жалпыадамзаттық құндылықтары мен эмоционалдық интеллектін дамыту Абайдың "Толық адам", Шәкәрімнің "Ар-ұждан", Ахмет Байтұрсыновтың, Міржақып Дулатовтың, Жүсіпбек Аймауытовтың, Мағжан Жұмабаевтың педагогикалық мұрасы, Ермұхан Бекмахановтың, Манаш Қозыбаевтың мәдени мұрасына, Акселеу Сейдімбековтің қазақ халқының салт-дәстүрлерін қастерлеу және өз еліне қызмет ету жөніндегі идеяларына негізделуі тиіс.

Жаңа ұрпақты тәрбиелеуге қатысты мәселелерді жүйелеу үшін үздіксіз білім беру жүйесінде тәрбиелеудің тұжырымдамалық негіздері әзірленетін болады. "Іс-шараларды өткізу" тәсілінен "тәрбие мақсаты мен жобалық тәсіл арқылы әрбір деңгейдегі тәрбие жұмысы" тәсіліне көшу жүзеге асырылатын болады.

Оқыту мен тәрбиелеуге қатысты құндылыққа бағытталған тәсіл мектеп климатында, мәдениетте, мінез-құлықта және барлық қызметкерлердің көзқарасында көрінетін орта білім беру жүйесінің ажырамас бөлігі болады.

Құндылыққа бағдарланған тәсілді енгізу сынып менеджменті, әлеуметтік-эмоционалдық оқыту бойынша заманауи педагогикалық технологияларды енгізе отырып, білім беру ұйымдарында тәрбие процесін сапалы оқу-әдістемелік сүйемелдеуді, педагогтерді даярлау және қайта даярлау бағдарламаларының мазмұнына құндылықтарды сіңіруді талап етеді.

Балалардағы ұлттық құндылықтардың қалыптасуы ерекше маңызға ие, сондықтан оларды тәрбиелеу негізгі ұлттық құндылықтар негізінде жүзеге асырылуы керек. Негізгі ұлттық құндылықтар адамның рухани-адамгершілік дамуы мен тәрбиесінің негізі ретінде қарастырылады. Өскелең ұрпақтың ұлттық құндылықтар мен оларды сақтаудың маңыздылығы туралы хабардарлығын арттыру қажеттілігі туындайды. Білім беру ұйымдарының оқу-тәрбие процесінде отбасылық құндылықтар мен отбасы институтының маңыздылығы дамытылатын болады. Отбасын сақтау – мемлекет тұрақтылығының негізі. Мемлекет үшін ұлттық дәстүрлерді, құндылықтар мен

ұрпақтар сабақтастығын сақтау маңызды. Тәрбие жұмысы аясында білім беру ұйымдарында өскелең ұрпақ арасында түсіндіру жұмыстары жүргізіліп, отбасы құндылықтарын дәріптеу қажет.

Отбасылық құндылықтарды насихаттау және оны сақтаудың маңыздылығын атап өту мақсатында Отбасы күні аясында (қыркүйектің әрбір екінші жексенбісінде) "Менің отбасым – шығармашылық отбасы", "Менің отбасым – оқуға құштар отбасы", "Менің отбасым – спорттық отбасы" және басқа да кеңестердің қатысуымен өңірлік конкурстар және әкелер, ақсақалдар кеңестері, аналар кеңестері, әжелер кеңестерінің қатысуымен басқа да іс-шаралар өткізіліп, бұқаралық ақпарат құралдары мен әлеуметтік желілерде жарияланады. Өмірлік қиын жағдайдың туындау қаупі бар аймақтағы отбасылар мен адамдарға көмек көрсету мәселелері бойынша ведомствоаралық өзара іс-қимыл регламентін әзірлеу және бекіту жоспарлануда.

Мектептер жанындағы білім беру ұйымдарын басқару мәселелеріне ата-аналардың тиімді қатысуы үшін ата-аналар академиялары құрылады.

"Мектеп – бала – ата-ана" үштігі принципі бойынша мектеп пен ата-ананың тығыз қарым-қатынасына негізделген жалпы адамзаттық құндылықтарға негізделген білім алушыларды тәрбиелеу мен оқыту жүйесін енгізу жалғасады. Осы шаралардың нәтижесінде әрбір оқушының физикалық, психикалық, эмоционалдық және адамгершілік дамуына бағытталған тәрбие жұмысының үйлесімді жүйесі қалыптасады.

Тәрбие жұмысын тиімді ұйымдастыру мақсатында сынып жетекшілігі туралы ережені қайта қарау және сынып жетекшісінің біліктілік сипаттамасын әзірлеу жоспарлануда.

Қазақстанның қазіргі даму кезеңінде өскелең ұрпақты патриотизмге тәрбиелеудің құндылық тәсілі маңызды. Қазақстанның аумақтық тұтастығы, мемлекеттік тіл және бірлік қазақстандық қоғамның сөзсіз құндылықтары болып қала береді. Өскелең ұрпақтың тәрбие процесі өз біліміне, салауатты өмір салты мен кәсіби табысына, туған жеріне, ауылына, қаласына, өңіріне, кіші отанына, мәдениеті мен тіліне деген сүйіспеншілікке басты назар аудара отырып, өмірге деген дұрыс көзқарас элементтерін қалыптастыруға бағытталады. Қазақстандық жастар үшін адалдық, мейірімділік, әділдік, өзін-өзі дамыту сияқты дәстүрлі жалпыадамзаттық құндылықтар басым болуы тиіс.

Осыған байланысты үздіксіз білім беру жүйесінде қазақ халқының ұлттық құндылықтарын қалыптастырудың ғылыми-әдіснамалық негіздері әзірленетін болады. Білім берудің теориялық тәсілдері мен базалық құндылықтары білім алушылардың қажеттіліктеріне, қоғамның, мемлекеттің сұраныстарына және қазақ халқының ұлттық мәдениетінің мазмұнына сәйкес болуға тиіс.

Білім беру ұйымдарында жас ұрпақты идеологиялық тәрбиелеу бойынша жұмысты жандандырған жөн. Өскелең ұрпақтың идеологиялық тәрбиесі жеке тұлғаның негізін құру, адамның болып жатқан оқиғаларға, мәдени және ғылыми мұраға, тарихи

жетістіктерге қатынасын, адамның өзін, қоғамдағы орнын түсінуін анықтайтын бағытты қалыптастыру мүмкіндігі ретінде әрекет етеді.

Білім алушыларды патриоттық тәрбиелеу "Жас қыран", "Жас ұлан" балалар-жасөспірімдер қозғалыстары, "Ұшқыр ой алаңы" пікірталас қозғалысы, мектеп және студенттер парламенттері құрамына енгізу мен өзін-өзі басқару жолымен оларды ұйымдастырылған қоғамдық қызметке тарту арқылы жүзеге асырылады. "Жас қыран", "Жас ұлан" балалар-жасөспірімдер қозғалыстары білім алушылардың мектепті басқаруға және мектеп проблемаларын бірлесіп шешуге белсенді қатысуда жетекші рөл атқаруға, өзінің үлкен және кіші Отанының тарихына, мәдениетіне, салт-дәстүрлеріне, ел тағдырына құрметпен қарайтын, белсенді өмірлік және жауапты азаматтық ұстанымы бар шығармашылық тұлғаны қалыптастыруға ықпал етуі тиіс.

Білім алушыларды бағыттар бойынша клубтардың жұмысына тарту кеңейтіледі, жастар лигаларын (спорттық, дебаттық және т.б.) құру және дамыту жоспарлануда. Өскелең ұрпаққа экологиялық мәдениет пен салауатты өмір салтын қалыптастыру "Ашық жүрек", "Саламатты жастар" жобалары арқылы эковолонтерлікті дамыту арқылы "Жас турист" және "Гүлден бер, Қазақстан" конкурстарын өткізу жоспарлануда. Сонымен қатар спорт үйірмелері мен секцияларын дамыту, оның ішінде "асық ату", "тоғызқұмалақ" сияқты ұлттық спорт түрлері бойынша жоспарланған.

ТЖКБ ұйымдарындағы тәрбие процесі білім алушылардың қоғамдық және волонтерлік қызметін ынталандыру арқылы жалғасады, бұл волонтерлік қызмет шеңберінде өзара көмектің жоғары мәдениетін қалыптастыруға және әрбір білім алушының осы процеске кеңінен қатысуына әкеледі.

Адамның өзін және қоғамдағы өз орнын түсінуі үшін қоғамдық ұйымдардың, мектеп және студенттік өзін-өзі басқару органдарының, білім беру ұйымдарының және ата-аналар қоғамының өзара іс-қимыл тетіктері әзірленетін болады.

Экологиялық тәрбие, қоршаған әлемге ұқыпты қарау, экологиялық құндылықтарды, қаржылық және кәсіпкерлік дағдыларды сіңіру тәрбие іс-шараларының кешені арқылы жүзеге асырылатын болады. Өскелең ұрпақтың экологиялық мәдениетін дамыту табиғатқа ұқыпты қарау, зообақты қорғау және экологиялық ұйымдарды қолдау принциптері арқылы жүзеге асырылуы керек.

Табиғаттың сақталуына жауапкершілік сезімін тәрбиелеу, қоршаған ортаны сақтау проблемасын қабылдау бойынша белсенді өмірлік ұстанымды қалыптастыру тәрбие жұмысының басым бағыттарының біріне айналады.

Қазіргі әлемдегі цифрлық технологиялардың ілгерілеуі өскелең ұрпақты тәрбиелеуге ерекше әсер етеді, бұл балалардың киберқауіпсіздігіне, кибергигиенасына және киберкультурасына қатысты пайдалы әдеттерді қалыптастыруды талап етеді. Сондықтан білім беру ұйымдарының тәрбие жұмысының жоспарына білім

алушылардың экологиялық цифрлық мәдениетін қалыптастыру жөніндегі іс-шараларды енгізу қажет. Осылайша, балаларды рухани дамуына зиян келтіретін ақпарат пен материалдардан қорғау шараларын әзірлеу және енгізу жоспарлануда.

Тәрбие саласындағы кадр ресурстарын кеңейту шеңберінде білім беру ұйымдарында басқарушылық менеджмент деңгейін арттыру үшін тәрбие жұмысын жүзеге асыратын мамандардың функционалдық міндеттері мен құзыреттерін қайта қарау қажет.

2-параграф. Қосымша (формальды емес) білім беру арқылы бала қабілеттерін қызығушылықтары бойынша дамыту

Ескерту. 2-параграф жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 13.06.2024 № 465 қаулысымен.

Қосымша білім беру жүйесінің негізгі міндеті – балалардың жан-жақты дамуы үшін көрсетілетін қызметтердің неғұрлым кең спектрін ұсыну.

ЖАО есебінен қосымша білім беруге мемлекеттік білім беру тапсырысын кезең-кезеңімен ұлғайту мемлекеттік және жеке ұйымдар арасында бәсекелестік туғызады, қалаларда да, ауылдық жерлерде де балалардың тұрғылықты жерінен кадамдық қолжетімділікте үйірмелер мен секциялар желісін кеңейту үшін жағдай жасайды, балаларға қосымша білім беру сапасын жақсартады. ЖАО балаларға қосымша білім беретін мемлекеттік ұйымдардың МТБ-сын нығайту, оларды заманауи жабдықтармен жарақтандыру, оның ішінде ЕБҚ бар балаларға кедергісіз жағдайлар жасау бойынша шаралар қабылдайды.

Мемлекеттік білім беру тапсырысын жекеменшік ұйымдарда орналастыру есебінен балаларға қосымша білім беру мектептен тыс ұйымдарда, мектептерде және жеке ұйымдарда қолжетімді болады. 2027 жылдың соңына дейін балалардың шығармашылық және зияткерлік әлеуетін дамыту үшін кемінде 100 жаңа ірі объекті: оқушылар сарайлары, жас техниктер станциялары, балалар технопарктері, музыка және өнер мектептері салынады. Әрбір тілек білдірген балаға спорт секцияларына немесе шығармашылық, сондай-ақ инженерлік-техникалық, IT-бағыттар мен бағдарламалау бойынша және т.б. үйірмелерге тегін баруға мүмкіндік беріледі.

Балаларға арналған қосымша білім беруде жаңа бағыттар пайда болуда (кванттық информатика, бағдарламалау, виртуалды және толықтырылған шындық, жасанды интеллект, машиналық оқыту, қаржылық сауаттылық, биотехнология және нейротехнология, ғарыштық зерттеулер, астроинженерия және т.б.) және де білім алушылардың өзгеріп отыратын қызығушылықтары мен қажеттіліктеріне сәйкес келу үшін балалардың зияткерлік дамуына ықпал ететін қосымша білім беру бағыттарын айқындап, кеңейту қажет. Ауылдық жерлерде көрсетілетін қызметтер спектрін кеңейту үшін 87 музыкалық және көркемсурет ауылдық мектебі көпбейінді қызметі бар өнер мектептері болып қайта ұйымдастырылатын болады. Ауылдық жерлерде тиісті

материалдық-техникалық базасы бар мектептерге қосымша білім беру ұйымдары және комьюнити-орталықтар мәртебесі беріледі.

Мемлекеттік тапсырыс алатын қосымша білім беру ұйымдары үшін қызметті жүзеге асырудың басталуы немесе тоқтатылуы туралы хабарлау тәртібін енгізу талаптарға сәйкес келуін қамтамасыз ете отырып, ұсынылатын білім беру қызметтерінің сапасын арттыруға, сондай-ақ мемлекеттік ресурстарды тиімді пайдалануға және мектептен тыс мекемелердің балалардың дамуы үшін қоғам алдындағы жауапкершілігін арттыруға мүмкіндік береді.

Бірыңғай қосымша білім беру платформасын құру мәселесі пысықталады, ол әртүрлі білім беру бағдарламалары мен ресурстарын бір жерге біріктіреді, бұл білім алушылар мен олардың ата-аналары үшін білім беру қызметтерін іздеуді жеңілдетіп, қол жеткізуді қамтамасыз етеді, оларға көптеген білім беру курстары мен бағдарламаларын ұсынады.

Қосымша білім беру жүйесінде жан басына шаққандағы қаржыландыру нормативін енгізу мәселесі пысықталатын болады.

Ұлттық білім беру дерекқорында арнайы модульді құру әрбір білім алушының жеке дағдылары мен құзыреттерінің дамуын, оның сабақтан тыс жетістіктері мен қоғамдық қозғалысқа қатысуын байқауға, сондай-ақ жазғы каникул кезеңінде демалуға және сауықтыруға байланысты белсенділігін қадағалауға мүмкіндік береді, онда білім алушының сабақтан тыс жетістіктерін қамтитын жеке құзыреттерінің картасы және жазғы кезеңде демалыспен және сауықтырумен қамту картасы көрсетіледі.

Жалпы білім беретін мектеп түлегінің жеке құзыреттері картасында тіркелген сабақтан тыс жетістіктері оның негізгі және жалпы орта білімі туралы аттестатына қосымшада көрсетіледі. Бұл шара түлектің көп жағдайда тек академиялық жетістіктеріне байланысты бола бермейтін дағдыларының, қызығушылықтары мен жетістіктерінің кең спектрін көрсететін болады. Бұл оқу орындарына түсу, жұмысқа орналасу немесе стипендиялар мен конкурстарға өтініш беру кезінде көмектесуі мүмкін.

2023 – 2025 жылдар аралығында қосымша білім берудің ірі объектілерін құру тиімсіз болып табылатын ауылдық жерлерде балалардың әртүрлі үйірмелер мен секцияларға қадамдық қолжетімділігін қамтамасыз ету үшін комьюнити-орталықтарды немесе мектептен тыс ұйымдардың филиалдарын ашу жоспарлануда. Сондай-ақ "Жайлы мектеп" ұлттық жобасы шеңберінде комьюнити-орталықтарды көздеу жоспарланып отыр.

Алдағы үш жылда 193 мектептен тыс ұйымды жаңғырту, күрделі жөндеу жүргізу және МТБ жарақтандыру жоспарлануда.

Оқушылар арасында дебаттық қозғалысты танымал ету және одан әрі дамыту мақсатында ЖАО қажетті ғылыми-әдістемелік, ұйымдастырушылық-педагогикалық,

ақпараттық жағдайларды қамтамасыз ету жөніндегі өңірлік жоспарлар әзірлейтін болады.

Мектеп кітапханалары электрондық ақпараттық ресурстар базасы, оның ішінде цифрландырылған құжаттар коллекциясы, веб-сайттар, веб-порталдар және т.б. бар қосымша білім беру алаңдарына трансформацияланатын болады.

Балалардың, педагогтердің білім қажеттіліктерін айқындау бойынша талдау жүргізу, балаларға қосымша білім беру қызметтерінің сапасын бағалайтын көрсеткіштер мен индикаторларды әзірлеу, білім беру бағдарламаларын әзірлеу, педагогтердің біліктілігін жүйелі түрде арттыру білім беру қызметтерінің сапалы деңгейін қамтамасыз етеді.

6-бағыт. Педагогтердің кәсіптік және мәдени капиталын арттыру

1-параграф. Педагогтерге қолайлы жағдайлар жасау

Педагогтердің еңбегін материалдық және материалдық емес ынталандыру, оң имиджін қалыптастыру жөніндегі шаралар кешенін іске асыру жалғасады.

Аттестаттаудың жаңа жүйесінің қорытындысы бойынша педагогтердің 62,4 %-ында "педагог-шебер" біліктілік деңгейі бар, 2029 жылға қарай бұл көрсеткіш 90 %-ды құрайды.

МТО саласының кадрлық әлеуетін оларды даярлау, біліктілігін арттыру және аттестаттау жүйесін жетілдіру, әлеуметтік мәртебесі мен жалақысын арттыру арқылы күшейту жоспарлануда.

Мектепке дейінгі және орта білім, ТЖКБ ұйымдары басшыларының және олардың орынбасарларының жалақысын арттыру жоспарлануда. Беделді халықаралық олимпиадалар мен конкурстардың жеңімпаз-жүлдегерлерін дайындаған педагогтер үшін біржолғы ақшалай сыйақы төлеу қарастыру жалғастырылады.

ЖАО арқылы олимпиадалардың, конкурстардың, оның ішінде робототехника және бағдарламалау бойынша жеңімпаздарды, жүлдегерлерді дайындаған педагогтерге көтермелеу шаралары қабылданады.

Балаларға білім беретін педагогтің кәсіби рөлі оқу, жобалау және зерттеу қызметін ұйымдастыру арқылы тереңдетіледі, сонымен қатар педагог білім беру, оның ішінде цифрлық ортада кеңесші, зерттеуші, жоба жетекшісі, "бағыттаушы" рөлін атқарады. Педагогтер өздерінің педагогикалық және әдістемелік практикасын үнемі жетілдіруді және жаңартуды көздейтін өзін-өзі тәрбиелеуге ынталандырылады.

Педагогтің әлеуметтік әл-ауқаты мен әлеуметтік мәртебесі жұмыстың шығармашылық сипатына, оқыту әдістемелерін, технологияларын таңдаудағы дербестікке, жалақыны арттыруға, қосымша ақыны ынталандыруға, кәсіби даму шеңберін кеңейтуге байланысты артады.

ТЖКБ-да педагогтердің кәсіби деңгейін арттыру мақсатында озық кәсіпорындар базасында педагогтердің тағылымдамасы ұйымдастырылады. Өндірістен тартылған мамандардың үлесін өндірістік оқыту шеберлерінің жалпы санынан ұлғайту жөніндегі шаралар жалғасады және 2030 жылға дейін көрсеткіш 15 %-ға дейін ұлғаяды. Халықаралық стандарттар негізінде оқытудың заманауи әдістері бойынша педагогтерді курстық оқыту жалғасады және тәлімгерлік институты жетілдіріледі, республикалық деңгейде озық педагогикалық тәжірибені енгізу және тарату күшейтіледі, онлайн-курстардың спектрі кеңейтіледі. Педагогтердің академиялық ұтқырлығы енгізіледі. Сонымен қатар арнайы пән педагогтері мен өндірістік оқыту шеберлерін аттестаттауды трансформациялау жоспарлануда.

2-параграф. Педагогтермен қамтамасыз ету және колледждерде педагогикалық білім беруді жаңғырту

Ескерту. 2-параграфқа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 13.06.2024 № 465 қаулысымен.

Педагогикалық білім беру елдегі бүкіл білім беру жүйесін дамыту үшін ерекше маңызға ие. Мектепке дейінгі, бастауыш, орта, техникалық және кәсіптік деңгейлердегі білім сапасы негізінен педагогикалық білім беру сапасына байланысты.

Колледждер мектепке дейінгі білім беру, бастауыш сынып педагогтерін, сондай-ақ білім беру ұйымдары жұмысының басқа да бағыттарын қамтамасыз етеді. ТЖКБ ұйымдарында психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу және ЕБҚ бар білім алушылардың оқу-тәрбие қызметіне жәрдемдесу үшін педагог-ассистент даярлау жүзеге асырылатын болады. Ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалармен жұмыс істеу үшін үздік халықаралық практикаларға негізделген педагогтерді даярлаудың заманауи моделі әзірленетін болады. Білім беру бағдарламалары "Педагог" кәсіптік стандартына толықтай сәйкес келетін болады және педагогикалық колледждер мен жоғары оқу орындарының білім беру бағдарламаларының үйлесімділігін қамтамасыз етеді.

Педагогтерді даярлауда педагогикалық практика маңызды рөл атқарады. Болашақ педагогтерді даярлаудағы педагогикалық практика теориялық білімді, олардың кәсіби дағдылары мен құзыреттерін шоғырландыруды және интеграциялауды қамтамасыз етеді.

Осыған байланысты болашақ маманды бейімдеуді жүзеге асыруға, әртүрлі жастағы әріптестермен ынтымақтастық және топтық жұмыс дағдыларын, мәртебесі мен жұмыс тәжірибесін қалыптастыруға, сондай-ақ кәсіби ойлауды, кәсіби сенімдерді, белсенді кәсіби ұстанымды, өз кәсіби қызметіне қатысты рефлексия дағдыларын қалыптастыруға мүмкіндік беретін практика форматы қайта қаралады.

Жаңа формат маманның құзыреттілігін, технологиялық және ақыл-ой дайындығын қамтитын педагогикалық практиканың негіздемелік стандартын қарастырады.

Колледждер балабақшалармен, мектептермен және басқа ұйымдармен белсенді өзара іс-қимыл жасайды.

МТО педагогтерін, әсіресе, балаларды ерте дамыту және оқыту тақырыбы бойынша оқыту тәсілдерін жетілдіру, мазмұнын мен бағдарламасын өзектілендіру жоспарлануда. МТО педагогтерін даярлауды жүргізетін ТжКБ ұйымдарының жанынан кадрлар даярлаудағы теория мен практиканың бірлігін қамтамасыз ету үшін ресурстық орталықтар (құзыреттер орталықтары) құрылады. "Болашақ" халықаралық стипендиясын тағайындау үшін басым бағыттар тізбесіне балаларды ерте дамыту саласы бойынша мамандықтарды қосу мәселесі пысықталады.

Педагогтің әрбір баланың біртұтас дамуы, баланың бастамаларына жеке қолдау көрсету, эмоционалды дамуы үшін даму процесін және балаға қолайлы ортаны ұйымдастыру, балалардың моральдық, психикалық, психологиялық саулығы мен дамуы үшін сапалы маңызды өзара іс-қимылын қамтамасыз ету мақсатында жоғары (4 жастан бастап балалар), мектепалды топқа (5 жастан бастап балалар) есептегенде тәрбиеші лауазымының штат бірліктерінің саны артады.

Педагог мамандығын таңдау болашақ талапкердің осы салада жұмыс істеуге деген шынайы қалауы мен бейімділігіне байланысты болуы керек. Педагогикаға бейімділікті анықтау үшін білім алушылардың кәсіби қалауына диагностика жүргізіледі, сондай-ақ педагогикалық мамандыққа түсуге қолдау көрсету жөніндегі шаралар кешені ұсынылады.

Орта білім беру жүйесіне магистр және PhD дәрежесі бар мамандар тартылады, олар педагогикалық жоғары оқу орындарының жанынан қайта даярлаудан өтеді. Осылайша, белгілі бір салада жұмыс тәжірибесі мен білімі бар мамандар кәсіптің жалпы кәсіби деңгейін арттыра отырып, педагогтер қатарын толықтыратын педагог мамандығына "бүйірден кіру" тетігі дамиды.

Болмыстың өзгеруіне және озық білім беру практикасына сәйкес "педагог құзыреттерінің шеңберін" – "Педагог" кәсіби стандартын енгізу жоспарлануда, ол білім берудің барлық деңгейлеріндегі педагогтердің кәсіби даму траекториясының бірыңғай бағдарына айналады. Сондай-ақ мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту, орта, қосымша, сондай-ақ техникалық және кәсіптік білім беру педагогтері үшін "Педагог" кәсіби стандартында Еуропалық цифрлық құзыреттер шеңберінің тәжірибесі бойынша ақпараттық және компьютерлік сауаттылықты дамытуға баса назар аударатын нормалар көзделетін болады. Кәсіби стандартты ескере отырып, білім беру бағдарламалары әзірленіп, жаңартылады, сертификаттау және аттестаттау рәсімдері жүргізіледі, педагогтің үздіксіз кәсіби дамуының мазмұны жаңартылады.

Педагогикалық білім берудің білім беру бағдарламалары балаларға қосымша білім беру пәндерімен толықтырылады.

Педагогтерді даярлаудың барлық бағыттары бойынша ЕБҚ балалармен жұмыс істеу модулі көзделетін болады. Педагогтер инклюзивті ортада оқу процесін ұйымдастыру,

жекелеген білім алушылардың ерекше қажеттіліктерін ескере отырып, оқу бағдарламалары мен оқу жоспарларын бейімдеу, бағалау, сондай-ақ балалардың ерекше білім беру қажеттіліктерін айқындау, психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу әдістеріне оқытылатын болады.

Педагогикалық ТЖКБ ұйымдары тиімділігінің негізгі көрсеткіштері түлектерді тәуелсіз сертификаттау және олардың мамандық бойынша жұмысқа орналасуы болуы тиіс. Түлектерді тәуелсіз сертификаттау педагогикалық құрамның сапасын арттыруға ықпал етеді және олардың академиялық білімдері мен кәсіптік педагогикалық құзыреттерін бағалаудың маңызды құралы болады. Мектепте жұмыс істеу құқығы осындай сертификат алғаннан кейін ғана берілуі тиіс.

Колледждің табысты болашағы оның кадрлық әлеуетін дамытуға байланысты. ЖОО-ларда негізгі білім беру бағдарламасы шеңберінде колледждерде өндірістік оқыту шеберлері мен арнайы пәндердің оқытушылары ретінде жұмыс істеуге қажетті жеткілікті көлемде құзыреттер алуы үшін студенттерге кәсіптік оқыту әдістемесін зерделеу бойынша тіног-бағдарламалар және (немесе) микробіліктіліктер ұсынылатын болады. Студенттерге дуальды оқыту шеңберінде арнайы пәндердің оқытушылары немесе шеберлер ретінде колледжде өндірістік практикадан өту мүмкіндігі беріледі.

3-параграф. Педагогтің үздіксіз кәсіби дамуы

Ескерту. 3-параграф жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 13.06.2024 № 465 қаулысымен; өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 25.04.2025 № 271 қаулысымен.

Педагогтің үздіксіз кәсіби даму парадигмасын одан әрі ілгерілету өзекті міндет болып табылады, мұнда осы процестің әрбір кезеңі (кәсіптік бағдар беру; педагогикалық даярлық; мектеп; біліктілікті арттыру) педагогтің кәсіби дамуы бойынша сабақтастық қағидатына және өз функцияларын дәйекті орындауға негізделеді. Жаңа парадигмаға сәйкес педагогтің үздіксіз кәсіби дамуының тұжырымдамалық тәсілдерін тереңдету жоспарлануда.

Цифрлық шешімдерді пайдалана отырып, педагогтің үздіксіз кәсіби дамуын қамтамасыз етудің бірыңғай тәсілін енгізу жоспарлануда.

Тестілеу нәтижелерінің негізінде педагогтердің күрделі немесе осал тақырыптардағы білімін тереңдетуге, сондай-ақ олардың педагогикалық құзыреттілігін кеңейтуге бағытталған, онлайн, сол сияқты офлайн-форматтарда қолжетімді болатын арнайы оқыту бағдарламалары әзірленетін болады.

Педагогтердің мектеп ішінде, сондай-ақ үздік педагогтердің тәжірибесін тарататын өңіраралық және жалпыұлттық алаңдар арқылы да тұрақты өзара іс-қимылға арналған тармақталған желісін әзірлей отырып, үздіксіз кәсіби даму мүмкіндігін қамтамасыз ету маңызды.

Педагогтердің біліктілігін арттыру курстары бағдарламаларының мазмұнында "Педагог" кәсіби стандартына сәйкес педагогикалық қызметтің барлық түрлерін іске

асыру үшін педагогке қажетті пәндік, психологиялық-педагогикалық, әлеуметтік, цифрлық және басқа да құзыреттердің оңтайлы арақатынасы қамтылады. "НЗМ" ДБҰ тәжірибесін трансляциялау тетігі орта білім беретін тірек ұйымдардың әлеуетін дамыту арқылы жүзеге асырылатын болады. Педагогтердің жүйелі және құрылымдалған кәсіби дамуы тірек білім беру ұйымдарының кәсіптік білімнің кең қорына қолжетімділігін кеңейтеді, бұл бекітілген мектептердің педагогтерін оқытудың каскадты әдісін іске асыруға мүмкіндік береді.

2025 – 2029 жылдар аралығында Оқу-ағарту министрлігі "НЗМ" ДБҰ-мен бірлесіп еліміздің 1800-ге жуық мектебін әдістемелік қолдаумен қамтитын болады. Ауылдық жерлердегі шағын жинақты мектептерге ерекше назар аударылатын болады, онда тірек ұйымдарға бекітілген мектептердің үлесі еліміздегі шағын жинақты мектептердің жалпы санынан 5 %-дан 45 %-ға дейін ұлғаяды. Аталған жұмыс ұзақ мерзімді перспективада қалалық және ауылдық мектептер арасындағы білім беру сапасындағы алшақтықты қысқартуға мүмкіндік береді.

Педагогтердің кәсіби құзыреттілігін арттыру үшін педагогтердің біліктілігін арттыру курстары білім беру бағдарламаларының мазмұны қайта қаралатын болады. Кәсіби құзыреттерді қалыптастыру негізі ретінде біліктілікті арттырудың практикаға бағдарланған курстары енгізілетін болады. Сондай-ақ пәндер бойынша барлық оқу бағдарламаларын іске асыру шеңберінде инклюзивті ортада оқыту ерекшелігін зерделеуді көздейтін модульдер енгізіледі.

Инклюзивті білім беру жағдайында жұмыс істеу үшін педагогтердің біліктілігін арттыру оқытудың әмбебап дизайны қағидаты негізінде жүзеге асырылатын болады (сараланған тапсырмаларды қолдана білу, оқу бағдарламаларын бейімдеу, ЕБҚ бар балаларға қажетті қолдауды ұйымдастыру). Педагог-ассистенттерді сертификаттау қағидалары және сертификаттау курстарының бағдарламалары әзірленетін болады (балалардың психологиялық-педагогикалық ерекшеліктері мен қажеттіліктерін есепке алу, сараланған көмекті дұрыс ұйымдастыра білу, көру қабілеті зақымданған балаларға арналған Брайль қарпін білу, есту қабілеті зақымдалған балаларға арналған дактилологияны білу, аутизмі бар балаларға арналған арнайы технологияларды және т.б. білу).

Біліктілікті арттыру курстары (пәндік, IT-құзыреттер, инклюзивті және т.б.) арқылы педагогтердің құзыреттерін дамыту, өңірлік және республикалық деңгейлерде педагогтердің үздік практикаларын тарату бойынша жұмыс жалғасады.

Қызметін жаңадан бастаған педагогтердің тұрақтамау проблемасын шешу үшін тәлімгерлерді және мамандығы бойынша жұмыс істемеген және ұзақ уақыт (3 жыл немесе одан да көп) сабақ бермеген, педагогикалық білімі бар адамдарды оқыту жалғасатын болады. Бұл шаралар мұғалімдерге деген қажеттілік проблемасын шешуді қамтамасыз етеді.

Білім беру ұйымдарындағы әдістемелік жұмыс педагогтің кәсіби дамуымен тығыз байланысты. Осыған байланысты біліктілікті арттырумен айналысатын ұйымдар мектепке дейінгі және орта білім беру ұйымдарын курстан кейінгі қолдау мен әдістемелік сүйемелдеуді жалғастырады. Курстан кейінгі сүйемелдеу "сабақты зерттеу", "іс-әрекеттегі зерттеулер" негізінде құралады, бұл педагогтердің кәсіби өзара іс-қимылын күшейтуге және үлгерімі әртүрлі деңгейдегі білім алушылардың академиялық жетістіктерінің өсуіне баса назар аударуға мүмкіндік береді. Нәтижесінде барлық деңгейдегі тәрбиеленушілер мен білім алушылардың білім беру сапасына бағытталған әдістемелік жұмыс педагогтер қызметінің сапасымен байланысты болып, тұрақты әрі үздіксіз сипатқа ие болады.

"НЗМ" ДБҰ тәжірибесі бойынша жас педагогтердің кәсіби қоғамдастығын дамыту жұмысы жалғастырылатын болады, бұл жұмысқа енді кіріскен педагогтердің үздіксіз кәсіби дамуға деген ынтасын қолдауға және оларда мамандықты дұрыс таңдағанына қатысты сенімділігін нығайтуға мүмкіндік береді.

Әдістемелік кабинеттердің қызметін трансформациялау мәселесі пысықталады. Педагогтің үздіксіз кәсіби дамуының және білім беру сапасын жақсартудың құрамдас бөлігі ретінде оқу-әдістемелік және ғылыми-әдістемелік жұмыс функцияларын жүктей отырып, облыстық әдістемелік кабинеттердің қызметі қайта қаралатын болады. Осыған байланысты әдістемелік кабинеттер Ы. Алтынсарин атындағы ұлттық білім академиясының басшылығымен жұмыс істейтін болады. Әдістемелік кабинеттерге (орталықтарға) қойылған міндеттерді сапалы орындау үшін қажетті жағдай жасалып, тиісті шаралар қабылданатын болады, оның ішінде ғылыми, ғылыми-техникалық жобалар мен бағдарламалар конкурстарына қатысу құқығы беріледі.

Мемлекеттік білім беру ұйымдарының әдіскерлері үшін біліктілікті арттыру курстарын өткізу жалғасады. Курстардың мақсаты мемлекеттік білім беру саясатының басымдықтарымен, білім берудегі жаңашылдықтармен және өзекті үрдістермен таныстыру, сондай-ақ сапалы әдістемелік қолдау көрсету үшін дағдыларды дамыту болып табылады.

Педагогтердің біліктілігін арттыруды кемінде үш жылда бір рет біліктілікті арттыру курстарының сапасын сырттай бағалау шеңберінде бекітілген сапа сипаттамаларына сәйкес келетін ұйымдар педагогтерді оқыту тиімділігінің айқындығы мен нақты индикаторлары негізінде жүзеге асыратын болады және ол "өмір бойы оқу" парадигмасына негізделеді. Халықаралық аккредиттеуден/сертификаттаудан өту арқылы біліктілікті арттыру ұйымдарының сапасын растау жөніндегі талаптар енгізіледі.

Бұл ретте педагогтердің кәсіби даму нысандарының желісі педагогтердің өз сұраныстары мен "Педагог" кәсіби стандартының талаптары, елдік және өңірлік деңгейлердегі білім беру саясатының басымдықтары негізінде кеңейтіледі. Бұл педагог өзінің кәсібилігін тек біліктілікті арттыру курстарында ғана емес, ең алдымен,

педагогикалық ортада, ұжым ішінде өзара іс-қимыл жасау, сабақтарды зерттеу, модерация, кері байланыс жасау, оқытудың күнделікті практикасын жақсарту арқылы, сондай-ақ әртүрлі ұйымдардың тренингтерінде, семинарларында, шеберлік сыныптарында оқыту барысында жетілдіретінін білдіреді.

Қолданыстағы біліктілікті арттыру бағдарламалары жаңартылады, жаңа білім беру бағдарламалары әзірленеді. Бизнес-мектептердің жаттықтырушыларын тарта отырып, көшбасшылық және басқарушылық құзыреттерді дамыту бойынша орта білім беру ұйымдары басшыларының жеке қажеттіліктерін айқындайтын зерттеулер негізінде бағдарламалар әзірлеу жоспарлануда.

Жалпымектептік тәсіл ("Whole school approach") негізінде мектеп ұжымдарын кәсіби дамытудың инновациялық практикаларын енгізуге ерекше назар аударылады. Бұл инновациялар мен озық білім беру практикаларын жалпы түсінуге, енгізілетін әдістемелердің мектеп басшылығы деңгейінде қолдау табуына қол жеткізуге мүмкіндік береді.

Білім алушылардың академиялық үлгерімін халықаралық зерттеу педагогтердің мектепшілік даму нысандарын қолданудың табыстылығын көрсетеді. Мұнда өзара оқу және кәсіби тәжірибе алмасу қарастырылады. Мұндай практикалар оқыту сапасын арттыру және педагогтердің кәсібилігін арттыру үшін одан әрі таратылады.

Білім беру сапасы білім беру ұйымдары менеджментінің сапасымен тығыз байланысты. Сондықтан мектеп директорларының республикалық кадрлық резервін құру бойынша серпінді жоба іске асырылатын болады.

Дарынды жас педагогтердің, білім беру ұйымдары басшылары орынбасарларының мансаптық өсуі үшін кең мүмкіндіктер жасалады. Болашақ директорларды оқыту бағдарламалары практикалық кейстер мен өзекті сипаттағы тапсырмаларды қамтиды. Нәтижесінде жыл сайын білім беру ұйымдарының басшылары мен орынбасарлары ретінде тарту үшін өңірлік білім беруді басқару органдары үшін қолжетімді болатын резервшілердің республикалық дерекқоры қалыптастырылады.

"Болашақ" халықаралық стипендиясы шеңберінде білім беру ұйымдарының басшылары мен педагогтері үшін шетелдік тағылымдамалар ұйымдастырылады.

Сондай-ақ жаңадан құрылатын білім беру ұйымдарының штатын қалыптастыру және кадр тапшылығын толтыру үшін біліктілігі жоғары педагогтердің республикалық дерекқоры құрылады. Бұл базаны ата-аналар балаларға қосымша білім беру қызметтерін алу үшін пайдалана алады.

ТЖКБ-да біліктілікті арттыру курстарының форматы мен құрылымы практикаға көбірек бағдарлану және нақты өндіріс жағдайында оқыту жағына қарай, жетекші оқу орындары мен кәсіпорындарда тағылымдамадан өту, тәлімгерлік және өздігінен білім алудың басқа да нысандары қайта қаралатын болады.

Сондай-ақ еңбек нарығының қажеттіліктерін, кәсіби стандарттар мен Worldskills стандарттарын ескере отырып, біліктілікті арттыру курстарының білім беру бағдарламалары жаңартылатын болады.

Педагогтер мен колледж басшыларының сапалы құрамын қалыптастыру мақсатында "мамандыққа бүйірлік кіру" (PGCE) мүмкіндігі беріледі, сол арқылы өндірістен арнайы пән оқытушылары мен шеберлерді тарту шаралары қабылданады. Еңбек етуге тиісті жағдай жасау және икемді ақы төлеу жүйесі мамандыққа келуді және сонда қалыптасуды қамтамасыз етеді.

Аттестаттау форматында жалпы білім беретін пәндер, арнайы пәндер оқытушыларының және өндірістік оқыту шеберлерінің ерекшеліктері ескерілетін болады. Біліктілікті бағалау мамандықтың салалар бойынша ерекшелігі мен бейінін көздейді.

Білім беру ұйымдары қызметінің тиімділігін және білім беру қызметтерінің сапасын арттыру, басшылардың кәсіби әлеуеті мен басқару тәжірибесін тиімді пайдалануды қамтамасыз ету мақсатында мемлекеттік білім беру ұйымдарының бірінші басшыларын ротациялау жалғасады. Ротация бір білім беру ұйымында 7 жыл жұмыс істеген басшылар үшін жүргізіледі.

Ашықтықты қамтамасыз ету және сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін жою үшін педагогтерді жұмысқа қабылдау және аттестаттау рәсімдерін толығымен автоматтандыру жоспарлануда.

Бұл шаралардың барлығы жалпы білім беру ұйымдары басшыларының, педагогтердің кәсіби деңгейін жетілдіру және арттыру үшін негіз болады және нәтижесінде барлық деңгейлерде білім беру сапасы артады.

7-бағыт. Білім беру сапасын жүйелі деңгейде қамтамасыз ету

Ескерту. 7-бақытқа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 13.06.2024 № 465 қаулысымен.

Сапаны қамтамасыз етудің ұлттық жүйесі – сапаны ішкі қамтамасыз ету жүйесі, сапаны сыртқы қамтамасыз ету жүйесі, сапаны қамтамасыз ету жүйесінің басқару және реттеуші тетіктері сияқты үш құрамдас бөліктен тұратын жоғары академиялық сапаға қол жеткізуге бағытталған процестер мен рәсімдердің жиынтығы.

Білім беру сапасын қамтамасыз етудің ұлттық моделі төрт деңгейден тұрады:

- 1) бірінші базалық деңгей ішкі сапаны қамтамасыз ету жүйесімен ұсынылған;
- 2) екінші интеграцияланған деңгей сыртқы сапаны қамтамасыз ету жүйесімен ұсынылған;
- 3) үшінші деңгей аккредиттеу органдары үшін сапаны қамтамасыз етумен ұсынылған;
- 4) төртінші деңгей сапаны қамтамасыз ету бойынша мемлекеттің жауапкершілігімен ұсынылған.

Білім беру кеңістігінің барлық субъектілері сапаны қамтамасыз етудің ұлттық моделін сақтайтын болады.

Білім беру ұйымдары сапаны ішкі қамтамасыз ету жүйесі және сапа мәдениетін қалыптастыру арқылы өз білімінің сапасына және оны қамтамасыз етуге, өзінің білім беру қызметіне жауапты болады.

Сапаны қамтамасыз етудің негізгі қағидаттары:

1) білім беру ұйымдарының білім беру сапасы мен сапасын қамтамасыз ету үшін жауапкершілігі;

2) білім беру ұйымдары мен аккредиттеу органдары қызметінің ашықтығы;

3) сапаны қамтамасыз ету нәтижелеріне қоғамның және барлық мүдделі тараптардың сенімі;

4) сапаны қамтамасыз етудің барлық деңгейлерінде сапа мәдениетін қалыптастыру және қолдау;

5) сапаны сыртқы қамтамасыз ету нәтижелерінің ұлттық дерекқорының жұмыс істеуі.

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту сапасын бағалау өлшемшарттары:

- қолданыстағы нормативтік актілерге сәйкес нормалар мен талаптарды сақтау;

- оқу бағдарламасының міндеттерін сапалы іске асыру;

- педагогтердің құзыреттілігінің жоғары деңгейі;

- ортаның қол жетімділігі және дамушы пәндік-кеңістік орта жағдайларына сәйкестігі;

- мектепке дейінгі ұйымның материалдық-техникалық жарақтандырылуы;

- балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету;

- ата-аналардың тәрбие мен оқыту процесіне қатысуы.

Оның барлық сатыларында орта білім беру сапасын қамтамасыз етудің басым бағыттары:

- білім алушылардың білім жетістіктерінің мониторингтеу;

- бағдарламалар мен оқулықтарды, оқу-әдістемелік әдебиеттерді жүйелі және салыстырмалы талдау;

- бастауыш, орта, жалпы орта білім беру мазмұнын жетілдіру;

- педагогтердің әлеуетін жетілдіру.

Білім беру жүйесіне түгелдей сәтті практикаларды тарату үшін Білім беру сапасын бағалаудың ұлттық жүйесін (бұдан әрі – БСБҰЖ) әрі қарай дамыту ұсынылады. Ондағы бағалаудың қолданыстағы тетіктерін жүйелеу және оны жақсартудың тиімді әдістерін айқындау талап етіледі.

Барлық деңгейдегі білім беру қызметтерінің сапасын бағалайтын ортақ тәсіл болуы маңызды, ішкі және сыртқы бағалау арасындағы айырмашылықты азайту, оқыту

процестері мен балалардың әлеуметтік дамуын интеграциялау қажет. Ол үшін білім беру процесінің барлық қатысушылары ортақ мақсатқа – адам әлеуетінің бәсекеге қабілеттілігін арттыруға қол жеткізу үшін жұмыла әрекет етуге тиіс.

Дереккөзіне, қолданыс аясы мен бағалау мақсатына қарай БСБҰЖ-ның құрылымдық элементтеріне ішкі және сыртқы, оның ішінде халықаралық бағалау жатады.

Сапаны қамтамасыз етудің тәуелсіз тетігі ретіндегі аккредитациялық орган БСБҰЖ-ның маңызды құрамдасы бола алады.

1-параграф. Сапаны ішкі қамтамасыз ету жүйесі

Ескерту. 1-параграфқа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 13.06.2024 № 465 қаулысымен.

Бала туғаннан бастап бес (алты) жасқа толғанға дейін тәрбиелеу мен оқыту отбасында, мектепке дейінгі ұйымдарда, балаларды дамыту орталықтарында жүзеге асырылады.

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту сапасын ішкі қамтамасыз етудің мақсаттары:

- баланың мектепке дейінгі ұйымда қауіпсіз болуы үшін жағдай жасау;
- балалардың толыққанды дамуы.

МТО деңгейінде мектепке дейінгі ұйымдар мен орта білім беру ұйымдарының мектепалды сыныптары үлгілік оқу бағдарламасын игеру сапасын, вариативтік және қосымша әдістемелер мен технологияларды әзірлеуді және қолдануды қамтамасыз етеді.

Ата-аналардың білім беру қызметтерін көрсету сапасына қанағаттануын анықтау сауалнама жүргізу арқылы жүзеге асырылады.

Мониторинг МТО МЖС-ның, мектепке дейінгі ұйымдар қызметінің үлгілік қағидаларының және олардың қызметін регламенттейтін басқа да нормативтік құқықтық құжаттардың талаптарын орындауды қамтамасыз ету мақсатында жүргізіледі.

Мониторинг барысында мектеп жасына дейінгі балалардың дамуына бақылау, балалардың жас ерекшеліктеріне сәйкес дағдылары мен машықтарының қалыптасуына бағалау жүргізіледі, кейін педагог жұмыс жоспарына түзетулер енгізеді. Қалыптасқан дағдылар мен машықтар баланың жеке даму картасында көрсетіледі.

Орта білім беру деңгейінде сапаны бағалаудың ішкі жүйесі МЖБС талаптарының, үлгілік оқу жоспарларының, бағдарламалардың және білім беру қызметін регламенттейтін басқа да нормативтік құқықтық құжаттардың орындалуын қамтамасыз ету мақсатында жүргізіледі. Білім алушының үлгерімін анықтаудың ішкі жүйесі формативті және жиынтық бағалаудан тұратын критериалды бағалауды және мектепшілік бақылауды (бұдан әрі – МІБ) қамтиды.

ЭЫДҰ сарапшылары өлшемшарттық бағалауға көшуді жалпы білім беру жүйесін жаңғырту жолындағы оң қадам ретінде бағалады. Оны жүйелеу және одан әрі дамыту процесі жалғасатын болады, сыныпта бағалаудың сапалы және объективті практикасы үшін мұғалімдерге қойылатын талаптар мен нұсқаулықтар жиынтығы белгіленетін бірыңғай тәсілдер әзірленіп, бекітілетін болады. Формативті бағалау қалыптастырушы, ынталандырушы және уәждеуші функцияларды орындайды, білім алушылар жетістіктерінің оқу бағдарламасына сәйкес оқу мақсаттарына сәйкестігін айқындайды.

Бөлім (бұдан әрі – БЖБ) және тоқсан (бұдан әрі – ТЖБ) үшін пәндер бойынша жиынтық бағалау бір оқу пәні бөлігінің немесе толық көлемінің мазмұнын оқу аяқталғаннан кейін және (немесе) белгілі бір оқу кезеңінде (тоқсан, оқу жылы) білім алушылардың оқу бағдарламасына сәйкес меңгеру сапасын бағалау мақсатында жүргізіледі.

Оқыту процесінің сапасын арттыру және білім алушыларда да, педагогтерде де бар проблемаларды зерделеу мақсатында оқыту процесін жақсартуға, педагогтің кәсіби өсуі мен дамуына, сондай-ақ білім алушылардың білім сапасын арттыруға бағытталған сабақтарды бақылауды, зерттеуді және талдауды қамтитын МІБ күшейтіледі.

МІБ білім беру ұйымында дербес реттелетін және шешілетін, білім беру ұйымының әкімшілігі мен уәкілетті тұлғалар жүзеге асыратын мәселелердің кең ауқымын қамтиды. Бірыңғай басқару процесінің элементі ретінде бақылауды жүйелі түрде ұсыну, білім беру процесінің жоғары сапасын қамтамасыз ету мақсаттарына негізделі отырып, оның мақсаттарын, функциялары мен міндеттерін, жоспарлауға, ұйымдастыруға және жүргізуге қойылатын талаптарды, бақылаудың нақты мазмұны мен формаларын тұжырымдауға мүмкіндік береді.

Осылайша, МІБ нәтижелері педагог қойған білім алушылардың білім жетістіктерін бағалаудың балалардың нақты алған білімі мен оқыту дәрежесіне сәйкестігін айқындауда маңызы зор болмақ. Мектептерде қорытынды аттестаттауды өткізу сапасын бақылау күшейтілетін болады.

2020 – 2021 оқу жылынан бастап білім алушылардың оқу жетістіктері халықаралық практикада қабылданған әріптік жүйеге сәйкес келетін 100 балдық шәкіл бойынша (оң бағалар, кемуіне қарай, "А"-дан "D"-ға дейін, "қанағаттанарлықсыз" - "F"-ке дейін), 4 балдық шәкіл бойынша тиісті цифрлық баламасымен бағаланады.

Балдық-рейтингтік әріптік жүйе бойынша білім алушылардың оқу жетістіктерін бағалау "Орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдары үшін білім алушылардың үлгеріміне ағымдағы бақылауды, аралық және қорытынды аттестаттауды жүргізудің үлгілік қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2008 жылғы 18 наурыздағы № 125 бұйрығы негізінде жүзеге асырылады.

Балдық-рейтингтік әріптік жүйе оқытудың барлық нысандарының техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру бағдарламалары бойынша білім алушылардың оқу жетістіктерін бағалау үшін қолданылады.

Бағаларды білім алушылардың оқу жетістіктерін бағалаудың балдық-рейтингтік әріптік жүйесіне ауыстыру техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру жүйесінде білім алушылардың оқу жетістіктерін бағалаудың балдық-рейтингтік әріптік жүйесін қолдану жөніндегі әдістемелік ұсынымдарға сәйкес жүзеге асырылады.

2-параграф. Сапаны сыртқы қамтамасыз ету жүйесі

Ескерту. 2-параграфқа өзгерістер енгізілді - ҚР Үкіметінің 13.06.2024 № 465; 25.04.2025 № 271 қаулыларымен.

Сапаны сыртқы қамтамасыз ету жүйесінің рәсімдері сапаны ішкі қамтамасыз ету процестерінің тиімділігін сыртқы бағалауға бағытталған, оның ішінде білім беру ұйымында қалыптасқан сапа мәдениетіне баға беріледі.

Сапаны сырттай қамтамасыз ету білім алушылардың білімін бағалауды, білім беру ұйымының және (немесе) олардың бағдарламаларының қызметін аккредиттеуді немесе бағалауды, мемлекеттік бақылауды және қоғамдық сенімді қамтиды.

МТО деңгейінде сыртқы бағалау мемлекеттік аттестаттау және ерікті институционалдық аккредиттеу арқылы тәуелсіз бағалауды қамтиды, оған соның ішінде ата-аналарға сауалнама жүргізу де кіреді.

Жүйелі негізде мемлекеттік аттестаттау өткізіледі, онда МТО МЖС, оқу жоспарларының, бағдарламалардың орындалуын, ұйымдардың біліктілік талаптарына сәйкестігін, тәрбиеленушілердің қауіпсіздігін қамтамасыз етуді, ата-аналардың қызмет көрсету сапасына қанағаттануын бақылау қамтамасыз етіледі.

МТО ұйымдарының мектепке дейінгі ұйымды ашу кезінде балалардың болу қауіпсіздігі мен сапасын қамтамасыз ету үшін ең төменгі талаптарға сәйкестігін бақылау мәселесі пысықталатын болады.

Ерікті институционалдық аккредиттеу қызметтер көрсетудің жоғары деңгейін қамтамасыз етуге және мәлімдеуге мүмкіндік береді. Мектепке дейінгі мекемелерді аккредиттеуді тәуелсіз ұлттық немесе халықаралық аккредиттеу ұйымдары өткізеді. Аттестаттау және аккредиттеу танылған стандарттар мен регламенттер негізінде басты үш бағыт: білім беру ортасын ұйымдастырудың сапасы, педагогикалық процестің сапасы, нәтиже сапасы бойынша іске асырылады.

Педагогтердің дайындық деңгейін, ересектердің балалармен жұмыс істеуге рұқсат берілуін және балалардың ерте дамуы үшін жасалған жағдайды айқындайтын мектепке дейінгі білім берудің сапасына кепілдік беру жүйесі құрылады.

Осылайша, мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту сапасын тәуелсіз ұлттық бағалаудың кешенді жүйесі қалыптасады.

Орта білім беру деңгейінде сапаны қамтамасыз етудің сыртқы жүйесі ББЖМ-ны, білім беру ұйымдарын мемлекеттік аттестаттауды, халықаралық салыстырмалы зерттеулерге қатысуды, сондай-ақ ерікті негізде аккредиттеуден өтуді қамтиды.

4-ші және 9-сыныптың білім алушылары үшін ББЖМ өткізу білім алушылардың оқу бағдарламасын меңгеруі мен функционалдық сауаттылығының деңгейін айқындауға мүмкіндік береді. Сондай-ақ білім беру сапасының ұлттық және халықаралық зерттеулерінде оқушылардың неғұрлым жоғары нәтижелерге қол жеткізуі бойынша шараларды іске асыруды қамтамасыз ету үшін ББЖМ рәсімін сертификатталған орталық аккредиттейтін болады. Осылайша, ББЖМ білім сапасын бағалаудың ұлттық құралы ретінде танылатын болады. Жаңартылған ББЖМ-ны Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайтын ұлттық үйлестіруші тәуелсіз сарапшыларды тарта отырып жүргізеді. ББЖМ қорытындысы бойынша нақты және атаулы қолдау шараларын қабылдау үшін өңірлер бөлінісінде төмен нәтиже көрсеткен нысаналы мектептер айқындалады.

ББЖМ нәтижелері бойынша кешенді талдау жүргізіледі, Ы. Алтынсарин атындағы ұлттық білім академиясы әдістемелік кабинеттермен бірлесіп білім беру сапасын жақсарту бойынша ұсынымдар әзірлеп, білім беру ұйымдарына әдіснамалық көмек көрсететін болады. Нысаналы мектептерге өзінің нәтижелерін өзгерту үшін түбегейлі шаралар қолдану қажет болады. Сондықтан, оларға білім сапасын арттыруға бір жылдан үш жылға дейін мерзім белгіленеді. Мұндай мектептің педагогтері пән, әдіснама мен оқыту технологиясы, балалар психологиясы мен жас ерекшеліктерін білуі бойынша тестілеуден өтеді.

Сондай-ақ мұғалімдердің сабақтарына қатысу мен сауалнама ұйымдастырылады. Бұл шаралар педагогтер ұжымында біліктілікті арттырудың қажеттілігін анықтау үшін қажет.

Мемлекеттік аттестаттау білім беру ұйымына барусыз профилактикалық бақылау түрінде өткізілетін болады. Оның негізгі компоненттері – білім беру ұйымдарының білім беру қызметін өзін-өзі бағалау, білім алушылардың білімі, іскерлігі мен дағдыларының кесінділері болып табылады.

Қазақстандық білім алушылардың PISA, TIMSS, PIRLS, ICILS халықаралық салыстырмалы зерттеулеріне қатысуы жалғасады. Жекелеген мектептерді объективті және тәуелсіз бағалау үшін қазақстандық білім алушылар жыл сайын PISA-based Test For Schools-қа қатысады.

Білім беру ұйымдары халықаралық аккредиттеуден өте алады.

Лицензиялау – сапалы білім алудың мемлекеттік кепілдіктерін қамтамасыз ету нысандарының бірі. Меншік нысанына, ведомстволық бағыныстылығына қарамастан барлық мектептер лицензиялауға жатады. Білім беру қызметі басталғанға дейін мектептер лицензия алуы керек. Жекеменшік мектептер де мемлекеттік мектептер сияқты заңнаманың талаптарын сақтауға, сапалы білім беруге, өрт қауіпсіздігіне

тексеру құжатының, медициналық пункттің, тамақтану объектісінің, кітапхана қорының болуын, оқу кабинеттері мен зертханалардың жарақтандырылуын, біліктілік санаттары бар педагогтермен жасақталуын және балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз етуге тиіс. Білім алушылардың қауіпсіздігін қамтамасыз етуге қойылатын талаптармен толықтыру бөлігінде білім беру қызметін лицензиялауды қайта қарау жоспарлануда.

ТжКБ деңгейінде сапаны қамтамасыз етудің сыртқы жүйесі білім беру ұйымдарын мемлекеттік аттестаттауды, ББЖМ-ды, ТжКБ ұйымдарының рейтингісін, сондай-ақ ерікті негізде аккредиттеуді қамтиды.

Мемлекеттік аттестаттау білім беру ұйымдары үшін білім беру сапасын арттыруды ынталандырады, проблемаларды өздігінен анықтауға және оларды өзін-өзі бағалау құралы арқылы шешуге ықпал ететін болады.

Мемлекеттік аттестаттау білім беру қызметін өзін-өзі бағалау материалдарын, білім алушылардың білімі, іскерлігі мен дағдыларының кесінділерін талдау негізінде, білім беру ұйымына барусыз профилактикалық бақылау түрінде өткізілетін болады. Бұл ретте бюджет қаражатын, МТБ және педагог кадрларды ТжКБ-ның бір бейінді ұйымында шоғырландыруға мүмкіндік беретін ТжКБ ұйымдарын бейіндеу жалғасатын болады.

ББЖМ жалпы білім беретін пәндерді және (немесе) кәсіптік модульдерді немесе жалпы кәсіптік, арнайы пәндерді игеру деңгейін бағалау мақсатында жүргізілетін болады.

Мамандықтар бойынша лицензиялауға көшу жүзеге асырылады, бұл ТжКБ бар кадрларды даярлау және жұмыс берушілердің талаптарына жедел ден қою жөніндегі мүмкіндіктерді едәуір кеңейтеді.

ТжКБ ұйымдарының қызметін бағалау, қосымша ынталандыру құралын құру және ТжКБ жүйесінде көрсетілетін білім беру қызметтерінің сапасын арттыру мақсатында ТжКБ ұйымдарының рейтингін өткізу бойынша жұмыс жалғастырылатын болады. Рейтинг ТжКБ ұйымдары қызметінің сапасы, педагогтердің сапалық құрамы, контингенттің қозғалысы, түлектерді жұмысқа орналастыру, бизнес-қоғамдастықпен іс-қимыл жасау, WorldSkills жобаларына қатысу сияқты негізгі көрсеткіштер және басқалар бойынша жүргізілетін болады. Нәтижесінде білім беру сапасын арттыруға бағытталған басқарушылық шешімдер қабылдау үшін негіз болатын ТжКБ ұйымдары арасында бәсекелестік күшейеді.

Халықаралық талаптарды ескере отырып, ТжКБ ұйымдарының қызметін бағалау өлшемшарттары Турин процесінің талдау нәтижелері негізінде жүзеге асырылатын болады.

Біліктілікті тану жүйесі арқылы түлектерді оқыту нәтижелерін тәуелсіз бағалау ТжКБ сапасын қамтамасыз ету жүйесінің құрамдас бөлігі болады. Бұл ретте

колледждердің кадрларды даярлаудағы жауапкершілігі түлектердің реттелетін кәсіптер бойынша біліктіліктерін тану арқылы арта түседі. Техникалық және кәсіптік білім беретін реттелетін кәсіптер тізбесін өзектілендіру қажет.

ТЖКБ ұйымдарының білім беру бағдарламаларының халықаралық кәсіби және (немесе) салалық талаптарына (стандарттарына) сәйкестігін бағалау рәсімінен ерікті негізде өтуге құқығы бар.

ТЖКБ деңгейінде WorldSkills тәсілі бойынша студенттерді қорытынды бағалаудың жаңа жүйесі енгізілетін болады. WorldSkills талаптары (стандарттары) бойынша нақты қызметтер мен өндірістік процестерді модельдеу жағдайында түлектердің практикалық дағдыларын, білім деңгейі мен құзыреттерін көрсету және тәуелсіз сараптамалық бағалау рәсімін көздейтін демонстрациялық емтихан біліктілік емтиханының бір нысаны болып табылады.

Демонстрациялық емтиханнан өткен түлектер әртүрлі құзыреттерді меңгеру деңгейін көрсететін баға алады, ол әлеуетті жұмыс берушілер арасында жоғары бағаланады және тиісінше түлектердің бәсекеге қабілеттілігін арттырады.

Білім беру сапасын басқару білім беру саласындағы бірыңғай мемлекеттік саясатты іске асыруға бағытталған, сондай-ақ мемлекеттік және институционалдық құрылымдарды, білім беру ұйымдарының қауымдастықтарын қамтиды.

Білім беру сапасын басқару білім беру мониторингінің нәтижелері, білім беру жүйесінің жағдайы мен дамуы туралы жыл сайынғы Ұлттық баяндама, халықаралық салыстырмалы зерттеулер (PISA, PISA-based Test for Schools, TIMSS, PIRLS, ICILS, TALIS), мемлекеттік бақылау, ұлттық және халықаралық рейтингтер, білім беру ұйымдарын және білім беру бағдарламаларын аккредиттеу негізінде білім берудің барлық деңгейлерінде басқарушылық шешімдер қабылдау арқылы жүзеге асырылады.

Әлемнің көптеген елдерінің тәжірибесі бойынша білім беру сапасын мониторингілеу мен бағалаудың барлық құралдарын жүйелендіретін, білім беруді бағалау мен мониторингтеудің ұлттық негіздемесі әзірленетін болады.

Ұлттық негіздеме түпкілікті мақсатқа – білім алушылардың үлгерімін арттыруға қол жеткізу үшін бағалау рәсімдері арасында синергия құру арқылы мақсатты айқындайды.

Ұлттық негіздеме білім алушылар, білім беру ұйымдары, педагогтер және жалпы алғанда білім беру жүйесі деңгейінде бағалау және мониторинг процестерінің реттілігін анықтайды.

Бұл шаралар білім алушылардың білімінің, іскерлігінің, дағдыларының, құндылық көзқарастары мен құзыреттерінің қоғам тілектері мен талаптарына сәйкестігін, сондай-ақ білім берудің әлемдік стандарттарына ықпалдасуын қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

Білім беру ұйымдарында білім беру процесіне қатысушылардың білім сапасы мен оны үздіксіз жетілдіруге бағытталуы бойынша құндылығы мен сенімін көрсететін сапа

мәдениеті дамытылатын болады. Білім беру ұйымдарының цифрлық экожүйесін жаңғырту және шешім қабылдаудың барлық деңгейлерінде педагогтер мен білім алушыларды тарту арқылы білім беру сапасының мәдениетін дамыту жүзеге асырылатын болады, бұл ҰБДҚ-мен интеграцияланған білім беру ұйымдарының ақпараттық жүйелерінің ашықтығы мен қолжетімділігіне негізделеді.

Мектепте ұзақ мерзімді жоспарлау мәдениеті дамиды, оны Дамыту бағдарламасы оның маңызды құрамдас бөлігі болады. Ол басқару жүйесін жақсарту, педагогтерді мектепті басқаруға қатыстыру, тиімділіктің негізгі көрсеткіштеріне қол жеткізу шараларын қамтиды. Бағдарламада педагогтерді кәсіптік оқыту, инфрақұрылымды жаңғырту, сапалы білім беру мен оқыту, сондай-ақ мектеп пен қоғамдастық арасындағы байланыс та көзделетін болады.

Білім беру сапасын арттыру үшін тірек және магниттік білім беру ұйымдарын, білім беру округтерін құру мәселесі пысықталатын болады.

Сондай-ақ білім беру саласы үшін икемді қаржылық модель әзірлеу жоспарлануда. Онда білім беру ұйымдарының қажеттіліктеріне қарай қаржыландыруды қамтамасыз ететін сараланған бюджет қамтылады, сондай-ақ білім беру басымдықтарындағы өзгерістерге неғұрлым икемді ден қою үшін қаражатты бөлу кезінде дербестілік берілетін болады. Бұл ретте мемлекеттік мектептердің материалдық-техникалық базасын (жапсарлас құрылыс, күрделі және ағымдағы жөндеу) күтіп-ұстауға жұмсалатын шығыстар жергілікті бюджет қаражаты есебінен қаржыландырылатын болады.

3-параграф. Сапа мәдениетін және академиялық адалдықты қалыптастыру

Ескерту. 3-параграфқа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 13.06.2024 № 465 қаулысымен.

Білім беру ұйымдарында әрбір педагог (тәрбиеші, мұғалім, оқытушы), әрбір білім алушы, әкімшілік персонал түсінетін және қабылдайтын сапа мәдениеті қалыптастырылатын болады.

Білім беру ұйымы қызметінің барлық кезеңдері мен процестерінде сапаны қамтамасыз ету арқылы сапа мәдениетін үздіксіз жетілдіруге қол жеткізуге болады. Академиялық адалдық мәдениеті сапа мәдениетінің ажырамас компоненті болады. Білім берудің барлық деңгейлерінде академиялық адалдық саясаты әзірленеді, оны бұзғаны үшін білім алушылардың, педагогтердің, оқу орындарының әкімшілігі мен процеске басқа да қатысушылардың жауапкершілігі айқындалады.

Білім беру ұйымдарының негізгі міндеті – білім алушылардың академиялық адалдық пен білім беру процесіндегі мінез-құлық қағидаттарын түсінуін қалыптастыру, олардың бойында бағаланатын және бағаланбайтын қызмет түрлерін орындауда айқындалатын адалдық пен оқыту үшін жауапкершілікті дамыту; жазбаша жұмысты орындау (қалыптастырушы бағалау, БЖБ, ТЖБ), емтихандарға жауап беру, зерттеу

жүргізу, өз ұстанымын білдіру, оқытушылармен және басқа білім алушылармен қарым-қатынас жасау кезінде білім алушылар мен педагогтер және оларға теңестірілген адамдар арасындағы ашықтық, анықтық, өзара сенімділік, ақпарат пен идеялардың ашық алмасуы.

Академиялық адалдық қағидаттарын сақтау білім беру процесіне қатысушылардың барлығында жеке парасаттылық пен оқу үшін жауапкершілікті дамытады.

Электрондық журнал арқылы жиналатын деректер негізінде "ақылды талдау" қағидаттарын қолдана отырып, ағымдағы бағалау туралы көпдеңгейлі есеп беру жүйесін әзірлеу жоспарлануда. Бұл нақты уақыт режимінде білім сапасының түрлі деңгейлерде прогресін қадағалауға, мектепішілік және сыртқы тәуелсіз бағалау нәтижелерін салыстырып тексеруге, заңдылықтарды анықтап, осы деректер негізінде білім берудің одан кейінгі саясатын қалыптастыруға мүмкіндік береді.

Цифрлық технологиялар мен жасанды интеллект мүмкіндіктерін пайдалану, ең алдымен, әр оқушының, мұғалімнің және ұйымның қажеттіліктерін ескере отырып, сапалы контентті, дербестендірілген оқыту мен бағалауға жағдай жасауға, білім беру процесін жетілдіруге бағытталатын болады. Жасанды интеллект деректерді талдау және болжау негізінде білім беру ұйымдарын тиімді басқару үшін қолданылатын болады.

6-бөлім. Нысаналы индикаторлар және күтілетін нәтижелер

Ескерту. 6-бөлімге өзгерістер енгізілді - ҚР Үкіметінің 13.06.2024 № 465; 25.04.2025 № 271; 12.08.2026 № 714 қаулыларымен.

Нысаналы индикаторлар:

1) 2 жастан 6 жасқа дейінгі балаларды сапалы мектепке дейінгі тәрбиемен және оқытумен қамту (2023 жыл – 90,2 %, 2024 жыл – 92,5 %, 2025 жыл – 95 %, 2026 жыл – 97,5 %, 2027 жыл – 99 %, 2028 жыл – 100 %, 2029 жыл – 100 %);

2) меншік нысанына қарамастан тәрбие мен оқыту сапасын бағалау өлшемшарттарына сәйкес келетін мектепке дейінгі ұйымдардың үлесі (2023 жыл – 20 %, 2024 жыл – 50 %, 2025 жыл – 75 %, 2026 жыл – 100 %, 2027 жыл – 100 %, 2028 жыл – 100 %, 2029 жыл – 100 %);

3) ауыз судың базалық көздерімен, бөлек ең аз жабдықталған дәретханалармен және қол жууға арналған базалық құралдармен қамтамасыз етілген мектепке дейінгі ұйымдардың үлесі (2023 жыл – 83,5 %, 2024 жыл – 94 %, 2025 жыл – 97 %, 2026 жыл – 100 %, 2027 жыл – 100 %, 2028 жыл – 100 %, 2029 жыл – 100 %);

4) PISA тестінің нәтижелері бойынша мектептегі білім сапасын бағалау (математика бойынша орташа балл: PISA-2022 – 425 (2-деңгей), PISA-2025 – 433 (2-деңгей), PISA-2029 – 445 (2-деңгей); оқылым бойынша орташа балл: PISA-2022 – 386 (1а деңгейі),

PISA-2025 – 393 (1а деңгейі), PISA-2029 – 406 (1а деңгейі); жаратылыстану бойынша орташа балл: PISA-2022 – 423 (2-деңгей), PISA-2025 – 430 (2-деңгей), PISA-2029 – 445 (2-деңгей);

5) PISA халықаралық зерттеуі нәтижелері бойынша функционалдық сауаттылықтың шекті деңгейінен өткен ауылдық білім алушылардың үлесі (PISA-2025: математика – 45 %, оқылым – 25 %, жаратылыстану – 47 %; PISA-2029: математика – 46 %, оқылым – 26 %, жаратылыстану – 48 %);

6) PISA халықаралық зерттеуі нәтижелері бойынша функционалдық сауаттылықтың шекті деңгейінен өткен білім алушылардың үлесі (PISA-2025: математика – 54 %, оқылым – 38 %, жаратылыстану – 56 %; PISA-2029: математика – 57 %, оқылым – 40 %, жаратылыстану – 57 %);

7) толық жинақты мектептердің жалпы санынан жан басына шаққандағы қаржыландыруға көшкен мемлекеттік күндізгі жалпы білім беретін мектептердің үлесі (2023 жыл – 38 %, 2024 жыл – 40,5 %, 2025 жыл – 45,9 %, 2026 жыл – 94,2 %, 2027 жыл – 96,2 %, 2028 жыл – 96,2 %, 2029 жыл – 96,2 %);

8) даму мүмкіндіктері шектеулі балаларды арнайы психологиялық-педагогикалық қолдаумен және ерте түзетумен қамту (2023 жыл – 73 %, 2024 жыл – 85 %, 2025 жыл – 90 %, 2026 жыл – 95 %, 2027 жыл – 100 %, 2028 жыл – 100 %, 2029 жыл – 100 %);

9) инклюзивті білім беру үшін жағдай жасаған білім беру ұйымдарының үлесі (мектепке дейінгі ұйымдарда: 2023 жыл – 40 %, 2024 жыл – 60 %, 2025 жыл – 80 %, 2026 жыл – 100 %, 2027 жыл – 100 %, 2028 жыл – 100 %, 2029 жыл – 100 %, орта білім беру ұйымдарында: 2023 жыл – 80 %, 2024 жыл – 90 %, 2025 жыл – 95 %, 2026 жыл – 100 %, 2027 жыл – 100 %, 2028 жыл – 100 %, 2029 жыл – 100 %, ТЖКБ ұйымдарында: 2023 жыл – 70 %, 2024 жыл – 80 %, 2025 жыл – 90 %, 2026 жыл – 100 %, 2027 жыл – 100 %, 2028 жыл – 100 %, 2029 жыл – 100 %);

10) жоғары жылдамдықты Интернетпен қамтамасыз етілген мектептердің үлесі (2023 жыл – 55 %, 2024 жыл – 80 %, 2025 жыл – 90 %, 2026 жыл – 100 %, 2027 жыл – 100 %, 2028 жыл – 100 %, 2029 жыл – 100 %);

11) пайдалануға берілген жаңа оқушы орындарының саны (2023 жыл – 137000, 2024 жыл – 535000, 2025 жыл – 329000; 2026 жыл – 160000, 2027 жыл – 160000, 2028 жыл – 160000, 2029 жыл – 160000);

12) физика, химия, биология, робототехника, STEM пәндік кабинеттерімен қамтамасыз етілген негізгі және орта мектептердің үлесі (2023 жыл – 75 %, 2024 жыл – 80 %, 2025 жыл – 90 %, 2026 жыл – 93 %, 2027 жыл – 95 %, 2028 жыл – 97 %, 2029 жыл – 100 %);

13) базалық ауыз су көздерімен, ең аз жабдықталған бөлек дәретханалармен және қол жууға арналған базалық құралдармен қамтамасыз етілген мектептердің үлесі (2023 жыл – 92,5 %, 2024 жыл – 96 %, 2025 жыл – 100 %, 2026 жыл – 100 %, 2027 жыл – 100 %, 2028 жыл – 100 %, 2029 жыл – 100 %);

13-1) тірек білім беру ұйымдарының әлеуетін дамыту жөніндегі жоба шеңберінде әдістемелік қолдаумен қамтылған мемлекеттік жалпы білім беретін мектептердің үлесі (2025 жыл – 2,6 %, 2026 жыл – 3,9 %, 2027 жыл – 6,5 %, 2028 жыл – 10,5 %, 2029 жыл – 14 %);

13-2) тірек білім беру ұйымдарына бекітілген шағын жинақты мектептердің үлесі (2025 жыл – 5 %, 2026 жыл – 15 %, 2027 жыл – 25 %, 2028 жыл – 35 %, 2029 жыл – 45 %);

14) ТжКБ оқу орындарын бітіргеннен кейінгі бірінші жылы жұмысқа орналасқан түлектердің үлесі (2023 жыл – 70 %, 2024 жыл – 79 %, 2025 жыл – 81 %, 2026 жыл – 83 %, 2027 жыл – 85 %, 2028 жыл – 87 %, 2029 жыл – 89 %);

15) жастарды талап етілетін мамандықтар бойынша колледждерде тегін оқытумен қамту (9-сынып бітірушілері) (2023 жыл – 80 %, 2024 жыл – 90 %, 2025 жыл – 100 %, 2026 жыл – 100 %, 2027 жыл – 100 %, 2028 жыл – 100 %, 2029 жыл – 100 %);

15-1) енгізілген жатақхана төсек-орындарының саны (2026 жыл – 1500 орын, 2027 жыл – 2000 орын, 2028 жыл – 2000 орын, 2029 жыл – 2000 орын);

16) уальды оқытумен қамтылған, мемлекеттік тапсырыс бойынша білім алатын техникалық және кәсіптік білім беру студенттерінің үлесі (2023 жыл – 25 %, 2024 жыл – 28 %, 2025 жыл – 35 %, 2026 жыл – 38 %, 2027 жыл – 39 %, 2028 жыл – 39,5 %, 2029 жыл – 40 %);

17) ТжКБ ұйымдарының оқу процесіне WorldSkills бағалау жүйесін енгізген колледждердің үлесі (2023 жыл – 60 %, 2024 жыл – 80 %, 2025 жыл – 100 %, 2026 жыл – 100 %, 2027 жыл – 100 %, 2028 жыл – 100 %, 2029 жыл – 100 %);

18) халықаралық салалық талаптарға (стандарттарға) сәйкес құрылған құзыреттер орталықтарының саны (2024 жыл – 8 бірлік, 2025 жыл – 9 бірлік, 2026 жыл – 8 бірлік);

19) балалардың құқықтық қорғалу деңгейі (2023 жыл – 87 %, 2024 жыл – 89 %, 2025 жыл – 91 %, 2026 жыл – 93 %, 2027 жыл – 94 %, 2028 жыл – 95 %, 2029 жыл – 96 %);

20) жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған ұйымдар тәрбиеленушілерінің аталған санаттағы балалардың жалпы санындағы үлесі (2023 жыл – 16,4 %, 2024 жыл – 17,0 %, 2025 жыл – 16,5 %, 2026 жыл – 16,0 %, 2027 жыл – 15,5 %, 2028 жыл – 15,0 %, 2029 жыл – 14,5 %);

21) терроризмге қарсы қауіпсіздік талаптарына сәйкес балаларды кешенді қорғауды қамтамасыз еткен білім беру ұйымдарының үлесі (2023 жыл – 90 %, 2024 жыл – 100 %, 2025 жыл – 100 %, 2026 жыл – 100 %, 2027 жыл – 100 %, 2028 жыл – 100 %, 2029 жыл – 100 %);

22) азаматтық және патриоттық деңгейін арттыру мақсатында ұйымдастырылған қоғамдық қызметке, оның ішінде білім алушылардың өзін-өзі басқаруы және дебаттық қозғалыс арқылы тартылған білім алушылардың үлесі (2023 жыл – 35 %, 2024 жыл – 40 %, 2025 жыл – 45 %, 2026 жыл – 50 %, 2027 жыл – 55 %, 2028 жыл – 60 %, 2029 жыл – 65 %);

23) балаларды қосымша білім берумен қамту (2023 жыл – 81,1 %, 2024 жыл – 86,3 %, 2025 жыл – 90 %, 2026 жыл – 95 %, 2027 жыл – 100 %, 2028 жыл – 100 %, 2029 жыл – 100 %);

24) спортпен айналысу үшін жағдай (спорт залдары және спорттық мүкәммалдар) жасаған ЖАО-ға ведомстволық бағынысты күндізгі мемлекеттік жалпы білім беретін орта білім беру ұйымдарының үлесі (2023 жыл – 92 %, 2024 жыл – 95 %, 2025 жыл – 97 %, 2026 жыл – 100 %, 2027 жыл – 100 %, 2028 жыл – 100 %, 2029 жыл – 100 %);

25) мектепке дейінгі ұйымдардың басшылары, әдіскерлері, тәрбиешілерінің жалпы санынан бейінді білімі бар педагогтердің үлесі (2023 жыл – 78 %, 2024 жыл – 81 %, 2025 жыл – 84 %, 2026 жыл – 87 %, 2027 жыл – 88,2 %, 2028 жыл – 90 %, 2029 жыл – 92 %);

26) орта білім беру ұйымдары педагогтерінің жалпы санынан педагог-шебердің, педагог-зерттеушінің, педагог-сарапшының және педагог-модератордың біліктілік деңгейі бар педагогтердің үлесі (2023 жыл – 65 %, 2024 жыл – 70 %, 2025 жыл – 75 %, 2026 жыл – 80 %, 2027 жыл – 84 %, 2028 жыл – 87 %, 2029 жыл – 90 %);

27) алып тасталды - ҚР Үкіметінің 13.06.2024 № 465 қаулысымен;

28) мемлекеттік ТЖКБ ұйымдарының арнайы пәндер оқытушылары мен өндірістік оқыту шеберлерінің жалпы санынан өндірістен тартылған мамандардың үлесі (2023 жыл – 8,5 %, 2024 жыл – 10 %, 2025 жыл – 11,4 %, 2026 жыл – 12 %, 2027 жыл – 13 %, 2028 жыл – 14 %, 2029 жыл – 15 %);

29) аттестаттауға жататын білім беру ұйымдарының санынан мемлекеттік аттестаттау рәсімінен өткен білім беру ұйымдарының үлесі (2023 жыл – 35 %, 2024 жыл – 65 %, 2025 жыл – 85 %, 2026 жыл – 100 %, 2027 жыл – 20 %, 2028 жыл – 40 %, 2029 жыл – 60 %).

2030 жылға қарай күтілетін негізгі нәтижелер:

1. 2 жастан 6 жасқа дейінгі балалардың сапалы тәрбие мен оқытуға тең қолжетімділігі.

2. Халықаралық салыстырмалы зерттеулердің нәтижелеріне сәйкес қала мен ауыл арасындағы алшақтықты 1,5 есе қысқарту.

3. Үш ауысымды және авариялық мектептерді, оқушы орындарының тапшылығын жою.

4. Әрбір білім алушыға оның шығармашылық, зияткерлік және дене әлеуетін дамыту үшін жағдайлар жасалған.

5. ТЖКБ ұйымдары түлектерінің 89 %-ы еңбек нарығында сұранысқа ие.

Қазақстан Республикасында
мектепке дейінгі, орта,
техникалық және кәсіптік білім
беруді дамытудың 2023 – 2029
жылдарға арналған
тұжырымдамасына қосымша

Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік білім беруді дамытудың 2023 – 2029 жылдарға арналған тұжырымдамасын іске асыру жөніндегі іс-қимыл жоспары

Ескерту. Іс-қимыл жоспары жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 13.06.2024 № 465 қаулысымен; өзгерістер енгізілді - ҚР Үкіметінің 25.04.2025 № 271; 12.08.2026 № 714 қаулыларымен.

Р/с №	Реформалардың/ негізгі іс-шаралардың атауы	Аяқталу нысаны	Орындалу мерзімі	Жауапты орындаушылар
1	2	3	4	5
1-тарау. Балабақша – жайлылық пен даму мекені				
Нысаналы 1-индикатор				
2 жастан 6 жасқа дейінгі балаларды сапалы мектепке дейінгі тәрбиемен және оқытумен қамту (2023 жыл – 90,2 %, 2024 жыл – 92,5 %, 2025 жыл – 95 %, 2026 жыл – 97,5 %, 2027 жыл – 99 %, 2028 жыл – 100 %, 2029 жыл – 100 %)				
1.	ҰБДҚ ақпараттық жүйесінің есепке алудың, кезектіліктің және жолдамаларды берудің бірыңғай базасында мектепке дейінгі ұйымдарға кезекке қою және тіркеу жөніндегі мемлекеттік көрсетілетін қызметтерді ұсыну	Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің бұйрығы	2023 – 2024 жылдардағы шілде, желтоқсан	ОМ, ЦДИАӨМ, ЖАО
2.	Білім беру қызметтерін алушылар бойынша дербестендірілген қаржыландыруды ("Бала үшін ақша" қағидаты) ескере отырып, мектепке дейінгі ұйымдарда мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастыру	Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің бұйрығы	2025 жылғы желтоқсан	ОМ
	Мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастыру, мемлекеттік және жекеменшік МДҰ-ның қолданыстағы			

3.	желісін, оның ішінде тұрғын үй кешендерінің бірінші қабаттарындағы қосымша алаңдарды пайдалану арқылы кеңейту есебінен мектепке дейінгі ұйымдар желісін кеңейту	ОМ-ге есеп	2023 – 2029 жылдардағы желтоқсан	ЖАО
4.	Мектепке дейінгі ұйымдарда санитариялық-эпидемиологиялық талаптарға, өртке қарсы және терроризмге қарсы қауіпсіздік талаптарына сәйкес қауіпсіз білім беру ортасын құру	"Хабарламалар нысандарын және Мемлекеттік органдардың хабарламаларды қабылдау қағидаларын бекіту туралы, сондай-ақ хабарламаларды қабылдауды жүзеге асыратын мемлекеттік органдарды айқындау туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2015 жылғы 6 қаңтардағы № 4 бұйрығына толықтырулар енгізу	2023 жылғы қараша	ОМ, ҰЭМ
5.	Мектепке дейінгі тәрбиемен және оқытумен қамтылмаған балалардың ата-аналарына арналған консультациялық пункттер желісін кеңейту және қызметін жетілдіру	ОМ-ге есеп	2023 – 2029 жылдардағы желтоқсан	ЖАО
6.	Ірі ұйымдардың жанынан ведомстволық (корпоративтік) мектепке дейінгі	Қазақстан Республикасы	2024 жылғы желтоқсан	ОМ, ИМ, ТЖМ, Қорғанысмині, ЭМ, ӨҚМ, Еңбекмині, ЖАО, МҚІА (келісу бойынша), "Қазатомөнеркәсіп" ұлттық атом компаниясы" АҚ (

	ұйымдарды құру мәселесін пысықтау	Үкіметінің Аппаратына ұсыныстар		келісу бойынша), "Қазақстан темір жолы" ұлттық компаниясы" АҚ (келісу бойынша)
7.	Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасының мазмұнын балалардың меңгеруі бойынша мониторинг жүргізу (бастапқы, аралық және қорытынды) жөніндегі әдістемелік ұсынымдарды әзірлеу	әдістемелік ұсынымдар	2023 жылғы сәуір	ОМ, "Балаларды ерте дамыту институты" РММ (келісу бойынша)
8.	Мектепте оқу үшін мектепалды топ/сынып балаларының дайындық деңгейін айқындау бойынша мониторинг жүргізу (бастауыш, аралық және қорытынды)	ОМ-ге есеп	2023 – 2029 жылдардағы желтоқсан	ЖАО, "Балаларды ерте дамыту институты" РММ (келісу бойынша)
9.	Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың және бастауыш білім берудің үлгілік оқу бағдарламаларын синхрондау	Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің бұйрығы	2024 жылғы тамыз	ОМ, Ы. Алтынсарин атындағы ҰБА (келісу бойынша), "Балаларды ерте дамыту институты" РММ (келісу бойынша)
10.	Мектепалды жасындағы баланың жеке даму картасын ҰБДҚ базасында цифрлық форматқа көшіру, кейін мектепке беру	баланың цифрлық жеке картасы, Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің бұйрығы	2024 жылғы тамыз	ОМ
11.	Мектепалды даярлықтан өтпеген; мектепке нашар дайындалған балаларды мектепке бейімдеу бағдарламасын әзірлеу және енгізу	вариативті курстың оқу бағдарламасы	2024 жылғы қыркүйек	ОМ, ЖАО, Ы. Алтынсарин атындағы ҰБА (келісу бойынша), "Балаларды ерте дамыту институты" РММ (келісу бойынша)

12.	Балаларды күту, дамыту мәселелері бойынша ата-аналардың хабардар болуы үшін консультациялық пункттерге арналған мобильді қосымшаны әзірлеу	мобильді қосымша, әдістемелік ұсынымдар	2024 жылғы желтоқсан	ОМ, "Балаларды ерте дамыту институты" РММ (келісу бойынша)
13.	"Тілге бойлау" бағдарламасын енгізу пилотын жүргізу	ОМ-ге талдамалық есеп	2024 жылғы қыркүйек – 2025 жылғы мамыр	"Балаларды ерте дамыту институты" РММ (келісу бойынша), ЖАО

Нысаналы 2-индикатор

Меншік нысанына қарамастан тәрбие мен оқыту сапасын бағалаудың өлшемшарттарына сәйкес келетін мектепке дейінгі ұйымдардың үлесі (2023 жыл – 20 %, 2024 жыл – 50 %, 2025 жыл – 75 %, 2026 жыл – 100 %, 2027 жыл – 100 %, 2028 жыл – 100 %, 2029 жыл – 100 %)

14.	МДҰ педагогтерінің біліктілігін арттыру курстарын өткізу және мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту сапасын бағалау өлшемшарттарын енгізуді әдістемелік сүйемелдеу	ОМ-ге есеп	2023 – 2029 жылдардағы желтоқсан	ЖАО, "Балаларды ерте дамыту институты" РММ (келісу бойынша), "Өрлеу" ұлттық біліктілікті арттыру орталығы" АҚ (келісу бойынша)
15.	Мектепке дейінгі білім беру сапасын тәуелсіз ұлттық бағалау жүйесін енгізу	Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің бұйрығы	2026 жылғы желтоқсан	ОМ, "Балаларды ерте дамыту институты" РММ (келісу бойынша)
16.	МДҰ - ны қаржыландырудың сараланған тәсілі жөніндегі мәселені пысықтау	Қазақстан Республикасы Үкіметінің Аппаратына ұсыныстар	2025 жылғы наурыз	ОМ, "Қаржы орталығы" АҚ (келісу бойынша)

Нысаналы 3-индикатор

Ауыз судың базалық көздерімен, бөлек, ең аз жабдықталған дәретханалармен және қол жууға арналған базалық құралдармен қамтамасыз етілген мектепке дейінгі ұйымдардың үлесі (2023 жыл – 83,5 %, 2024 жыл – 94 %, 2025 жыл – 97 %, 2026 жыл – 100 %, 2027 жыл – 100 %, 2028 жыл – 100 %, 2029 жыл – 100 %)

	Мектепке дейінгі ұйымдарды санитариялық қағидалар мен гигиеналық нормативтердің белгіленген талаптарына сәйкес қауіпсіз және			
--	--	--	--	--

17.	сапалы ауызсумен қамтамасыз ету. Тасып әкелінген сумен жұмыс істейтін объектілерде ауыз су қорын сақтауға арналған ыдыстар орнатылатын жеке үй-жай қарастыру	ОМ-ге есеп	2023 – 2029 жылдардағы желтоқсан	ЖАО
18.	Жобаланатын, салынатын және реконструкцияланатын кәріз жүйесі жоқ және ішінара кәріз жүйесіне қосылған жерлерде орналасқан МДҰ ғимаратында санитариялық тораптардың болуын қамтамасыз ету	ОМ-ге есеп	2023 – 2029 жылдардағы желтоқсан	ЖАО
2-тарау. Әр мектеп – үздік мектеп				
Нысаналы 4-индикатор PISA тестінің нәтижелері бойынша мектептегі білім сапасын бағалау (математика бойынша орташа балл: PISA-2022 – 425 (2-деңгей), PISA-2025 – 433 (2-деңгей), PISA-2029 – 445 (2-деңгей); оқылым бойынша орташа балл: PISA-2022 – 386 (1а деңгейі), PISA-2025 – 393 (1а деңгейі), PISA-2029 – 406 (1а деңгейі); жаратылыстану ғылымдары бойынша орташа балл: PISA-2022 – 423 (2-деңгей), PISA-2025 – 430 (2-деңгей), PISA-2029 – 445 (2-деңгей))				
Нысаналы 5-индикатор PISA халықаралық зерттеуі нәтижелері бойынша функционалдық сауаттылықтың шекті деңгейінен өткен ауылдық білім алушылардың үлесі (PISA-2025: математика – 45 %, оқылым – 25 %, жаратылыстану – 47 %; PISA-2029: математика – 46 %, оқылым – 26 %, жаратылыстану – 48 %)				
Нысаналы 6-индикатор PISA халықаралық зерттеуі нәтижелері бойынша функционалдық сауаттылықтың шекті деңгейінен өткен білім алушылардың үлесі (PISA-2025: математика – 54 %, оқылым – 38 %, жаратылыстану – 56 %, PISA-2029: математика – 57 %, оқылым – 40 %, жаратылыстану – 57 %)				
19.	Зерттеулер мен халықаралық тәсілдердің нәтижелері негізінде әр 5-7 жыл сайын стандартты және оқу бағдарламаларын қайта қарау (академиялық білімге баса назар аудару, мазмұнды дағдылар мен	Қазақстан Республикасы	2024 жылғы қыркүйек	ОМ, Ү. Алтынсарин атындағы ҰБА (келісу бойынша)

	кұзыреттерді дамытуға бағдарлау, STEM тәсілдері негізінде оқыту, тәрбиелік мәні бар компонентті күшейту, жасанды интеллект элементтерін интеграциялау)	Оқу-ағарту министрінің бұйрықтары		
20.	Жоғары сыныптарда оқу жоспарының вариативтік компонентін күшейту есебінен мектептердің академиялық дербестігін кеңейту	Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің бұйрығы	2026 жылғы қыркүйек	ОМ, ЖАО, Ы. Алтынсарин атындағы ҰБА (келісу бойынша)
21.	Оқулықтардың сапасын арттыру бойынша шаралар қабылдау (бастауыш білім беруге баламалы оқулықтар енгізу және т.б.)	Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің бұйрығы	2023 – 2026 жылдардағы желтоқсан	ОМ, ҰЭМ, "РҒПБМСО" ШЖҚ РМК (келісу бойынша)
22.	Орта білім беру ұйымдары үшін электрондық оқулықтар мен ОӘК, сондай-ақ арнайы білім беру ұйымдары үшін оқу басылымдарын кезең-кезеңімен әзірлеу, сараптау және енгізу	Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің бұйрығы	2023 – 2026 жылдардағы желтоқсан	ОМ, "РҒПБМСО" ШЖҚ РМК (келісу бойынша)
23.	Жоғары сыныптарда сағатты ұлғайту есебінен жаратылыстану-математикалық циклі мен ағылшын тілі пәндерін оқыту қарқынын күшейту және сапасын арттыру	Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің бұйрығы	2023 жылғы маусым	ОМ, ЖАО
24.	Пәндерді оқытудың инновациялық тәсілдерін енгізу, қажетті оқу материалдарын	қажетті оқу материалдарын	2023 жылғы қыркүйек	

	цифрлық форматқа көшіру	цифрлық форматқа көшіру		ОМ, ЦДИАӨМ, ЖАО
25.	Компьютерлері жоқ балаларға арналған ұйымдастыру техникасын жалға беру бағдарламасын іске қосу және әлеуметтік жағынан осал отбасылардан шыққан оқушылардың компьютерлерді өтеусіз негізде жалға алуына мүмкіндік беру	ОМ-ге ақпарат	2023 жылғы тамыз	ЦДИАӨМ, Еңбекмині, ЖАО
26.	Білім берудің барлық деңгейлерінде экологиялық білім беру сапасын арттыру тәсілдерін түбегейлі қайта қарау	есеп	2023 жылғы желтоқсан	ОМ, ЭТРМ, ҒЖБМ, МАМ, ЖАО
27.	"Оқуға құштар мектеп" жобасын іске асыру	ОМ-ге есеп	2023 – 2029 жылдардағы желтоқсан	ЖАО
28.	Әлеуметтік жағынан осал отбасылардан шыққан балаларға арналған "Цифрлық мұғалім" жобасын іске асыру	ОМ-ге есеп	2023 – 2025 жылдардағы желтоқсан	ЖАО
29.	Тапсырмалар базасын – оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамытуға бағытталған зерттеу, практикалық және шығармашылық тапсырмалар жинағын, оқулықтар мен құралдарды, математикалық тапсырмаларды орындау процестері туралы оқыту бейнересурстарын әзірлеу	тапсырмалар – жинақтар, оқулықтар мен оқу құралдары, оқыту бейнересурстары базасы	2024 жылғы тамыз	ОМ, Ы. Алтынсарин атындағы ҰБА (келісу бойынша), "Өрлеу" ұлттық біліктілікті арттыру орталығы" АҚ (келісу бойынша)

30.	Математикалық модельдеуге арналған зертханалық жұмыстар, виртуалды зертханалар, сұлбалар жинақтарын әзірлеу	зертханалық жұмыстар жинақтары, виртуалды зертханалар, математикалық модельдеуге арналған сұлбалар	2023 жылғы тамыз	ОМ, Ы. Алтынсарин атындағы ҰБА (келісу бойынша)
31.	"Мобильді мұғалім" (шағын жинақты, ауылдық мектептерде оқыту сапасын қолдау және арттыру), "Нәтижелілігі төмен мектептерге мықты мектептердің қамқорлығы" және "Қамқор жанұя" (оқушылардың елді мекендегі отбасында тұруы) жобаларын іске асыру	ОМ-ге есеп	2023 – 2028 жылдардағы желтоқсан	ЖАО
32.	Игеруде қиындықтар туғызатын тақырыптар бойынша білім алушыларға көмек көрсету (репетиторлық), оның ішінде онлайн-форматта көмек көрсету үшін педагогикалық жоғары оқу орындарының жоғары курс студенттерін тарту	ОМ-ге есеп	2023 – 2026 жылдардағы желтоқсан	ЖАО, ЖЖБҰ (келісу бойынша)
33.	Ауыл мұғалімдері үшін озық тәжірибені тарату, онлайн-платформалар мен цифрлық білім беру ресурстарын пайдалана отырып, еліміздің үздік педагогтерінің, "Үздік педагог" республикалық	ОМ-ге есеп	2023 – 2026 жылдардағы қараша	ЖАО

	конкурсы жеңімпаздарының мектеп оқушыларына консультациялар өткізуі			
34.	Мектептер жанындағы интернаттарды жаңғырту, ондағы тұру жағдайларын жақсарту	ОМ-ге есеп	2023 – 2026 жылдардағы желтоқсан	ЖАО
